

84.5код

С18

и

Кәкімбек
САЛЫҚОВ

ЖӨНІЛДІ- КҮЛКІ ҚЫЗДЫРАР

и

36708



Книга должна быть возвращена
не позже указанного здесь срока

Количество предыдущих выдач

23/Б - 47/Б

А.Алехин

Кәкімбек САЛЫҚОВ

Жөнілді
құлқы
қыздырар

«*Музыка*
Алматы
2002 *Музыка*»

84.5Kaz
ББК 84 Қаз 7-5
С92 С/8

К.САЛЫҚОВ. Көңілді-құлкі қыздыrap /Әзіл-
әлендер, т.б.,т.б./ - Алматы: "Үш Қиян", 2002. -
256-бет.

ISBN 9965-565-04-X

Бұл жинаққа автордың үзак жылдар
бойы жазылған әзіл әлендері кіріп отыр.
Лирикалық та, эпикалық та такырыптарға
терен толғанып қалам тартып жүрген
ақынның әзілге оранып, ойнақы
қызығылтықтығымен тараған әлендері аз
емес. Ал, бұл жолы ақын дені бүрын жарық
көрмеген туындыларын ұсынып отыр.

36708

С 4702250202
00(05)-01

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-565-04-X

012

© САЛЫҚОВ К. 2002

Осы еңбектің жарық көрүнег
демеушілік жасап, қалқорлық қорсеткен
қазақтың арыс азаматтары Кәңес
Ушбаевпен Жанат Жаубасовқа автор
жэне баста үзгымы тарапынан алғыс
блодіріледі.



«*Чын*
Алматы
Кишан»
2002

ЛИФТИДЕГІ СҰЛУ (Әзіл)

“Россия” қонақ үйі,
Тар лифт,
Этаждарга тасып жатыр бар биік.
Бір келіншек сәл сүйеніп тұр ұнсіз,
Бозбалалар кететіндей жан қып.

Қара көйлек,
Қара тордан тігілген.
Солай қарай үры көздер ұнілген.
Толқын дене тор ішінде ойнайды,
Ақ тұлқідей тал түбінде жүгірген.

Былқыл-сылқыл
Құлын дене тулайды,
Көз тұрмайды,
Жүрек басын улады.
Құралай көздер төңкеріліп кеткенде
Жұмыр жер де лифті ала зулайды.

Мөлдір нәзік
Ақ сәуледей ажары,
Қымсынады жас баладай жазалы.
Марал дерсің жардан қарғып өте алмай,
Көріп түрған дәлдеп келген казаны.

Сәл бұрылып,
Кетер жер жоқ кейінге,
Мен ажалың қуып жеткен дейін бе,
Қыр қазағын ол да қимай тұр ма екен,
Арман етіп көңілі қайран сейілде.

Тор ішінде
Толқып тұрған кай мүшен?!
О, ғаламат! Сені өзімे сай пішем.
Сөйтіп елтіп тұрғанымда:
Ал шықтық!
Шабаданды ал – деп бүйірды

бәйбішем.

1970.

ЕҢ АЛҒАШҚЫ ОЛІЕЦДЕР

1.

Жатырмыз Әшімконған даласында,
Құмарым акқу құстың баласында.
Үйіне бүгін кешке мен барайын,
Ей, қалқа! Сыйлап қарсы аласың ба?!

2.

Күні-түні ойлаймын,
Сенсіз жерде мол қайғым.
Теріс қарап қылмима,
Бетіңмен сүймей қоймаймын.

3.

Ауылым Жалғызтаудың етегінде,
Бір қыздың жаздай жүрдім жетегінде.
Айтпанты тым болмаса ыстық сәлем,
Аттанып жат жүрттыққа кетерінде.

1949.

ОПЕРАДАН АРИЯ

– Қайта-қайта, Мәриям – деп,
Неге әндете бересін?
Онсыздағы сағынам көп,
Жоқ па басқа кенесін. –
Десем лостым жауап берді,

Екі беті өрттей бол.
Тыңдасаншы талапкерді.
Сағынышты шертпей көп:

— Жер бетінде Мәриям көп,
Бүрма өзіңе өнімді.
Олең етіп отырғам жок.
Сенің Мәриямінді.
Махаббаты елге мәлім.
Жагор қызы Мәрия. —
деді, — шырқап отырғаным,
Сол қыз айтқан ария.

1954

ЖЕЗДЕМНІҢ СЫЙЫ

— Қошақан, қозы марқа бағыланын,
Тойынған кепе барда не қыламын. -
Десем де жездем саспай сойып жатты,
Қой емес, тоқты да емес, көк лағын.

Ән салдым түсіргендей шалқасынан,
Жездекем тез оналды “науқасынан”.
Отардан таңдаулысын әкеп сойды,
Жетілген менсіз қара марқасынан.

Жездемнің жарылқаған сөзі қызық,
Мандайда ойнақтайды көзі жүзіп.
Балдызым жарайсын — дег жымындейды,
Әрен түр бізден бұрын өзі қызып.

Құдайым мейман етсе буы барды,
Болмай ма есек түгіл жүгі нарлы.
Ащының, тұңсының да бәрі бітіп,
Есілдің ішілмеген сұы қалды.

1955.

ҚЫЗЫЛ АРША

Достарым бұғін неге денем қызды,
Сағындым мен Мәриям деген қызды.
Ақкүба лала гүлдей нәзік екен,
Қызығар құрбы, құрдас көрген бізді.

Іңкар жан әнге тоймас қызып алса,
Сол шығар құзға біткен қызыл арша.
Балқындым “Маң маң керге” қосылғанда,
Шалқындым Есіл сүйген Қызылжарша.

Бозбала қоштаса ма сері күн де?!

Қызы-дала телиді екен мені кімге.
Мәскеуде кездесіпті қала қызы,
Ауылдан адастырып мені мұлде.

1955.

ҚҰДАША

Құдаша, құтты болсын табысыңыз,
Біздің де қызып кетті намысымыз.
Құлшынған, осы ауылдың ынғайлысы,
Мінекей, мен боламын, танысыңыз.

Қиялды сұлу қайда бастамаған,
Сергекпін серлікті тастанаған.
Жүрегім тым ерекше лұпілдейді,
Келді деп естіп едім астанадан.

Қиялды сұлу қайда қозғамаған,
Қысыр сөз кімге дәрі созбалаған.
Жанарың жанымды өртеп бара жатыр,
Іргектеу көрінсем де бозбаладан.

Бір би бар біздің елде “Бипыл” деген,
Бипылсыз не бітпекіші типылменен.

Құдаша шапшаш биле, қағып кетер
Бір женгем карап түр көп сиқырменен.

Қызық көп қуанышта көретүғын.
Еркелеп елігім бол еретүғын.
Бір басып, екі басып жақындаши,
Ар жағын құдай өзі беретүғын.

1956.

БҮЛДІРГЕН

Бұлдір-бұлдір бұлдірген,
Тілге тәтті ілдірген.
Тере-тере адасып,
Қызға қысым білдірген.

Жүре-жүре жол аша,
Орман кездік оңаша.
Басқа жерде сәт болмас,
Манайына жоласа.

Күлдір-күлдір күлдірген,
Кеселінді кім білген.
Тиіп кетсе қызартып,
Ақ көйлекті бұлдірген.

Біреу айтса сенбес ем,
Отырды ғой жейдешен.
Оралдыңдар көзіме,
Кейде сұлу, кейде сен.

Аяныш сөз себелеп,
Аялайын өбелел.
Маса түгіл маңына,
Жолаттаймын көбелек.

Бұллір-бұллір бұллірген.
 Тілге тәтті ілдірген.
 Үйге қайттым тәбелеп.
 Қыз буымен күлдірген.

1956.

БҰЛ САЙРАНЫҢ ҚАЙ САЙРАН

Япырмау достым бұ қалай?
 Түсінбей қойдық ойынды.
 Қыз біткен саған ұнамай
 Шәршәдых күте тойынды.

Файшамен жүрдін жыл жарым
 Басқамен сайран кура алмай.
 – Бола алмас менің сынарым,
 Кәрі – деп бездін үялмай.

– Туғалы ғашық таныспын,
 Өзгеден осы шын артық –
 – деп – өзеуреп табыстың,
 Бір қызға өле құмартып.

Қуандық енді ізdemес,
 Кездесті-ау, деп жарына.
 – Бұлінген екен қыз емес, –
 Деп қоштастың тағы да.

Әр төбеге ту тігіп,
 Жабырқайсын сағынып.
 Атандың әйгі кү жігіт,
 Қыз таңдауға салынып.

Достарың жастай қарқындас,
Нәресте сүйіп мәз майрам.
Қартайғанша таусылмас,
Бұл сайраның кай сайран.

1956.

ЖАЗЫҚТЫ ФОТОАППАРАТ

Озгелерді өткендей аласартып,
Масайратып мәз-майрам, дара шалқып.
Фотоаппарат мойнына асқан жігіт,
Көрінді ғой бір кезде бағасы артық.

Қандай кесел сондайдан қыз таппады,
Есіне ала жүрекке мұз қаптады.
Енді арудың айнымас тәртібі бар,
Фотоаппарат ұлына ұстаппады.

1956.

ҚЫҢЦЫРЛЫҚ

Ол сыншы ғой,
Ашты айтуға міндетті,
Бола алмайды бірде майда, бірде епті.
Ескерткіштің қарай қалып сыртынан,
Мынау неге теріс қарап түр депті.

1956.

НЕ КЕРЕК?

Ерсіл-карсыл жүруім керек.
Жұргендер қызықтырмас.
Тұлпарлықты білуім керек,
Тоқырауғұрып құрмас.

Қырық құрбым, қағытса қырық құрдас,
Сабыр керек жүйкені құрыттырмас.
Жүрек керек,
Құрқілдеп дәл жүрерде,
Ескі мотор сияқты сыннып тұрмас.

1958.

“КЕТШІ ӘРІ”

— Бір сүйейін бетіннен, —
Десе жігіт емініп,
Қасақана лепірген
Қиқарлана шегініп,
Қыз жауабы: “Кетші әрі!”

— Серігім бол мәнгілік,
Сенсің жалғыз керегім. —
Десе, ару мәнгіріп,
Өзі білмей себебін,
Деді жылдам: “Кетші әрі!”

— Басқа қызбен, — сол жігіт, —
Көңіл қостым, — дегенде.
Ашулы қыз долырып,
Үні мұлдем тәмендеп,
Деді ақырын: “Кетші әрі!”

1959.

ЖИДЕГІМ

Жиі-жіі жидегім,
Сені қалай сүймедім.
Қызбен теріп қызықтап,
Тап қасында биледім.

Үйме-жүйме түймелім,
Көзді саған түйредім.
Қыршын күнде бұзылып,
Қызға бұрды бүйретім.

Құрбы сырды білгендей,
Қойды реті бір келмей...
Әлі күнге ол маған
Жидек теріп жүргендей.

1956.

ҚАРЫМТА

Қарғап-сілеп қолы жетпес құдайды,
Ақындарды ерсіл-қарсыл сынаиды.
Бар қазактан тумайды деп бір Пушкин,
Бола алмаған “Белинский” жылайды.

1958.

СУРЕТШІГЕ САУАЛЫМ

Жанарына журегім бөленетін,
Ажарына көрген жан кенелетін.
Ауыл қызы суретін салып берші,
Әлем білсін кең дала кереметін.

Тынығарсың, дән разы құнығарсың,
Тән төресін дәл сендей кім ұға алсын.
Дұрыстап сал, томпақ бет, тостаган көз,
Бір сұлуы қазақтың тірі қалсын.

Өз калтамнан көтерем бар шығынын,
“Мырза жерлес“ деген бір қалсын үгым.
Саудалым сол – дәлме-дәл келтіріп бер,
Жас кезінде жан жетпес әншілігін.

1985.

ОРАЗБЕККЕ

Жан еді-ау орын бермес тақтағына,
 Зор еді атан сияр қанталына.
 Іздейтін орамалын.
 Салып қойып,
 Дәу қарын саба қолтық қатпарына.

1962

СЫР АНЫҚТАУ

Шақырмады тойына,
 Үйленгенде жерлесім.
 Не келді екен ойына,
 Қысылайын мен несін.

Қобалжу, толқу мәні де,
 Кек сақтаса мұзданып.
 Біз көрмеген әлі де,
 Жүр екен жарын қызғанып.

Мен шақырдым тойыма,
 Біз жас отау құрғанда.
 Отырды жаны ойыла,
 Ұрмасам үқсан үрганға.

Бергенде кезек тамада,
 Келтірді жерлес сөз бабын:
 – Болмайды керіс арада,
 Сұлу ғой, – деді өз жарың. –

1955.

БАЙҚАП ҚЫРЫН ІНІШЕГІМ

Байқа деп, інім, тағы үгіттейін,
 Мұртыңды түгел қырықпа түбіттейін.

Аз емес өттеген-ай деген кезім,
Қалайша тілек үшін тірілтпейін,

Көріну жылы-жұмсақ есіл арман.
Толқытып мениң талай есімді алған.
Дәл той құні
Тазарапқ қырынам деп,
Бір шетін иегімнің кесіп алғам.

1955.

ӘЛЕЙ БОЛСЫН!

Қазакка қырсық сұрақ ұнамайды,
“Сен қайда барасың?” – деп сұрамайды.
– Жол болсын! – атағанға,
– Әлей болсын! –
Дей салсан, одан әрі сынамайды.
Кім екен
Сондағы сол “әлей” деген?
Көзтаныс пенде бар ма әлейменен?
Жебеуші, демеуші ме, сиқыр ма деп,
Толғанам “әлей” жайлы әр ойменен.

Құтты бол,
Қайда жүрсем жол қадамым,
Сәт сапар ата салтын қолданамын.
Шығарып салған досқа
Иек қағам:
– Тіле деп “Әлейжанның” оң қабағын.

Есіктен аттап бассам шегінбеймін,
Сын соқпақ мехнатына ерінбеймін.
Қанаттас,
Қанжығалас жолаушымен,
Бөлісіп бар ризықты бөліп жеймін.

Сонда “Әлей”
 Ерек пе еken, әйел ме еken,
 Алыс па жақында ма, қай елде еken?
 Мінген ат тың кезінде кездесем бе,
 Болмаса,
 Арып-ашып әрең жетем.

Әлде “Әлей”
 Тырна мойын шарап па еken?
 Немесе астаналық арак па еken?
 Шөлдесен мейір қанар қымыз ба еken?
 Шалдықсан өзек жалғар шалап па еken?

Буы бұлт самауыр ма
 Қайнап тұрған?
 Марқа ма мейманға арнап байлattырған?
 Әлде “Әлей” ару ма еken асau тәні,
 Бұлқынып жігерінді қайраттырған.

Ендеше “Әлейжанға” әлем толсын,
 Менен де біr арнайы сәлем болсын!
 Тілеймін үйде отырып дос-жаранға, Жолаушы
 жолға шыққан Әлей болсын!

1958.

СӨТБАЕВТЫҢ БІР СӨЗІ

Асыл аға інілерге әл еken,
 Қиналғанда сол ғой ірі дәнекер.
 Біr інісі:
 “Тұсіп қалдым жұмыстан”, –
 Десе күліп, тіл қатыпты Қанекен:

– Біr кінәрат кетті-ау өнтек қадамнан,
 Қырандықты үйренбепсің заманнан.

Тұсken жоқсын,
Сені алып тастады,
Жәрдем етем келген іске шамаңнан.

Жігіт едің қадалғаннан қан алған,
Ақиқатты сен жасырма ағаңнан.
Шыныдыры сол: жұмыстар адам түспейді,
Жұмыс сырғып түсіп қалар адамнан. —

1959.

БӘЙБІШЕМ ҰРЫСҚАНДА

Осы ма о, құдырет! Жұмақ алды?!

Сыйлатар, сүйкімді етер сынағанды.

Ей, Мәке! Мәстек мінез пайда болып,
Тұлпарың асауланбай тына қалды.

Жинапсың фактісі мол неше мінді,
Кредит бермейсің сәл кешеуілді.

Отырсың әулиедей мәттакылап,
Шоқытып шотқа салып есебімді.

Шотқа сал!
Отқа салма сайлап амал,
Мен емес сальдо, бульдо қайла табар.
Алдыңа жиып, теріп
Қойдым үйіп,
Әйтпесе көп кемшілік қайда барап.

Тентекке, мін жүқтырмаяу жараса ма,
Үрса бер! Тың дерекпен жаңашала.
Тергеушім, Прокурорым, Сотым сенсін
Тек қана адвокат боп арашала.

1965.

АУЫЛДАС ҚЫЗДЫҢ СӨЗІ

Сүйгіштеп, мактап, тақылдаپ,
Есімді алып жақындағы.
Сырғамды менің жоғалттың,
Нем бар еді макұлдарап.

Жабыса калдың сен неге,
Үркына көндім мен неге.
Не бетімді айтамын,
“Берік бол” – деген женгеме.

16.02.196

БӘШПАЙ ЖАПҚАН

Көркейер бұта жеміс көп ілгенде,
Әйтпесе көз салар ма ем көрінгенге.
Көрсөнші, Күлзейнепті, беу, жігіттер,
Қолан шаш құрке талдай төгілгенде.

Әнеки, күлтеленді тарамдалып,
Ұмытсын ата жолын заман не ғып.
Ұзын шаш балтыр сипап, бәшпәй жапса,
Шыбын жан “тоба!” деді аман қалып.

Ерке өскен бұла сылқым қантарылмай,
Тұлғасын топ ішінде байқадым жай.
Бәрін де дүниенің жауып кетті,
Қара шаш қара қамыс қапталындей.

196

БАЖАМА

Қызық екен бірін мал, жанымыз,
Апалы-сіңлілі қыз алғанымыз.

Жұлдыздар да ерекше жанған шығар,
Сен өткенде баяғы жалғанып із.

Бауырластық сезімді жасырар кім,
Бажа мінез шекемді қасынармын.
Ең сұлуын әкетсем сен өкінбе,
“Сіп-свежий”,
Сүт кенже жасын алдың.

1969.

ЖАҒЫМПАЗҒА ЕСКЕРТПЕ

3
3
0
6
6
3
3

Айың тусын оқынан,
Жұлдызың тусын солынан.
Бастығың кетсе ірілеп,
Бес елі қалма соңынан.

Дем беретін буысың,
Жұрттан сақтар қуысың.
Қасың түгіл, ол кетсе,
Жақыннатпас туысың.

1969.

СҮРАҚ ПЕН ЖАУАП

Білмек болып сырымды,
Дос ниеті жылынды.
– Қолың боста не істейсің?
Айтшы, – деді шынынды. –

“Аз аламын тынымды,
Тұн ұзартар құнімді.
Қолым тисе өзімнің,
Қағам, – дедім, – жынымды”.

1969.

ТЫҢ ЖАУАП

Сұрасам уақыт...
 Солғын үн
 Тіл катты достым мәңгіріп:
 “Сау адам үшін соңғы күн.
 Саудагер үшін – мәңгілік”.

КӨРІНІС

Қағылды замананың қоңырауы,
 Жаңылды Үлкен сағат жамырауы.
 Тұғырдан түсіп жаяу бара жатыр,
 Бір мұсін алтын толы омырауы.

ШАЙХСЛАМНЫҢ АЙТҚАНЫ

Бастығыңың итіне сүйек тастай сал,
 Атына сұлы бергейсін.
 Қауіпті жерде аласқан көшін бастай сал,
 Қызықта үнсіз ергейсін.

Мадактауға “шаппай бер“ ерен жүйрік бол,
 Қанардай шөлі көкейдің.
 Ұшса қанат, қонса ынғайлы құйрық бол,
 Саулығы үшін дөкейдің.

Бакыт құсы қарамайды жастыққа,
 Шын талантты бала дер.
 Ешқашанда пара берме бастыққа,
 Алдына жиі бара бер.

1972.

СЕРІ КҮНДЕР ҚАЙДАСЫН

Сағынышым жүрегінді жайласын,
 Сандуғаш боп көкірегінде сайрасын.

Күрбылармен құлын, тайдай тебіскең,
Сайраны мол, сері күндегер, қайдасың?

Зымырайды уақыт тыным ала алмай,
Тебіренемін жан тыныштық таба алмай.
Тербетеді, тілдеседі домбыра,
Қайран жастық қайтып келер хабардай.

Жылдар жылжып бара жатыр әріге,
Артта қалды кешегінің бәрі де.
Маң бәйбіше жұбайларды қыздар деп,
Өзімізді жұбатамыз әлі де.

1972.

СЫНШЫНЫҢ ӘКІНІШІ

Талайын көрдім үрдіс жорықтардың,
Төлеген болармын деп зорыққанмын.
Бар қазақ бір Жібекті тудыра алмай,
Қатардағы бойдақ боп жүріп қалдым.

1972.

ӘЗІЛГЕ ӘЗІЛ ДӘЛ КЕЛДІ

— Арғымак, қайдан келесің? —
Деді түлкі есекке.
Түлкінің улы жебесін
Алмағандаі есепке:
— Есенбісің, аңғалым, —
Деді есек түлкіге.
Дәл жауапқа таң қалып,
Түлкі қанды күлкіге.

1972.

* * *

Тасуши еді бір бастыкты “көкелеп”,
 Ресторанға ھәм үйіне төтелеп.
 Енді өсек тасып жүр ғой сыртынан,
 Отірікті хатқа салып болелеп.

1973.

* * *

Үкітм әкын әзілін,
 Туған өлең гүлі боп.
 Байқасаңшы тәсілін,
 “Ә”-сі бар да “зіл”-і жок.

1973.

БАЖАЛАР МЕН БАЛДЫЗДАР

От екен де шоқ екен,
 Уайымдары жоқ екен.
 Құдайдың бір бергені
 Балдыз, бажам көп екен.
 Бір бажам бар Мәскеуде,
 Бір бажам жүр әскерде.
 Алатауда қос бажам,
 Қаратуда бес бажам.
 Бала мінез бал қыздар.
 Сұлу кербез сал қыздар.
 Маған бажа іздел жүр,
 Кейінгі жас балдыздар.
 Бірі болар Манкентте,
 Бірі болар Жаркентте.
 Екі бажам басқарма,
 Төрт-бес бажам жоспарда.
 Бас тырнасып бажалар,
 Бірін-бірі мазалар.
 Үлкенімін бажаның,
 Маған қандай жаза бар.

Бағызыз болса қашшалық,
Бажа болар соншалық.
Бажалардың шаттысы-ай,
Балдыздардың тәттісі-ай.

1972.

ҚҰДА КЕЛДІ

Жәрдем КЕЙКИНГЕ

Құда келді!
Ауылға қуда келді!
Есің неге шықты деп сұрама енді.
Құдашаны көруге құштар едім
Жүргімеге жүгірмек ылаң енді.

Бұла құнде бұл да бір дәүір екен,
Құпияны іштегі мәлім етем.
Кербез, маңғаз, такаббар болсадағы,
Құдай берді құдаша тәүір екен.

Інілерім, қанекей жүгіріндер,
Құдағидың алдында бүгіліндер!
Қозы көрген қасқырдай тесіреймей,
Қоян ілер түлкідей үңіліндер.

Құдаменен құдағи сынар елді,
Білдірмейік той толас,
Тынар жерді.
Ән шырқайық,
Ай, аспан жаңғырықсын,
Биге шығар от жанар бұраң белді.

Құда келді!
Келеді қүй актарғым,
Қандырайын құрышын құлактардың.
Аққу әні

Жезкийк дүбіріне,
Құлқісіне салайын бұлактардың.

Беу, құдаша,
Бізге де құлақ салғын,
Тостаған көз, томпак бет
ұнап қалдың.
Ақан сері, Біржан сал сияктанып,
Тап қасыңа келеді құлан қалғым.

Біздің елдің әні бар “Жамбас сипар”,
Бір сипамай қоймайтын мен де қикар.
Шырқағаным ұнаса шабыттанам.
Өршелене шапқандай өрге тұлпар.
Құда келді! Женеше, қуда келді,
Ұмысындыр да қымсындыр қыран ерді.
Өкшең емес
бөксеңмен басып бар да,
Сақтағаның қайдада еді?
Шығар енді.

Құдаларды көрейік күтімді етіп,
Шампанды қүй,
Шапшытып, шүпілдетіп.
Өктем сөйлеп, өндірте алдырындар,
Рөмкенің сыңғырын өкімді етіп.

Әзілмен жен,
Жауап сөз таппайтындей,
Тілінді алдыр,
айтқаннан кайтпайтындей.
Мені жібер,
Сыйлауға құдашаны.
Кинай білмес құда деп айтпайтындей.

Құдалардың қалмасын қызбағаны,
Құдашаны әйтпесе қызғанады.

Не де болса,
куаныш құтты болсын!
Ұлы тойдан ұрпаққа із қалады.

1973.

*Болат құданың үйінде
кітапқа жазылған өлеңдер*

АЛМАХАН АТТЫ ҚҰДАШАМ

Алмахан Қаскеленің алмасы ма?!
Әлде ол аныз, арман жалғасы ма?!
Білмеймін не де болса ғажап екен
Сакина салып кетер сау басына.

Көп үлдің арасында тірегісің,
Анаңың мәнгі сөнбес жүргегісін.
Рахымбай шын бақытты жігіт екен,
Мен көрген қазактың Қыз Жіберісін.

Жарқ еткен көз түскенде маңдайына
Адамның тарайды екен қан бойына.
Япырмай алма-десе алма екенсін,
Сүйгенде шырын тамды таңдайыма.

Аумаған акқу, қаз бен үйректерден,
Көп екен құдашалар түйдектелген,
Солардың арасында ақ құдашам
Сұлусың жер бетіне сирек келген.

27.02.93ж.

ДӘМ ҮСТИНДЕ

Келіншек қымыз қүйса саба басып,
Нұр тамды ақ жүзінен араласып.
Қара көз бал-бұл жайнап дәм үстінде,
Отырды өмір парқын сараласып.

Ғажабы осы еді ғой гүлді ортаның,
Дидары өзгермепті деп жортамын.
Бетінде қара мені, қара маржан,
Қымызға түсіп кетер деп коркамын.

1973.

КЕШІКІ ҚИЯЛ

Бітпей көңіл сауалы,
Аңсағанда ақ маңдай.
Үйқта құшып ауаны,
Қасында мен жатқандай.

Селдір үйкі ішінде,
Бастап көші мұнардың.
Іздел келіп түсінде,
Тап қасыңа құлармын.

Мен жатармын мертігіп,
Адасқан оқ жыққандай.
Сен қаларсың серпіліп,
Бір ғажапты ұққандай.

Түс жору да тамаша,
Жетпес бірақ, әлің де.
Кездесейік онаша,
Түсіндірем бәрін де.

1973.

ТІЛ ТЕЖЕУГЕ НЕ КЕРЕК

“Тым алысқа тілімді бекер ілген”, –
Дей көрмеші,
Жаратқан өте білген.
Екі жанар, екі аяқ, қос қол емес,
Жалғыз тілден сансыз жау көтерілген.

Осы ғой деп бірдеме бүлдіретін,
Ауыз берді какпалаң түлді ілетін.
Отыз тістен ақ мәрмәр шарбак жасап,
Қос еріммен коршаудың білді ретін.

Жолы басқа тағдырлың кемел етер,
Тіл індепті еріксіз женеді екен.
Тіс те, ауыз да, ерін де, тойтармайды,
Тіл тежеуге мол ақыл керек екен.

1973.

ТОҚСАНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС

Лаулаган өрт, пе, дауыл ма,
Тоқсандағы толғаныс.
Былтырлар біздің ауылда,
Кезіміз көрді, болған іс.

Ел үлкені аксақал,
Бейсембі деген шал еді.
Келемеж етпес жас тоқал,
Шал болса да нар еді.

Бұлжымай салқын формынан,
Прокурордай кенседе;
Жылжымайтын орнынан,
Ақ патша кіріп келседе.

Есігін ашты бір күні,
Бота көз балғын келіншек.
Сұлулықтың дүлдүлі,
Етер емес шегіншек.

Балдырған өні майса екен,
Дертке дауа шәрбәттай.
Ұшып тұрды Бейсекен,
Генерал көрген солдаттай.

Тұнғиық көздер томарсып,
Болсада кімге бүйірган;
Жүрекке тұрды жол аршып,
Жұлдыздай жарық құйылған.

Токсаннан асқан Серіні,
Жиырма беспен жалғады.
Елжіреп түрған еріні,
Емініп шалды арбады.

Алдына келіп қалғандай
Бәйбіше есен күндері,
Куанды дерсің шал қандай,
Баса алмай аттап ілгері.

— Қай баласың шырағым,
Танытар емес жел күдік.
Ғадетке медет қыламын,
Төрге шық, түрма телміріп. —

Кес-кестеп тоқал тіл қатты:
“Көрші үйдегі келінің.
Шалым-ау неге тым қатты,
Құтырды ескі желігін?”. —

— Жұмақта көрсем жатармын,
Жарамай мойын бұруға.
Жеткенше қуып батар күн,
Сүктанып өтем сұлуға.

Жауабым тоқал сөзіңе:
— Көзімді байла көрсөң кек. —
Ішінен айтты өзіне;
— Арманым жоқ өлсем — деп.

1974.

ҚОЙБАҒАРДЫҢ ӘУЛЕТИ

Койбағардың койлы ауылда жақыны,
Токтыбайды көрді аймақтың батыры.
Қозыбайдың жастығына қызықса,
Бағыланбектің артық түсті татымы.

Саулықбайға тарта берді жатыры,
Тұсақбайдың құтты дейтін шатыры.
Марқабайды мақтағанды ұнатты,
Бойдақбайдың түпсіз дейтін ақылы.

Серкебайдың серкелігін сыйлайтын,
Текебайдың іскерлігін қимайтын.
Қошқарбайға құда болды мың жылдық,
Алыс-беріс жақындығын тимайтын.

Колдарында елдің сәулет, дәuletі,
Жайылымға жақсы дейді тау беті.
Жылқыбай мен Түйебайдан сән кетті,
Гүрледеп түр Қойбағардың әулеті.

1974.

“МҰҚАШТЫҢ ӘҢГІМЕСІ”

(M. Омаровқа)

Боз тайлағын суат жаққа жетектеп,
Қыз келетін,
Есіл бойын етектеп.
Құшақтаптай
шыбын-шіркей болғанда,
Ерке тайлақ үрке қашар секектеп.

Жалынсам да,
Жем берем деп онтайлап.
Жын қакқандай
Ойнақтайдын боз тайлақ.
Қыз кететін түйесінің соңынан,

Суат жакта
пері бардай ойбайлап.

Ұзын сирак,
колы қатты тастан да,
Ес шығатын
Ағасынан сасқанда.
“Оллаһиды” он қайтара айткышып,
Қос құлақтан көтеретін аспанға.

Жылдар өтті,
Отау құрдық біздер де.
Оку бітті,
Алып келдім қызды елге.
Беттен сүйіп,
құттықтады ағасы,
Амалы жок “оллаһиды” іздерге.

Естелікті боз тайлақтан бастады,
Сөз шылбырын
Бізге сілтей тастады.
Қос құлағым дыз етсе де қайтадан,
Әңгімені созды ағай, саспады.

Қарындасын ұрысқан болды:
— Шырағым,
Баяғыда неге өтірік жыладың?
Қу шұнаққа ғашық болып өтер ме ең,
Қатты ашумен жұлып алсам құлағың?! —

Маған айтты:
— О, қүеуежан, үнадың,
Обал бопты,
Бекер содыр сынадым.
Тұбі осылай болатынын сездім ғой,
Түп орнымен кетпей қалса құлағың.

КУРОРТТА

Сый-құрметке курортта қанығасың,
Құлқын сүйе қоймайды-ау, арық асын.
Үш күн жетер осындай демалысқа,
Одан әрі ауылды сағынасын.

1974.

БАЛДЫЗЫМА

Қасына еркек жолатпа
Қалаганын қимасаң.
Тұздаған балық қонаққа,
Азап қой арақ қүймасаң.

1974

ОЙЫМ ҚЫЗЫҚ

Үйкым сергек, құлкім аз осы күнде,
Шошыну жоқ селк етер тосын ұнге.
“Жаспын”, “жаспын” дегенге жасармайсың,
Наз айтқанда назданбай қосыл бірге.

Балғын кезім, бал сезім елес берді,
Көзге оралтты айшуақ белестерді.
Еске алайық ақ қайын, ақ сұт өмір,
Жан шырағы жағылған кеңестерді.

Көзге түссен қөркейер менің жаным,
Содан болар үкқаным өмір сәнін.
Тіршілікке құштарлық қайдан десем,
Ол – өмірде, жан қалқа, сенің барың.

Асау жастық қайыра орнайтындей,
Елендеймін мәреде жорға атындей.
Бойым қызып, мәз болам жұбанышқа,
Ойым қызық өлім де болмайтындей.

1975.

БАУЫРЖАН МЕН ТАКСИСТ

– Эй, бала!
Деме ағаның қорыс тілі,
Дем бергіш басылмайды соғыс сыры.
Таксиді шабуылдай шапшаң жүргіз,
Мен Бауыржан Момыш-ұлы.

Рульде қарапайым қазақ жігіт,
Мырс етті,
Mice тұттай мазақсынып.
Тұт қатты ыңырана соза сөйлеп,
Тонмойын буралуды азапсынып.

– Шошытпа, көке!
Талай шошығанмын,
Деп пе едім:
– Ей, ағатай, осыған мін.
Сен түгіл настоящий Бауыржанды,
Мен бұлтыр күні бойы тасығанмын.

Бардық біз ағасына, інісіне,
Сабаздың риза болдым жүрісіне,
Қолпаштал қолтығында қос келіншек,
Мінездің мін тактрайсың ірісіне.

Он теңге сөз бе?
Одан алғаным жок.
Бір көру жүруші еді арманым бол.
Өз әкем Бауқендердің полкінде өлген,
Өкіндім әлі іздел бармадым деп.

– Інішек-аяу, жасай ма деп көлік кірбін,
Сөз айтсам

Көнірсіттің өзің зіл мұн. —
Деді де, Бәукең дереу паспорт тосты:
— Мінеки.
Мен Бауыржан нөмір бірмін. —

Жігітті батыр сөзі қыршып кетті,
Бір кала жүрек шетін шымшып кетті.
Көргенде Момыш-ұлы деген сөзді,
Қос маржан қос жанардан ыршып кетті.

Дедектеп такси зытты көштен дара,
Ем тапты көкіректі тескен жара.
Құлшынды өз әкесін көргендей-ақ,
Колында өгей әке өскен бала.

Тез жетті барап жерге арқыратып,
Жиырма сом Бәукең тосты жарқыратып.
“Алмаймын, аға” деген таксишіге,
Санқ етті Алатауды қалтыратып.

Жарқ етті,
Екі көзден шырақ жанды,
Қарт батыр қаһарланды,
Қыранданды.
Шекеде қан ойнаған күре тамыр,
Өзендей өрден өткен бұрандады.

— Отставить!
Озінे таксырлығын,
Бес сомдық көріп тұрмын
Такси құнын.
Он теңге - былтырғы қу жігіт үшін,
Бес сомға — келінге гүл тапсыр бүгін.

КЕЗДЕСУГЕ ШАҚЫРУ

Чолпан-Ата қызғанбайды Чолпанын,
 Чоң мейман деп,
 Олжалы етті жол сәнін.
 Шолпан жұлдызы
 Сол жағымнан тусаңшы,
 Оң қолтықтан Ай жайнатар көл маңын.

Жарылқанар жарығына мол сенім,
 Адасып жүр деп,
 Ойламас көрсө кім.
 Көл шетінде Әйгерімше әндеші,
 Көңіл сырын келді өлеңмен өлшегім.

Жүргіме шок түскендей асығам,
 Ақ сәуледей толқыр таңсық асыл ән.
 Шошып кетпе,
 Құпияны құлыптап,
 Ай, Құн түгіл, өзімнен де жасырам.

1976.

МАХБУБА

Араб қызы Махбуба,
 Сүйсінтің көңіл өсіріп.
 Таңырқап сендей аққуға.
 Сөз де айтпадым кесіліп.

Сен үңілсең танысқа,
 Тебірендім мен де қадалып.
 Шақырды ойым алысқа,
 Амал жоқ менде адал үк.

Жүзің жаңа атқандай
 Сарыарқадан таң құліп.

Жадымда мәңгі жатқандай,
Көркіне біткен сөнділік.

Мазам кетті көргелі,
Тенеуден өзге шошырмын.
Махбузамен елдегі
Шатастырып отырмын.

1976.

ҚЫЗДАРДЫҢ ҚЫЗФАНЫШЫ

Күйге құрбым қана бер,
Күй сүю жан ерікі,
Биге өзгемен бара бер,
Домбырашы менікі.

Күдерін үз үміттің,
Мен болайын кешірген.
Домбырашы жігіттің
Есімін жой есіңден.

Сиқыр сөзбен орама,
Арбап іздеп тәсілін.
Маңайына жолама
Біз дос едік жасырын.

1976.

ҚАРА ШАЛБАР

Қара шалбар, ақ көйлек, қызыл күрте,
Карай бердің жүректі үзілдірте.
Қайран қалдым екі сөз құрай алмай,
Екі көзді өткенде сүріндірте.

Арумысың тамаша мұсіндеңі,
Зияным жок, беу, қалқа, түсін мені,

Былқыл-сылқыл томпандап қызықтырды,
Қара мақпал шалбардың ішіндегі.

Құмартқанға жол таппай аласар бар,
Үйкы бермей өтеді-ау ала таңдар.
Бар байлықты қалтаңа салып алып,
Қайда ғана барасын қара шалбар.

1978.

НАР ТӘҮЕКЕЛ

Қоймайды сүйген жүрек ойран салмай,
Қалмайды бал махаббат ойдан қалмай.
Сағынып кездескенде ақ дидарын,
Шыдамас қыз күніндей ойнал жанбай.

Жарасар бойда канның дүрліккені,
Дүрлікпей тіршіліктे дым бітпеді.
Дүниені дүрліктіріп жіберейік,
Ұнап тұр нұр жүзіне шыр біткені.

Жалыны түнде жанған оттай жетер,
Өрт сезім - жан тілегін қақпа бекер.
Қырық жыл қайта құру болсадағы,
Құдайым ғашықтарды сақтап өтер.

1988.

ӨМІР СЫРЫ

Балалардың балалығы жоғалды,
Қозы, құлын басты жасыл көгалды.
Ата ана боп,
Өз көшіне бас болып,
Балаларым балалығын дөғарды.

— Беу, айтсаншы... Сонда саған не қалды?!

Қозы, құлын іздетпей ме оларды?!

— Жоқ, достым-ау, іздетпейді.

Неге де.

Оз балаңнан ыстық екен немере,

Қайда жүрсем іздей берем соларды.

1988.

* * *

Үргашы үйрек жас үясын көздеген,

Көлге бұрын жетеді.

Тетелес қыздар отыруға тәзбеген,

Елден... ерте кетеді.

Кинаса да құрбыңмен қосылмау,

Қадірінді байқаған,

Құдерінді үз аландама достым-ау,

Ол қыз болмас қайтадан. —

1976.

КОЙШЫ АҒАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

— Аз да болса көргенім көп өмірден,

Деп сөз тіркеп мәңгі шықпас көнілден;

Қойши ағам ақыл айтты бір күні,

Үні қандай аспай-саспай төгілген.

— Шын құштарлық денсаулықты жалғайды,

Үмыт болар аз уақытқа бар қайғы.

Махаббаттың рахатына қанықсан,

Женіл-желпі сырқаттан дым қалмайды.

Жас құшаққа не жетеді жалғанда,

мың жасайсың от бол лаулап жанғанда.

Жүргегінің басылады лұпілі,

Тар төсекте тас құшаққа алғанда.

Бой балқытса қаракат қөздер кат-қабат,
 Жан шыдатпас алма дидар, ақ тамақ.
 Әрі тәтті, әрі ерекше ыстық қой,
 Жасырын келіп, асығыс шеккен махаббат.

1976.

КІТАПХАНА БІЗДІҢ ҮЙ

Рас, достым, біздің үй кітапхана,
 Бар жиһазым, жиғаным кітап қана.
 Мәнгі жасыл ағаштай жемісі мол,
 Құшақ жайды, қаулады бұтақтана.

Туған елді сағынсам оқып өлең,
 Қасиетті құштарлық отына енем.
 Алыс жолда женілтем, бір жұмсартам,
 Тас берішті сарғайған тотыменен.

Үйге кірсөн түнілме мебеліме,
 Сансыз кітап қарай қал тебініне.
 Ақ бидайдай жайқалған кең далада,
 Куанарсың көркем сөз егініне.

Абай ашар көп сөре баспалдағын,
 Мағжан, Сәкен, Ілиястай аскарларым.
 Мұндаасарсың, арманын түсінерсін,
 Махамбет пен Қасымның шашқан жалын.

Үкілі Ұбырай, Біржан сал, Ақан сері,
 Қанға сінген дарындар маған тегі.
 Шәкәрімді Ақметпен кезек оқып,
 Туды күндер қам көніл қанаар шері.

Бұкар, Дулат, Шортанбай – үркөріме,
 Көз жүгіртіп, күлімдеп кір төріме.

Ақын Тайжан қол созып қарсы алғанда,
Жол беріп тұр Шашубай үлкеніне.

Жамбыл ата қасиетті тағына біз.
Гималайдай зор тұтып табынамыз.
Мұсірепов, Мұқанов, Мұстафинмен,
Есенберлин көшінен табыламыз.

Жиналыпты кітапқа ар мен кегім,
“Қара маржан” осында, “Қан мен терін”.
“Елең-алаң”, “Аңыз бен ақиқат та”,
“Аласалыран” білдірмес таң молшерін.

Қалижандай қалқыса жылы бұлақ,
Фали, Дихан алдынан шығар шұбап.
Сыrbай менен Әбділда кезектесіп,
Хамит тұrap Күй-Ата қызығы ұнап.

Құлышынамын кіргенде жыр құшакқа,
Аккүштаппен жатырмыз бір кітапта.
Жемісіміз қазақтың Мұқагали,
Тұманбай, Қадыр, Сағилар бір бұтакта.

Сүйінбайдан іздеймін тотияйын,
Шал ақыннан аз емес тоқығаным.
Марғуғаның бетінен бір сүйем де,
Фаризаны құшактап отырамын.

1976.

ДОСТЫҚ ӘЗІЛ

Бауырмал қырғыз досым Имаш деген,
Төл өстік әзіл, назын тыймас менен.
Адамның екі аяғын “пұт” дегенде
Мен оған шимай-шатақ қиғаш келем.

Аңыз тіл шымшып алғыш қатері бар,
“Қатыны - жақшы, ер - жақшы” мәтелі бар.

— Катыны емес, жұбайы, әйелі — деп.
Түзеттім мен өзіме қатені дәл.

Жымындаپ өткір көздер атып кезек.
Тіл қатты, уытты сөз қақты безек:
— Құдайым саған досым, жұбай берсін.
Ал, маған бір тамаша қатын қажет. —

1976.

ДАНАЛЫҚҚА ТАҢДАНУ

Афродита дәл сендей.
Фажалтанам...
Құмарланбау, қызықпау азап маған.
Аумайды екен,
аршын төс, аш белі де,
Шешіндіріп салғандай қарап саған.

Әрекетім аз емес болған алан,
Тамсантады тарихта қалған заман.
Дана десе, Dana ғой Рафаэльдер,
Сендей сұлу туар деп армандаған.

* * *

Қалың іске қара басым көміліп,
Асығыстау жүрсем шала көз іліп,
Алабұлік мінезі бар өлеңнің.
Сұлу көрсе құя салар төгіліп.

Кейде шабыт көп ойлантпай тап басты,
Үйіп, төкті адам ойлап таппасты.
Басқа жерде бәйге берсе бұлк етпей,
Сұлу көрсе ұмытады ақ шашты.

1976.

ҚАЙЫРЫЛМАЙ КЕТПЕСІН АЛМА МОЙЫН

Олжа түсті,
Ой алмай олжа түсті.
Актандақта қасқалдақ қолға түсті.
Ас тасыған жас сұлу ак-сары қыз,
Тап қасында Әбіші-ау жолға түсті.

Өліп, өшіп жеткендей құлап түсті,
Көріп қалшы сыртынан үнатқышты.
Бүйра шәшің оралып бұрымының,
Көк желкенниң жарықтық құлап түсті.

Жасырмаймын көрініс үнағаның,
Тез үлгайтты көкіректе жыр алаңың.
Ырым еттім ішімнен Қырым қызы,
Қазағымның қасына құлағаның.

Күмілжісе сәл ғана үңілгендей,
Бей-жай қалдың арудың түрін көрмей.
Не де болса байғустың өзінде бар,
Олер бала молага жүліргендей.

Тұла бойда титім жоқ дыз етпеген,
Жәрдем етші ақырын ізетпенен.
Бер жағынмен жігіттік жасап қалшы,
Көп үзатпай ар жағын түзеп берем.

Түйір асты аузыңа салмақ ойың,
Таста деймін, табылар асқа тойым.
Тез көтеріп жіберші, көңілі қалып,
Қайырлымай кетпесін алма мойын.

1976 жыл.
Қырым.

ФРАНЦУЗ ӘЗІЛІ

Аңдұшы жаққа шыккандай,
Сұлудан безді-ау құдайы.
Бір сұмдықты үққандай,
Бұлтартпай қойды жұбайы.

Тастамай саңылау бүлк етер,
Дәлелін жігіт тыңдатты.
Шапылласпай құр бекер,
Бір құліп ару тіл қатты:

Не дейін аңдып женген соң,
Өз обалың өзіңе.
Менен артық сенген соң,
Маңдайда екі көзіңе.

197

* * *

Қызық қой болашақ,
Келер күн.
Сәт туса есен-саяу көрермін.
Өнінде біреудің сау жүріп,
Бір күні түсінде өлермін.

Сонда ол,
Шошынып сенбеске,
Қайғырап кетті деп келмеске.
Қыйеуі көз жасын сұрткенде,
“Алдым, — дер, — ағайын, елді еске”.

197

ЕРКЕ ҚЫЗ

Есімнен кетпес сені көрген күнім,
Жан баурап, өзек тілді көркемдігін.

Махаббат мұнын айтып ән салғанда,
Марал көз үшқынымен өртендірдің.

Қазаққа қыргызылаап еркеледің,
Жер тар ғой,
Талай аныз шертер едім.
Сен менен жалын күтпіе,
Құрмет етсем,
Өтіпті отты құнім ерте менің, -

Дегенде: “еске алсан да басқа нені,
чоң аға, жасынды айтып баспа мені.
Бетінен бір сүйейін,
Ал, содан соң,
Лактырып жиырма жасты таста”, - деді.

1976.

* * *

Ару жықпай тілекті,
Көп биледі бағалап.
Лұпілдеген жүректі,
Кетті шапшаң жаралап.

Ой-хой! Сол бір аруға,
Талай өлең арнаппын.
Хабар-ошар алуға
Әдірісін алмаппын.

Махаббатқа сенетін,
Жақсы үмітін кім жойды.
Сол келіншек келетін,
Күтіп журмін бір тойды.

1976.

ЕСКЕРТУ

Беу, құдалар!
 Шақырсам ерте келгін,
 Тез батады күз келсе көртөбел күн.
 Жалғыз-жарым жүрмендер,
 Қорқыныш көп,
 Құдашаның тәуірін ерте келгін

1976.

ҚҮЙКІНІҢ ӨЛІМІ

Қүйіп-жанып,
 “Өлем”, “өлем”, – дегі еді,
 О, заржағым алдапты.
 Емханадан есен-аман оралды,
 Құдай жанын алмапты.

1976.

БИЛЛИАРДШЫ КЕЛІНШЕК

Жігіт едім кий ұстап шар қумаған.
 Билиардтың
 Қызығы зар қылмаған.
 Болотонда кездесті осы кесел,
 Қашқан андай қызығы сарқылмаған.

Ойнағанды ұтып жүр бір келіншек.
 Арманың де
 Бір жеңіп, бір жеңілсек.
 Еркек кіндік қалмады пар келетін
 Жасай берді шайлықкан жұрт шегіншек.

Ұпай алса сұлудың сүйінетін,
 Кейпі қызық
 Кий безеп түйлетін.
 Бүйрек беті уылжып балбырайды,

Сәт тұғандай
Оп-оңай сүйілетін.

Сақ-сақ күліп
Жас мадам іркілмейді,
Мараң дене,
Сылқым төс бүлкілдейді.
Жақсы ойнайтын біреуді іздегендей,
Откір көздер төніректі тінтіп жейді.

Масайраған келбеті ғажап екен,
Ойнай білмеу
Ой, аллай, азап екен.
Дағдарыста бір жігіт шыға келді,
Қыран қабак,
Қапсағай қазақ екен.

Емеспіз бе сертке мәрт
Тойшы халық,
Дегемін жок,
— Ағатай, кой, шыдайық!
Кийи – мылтық,
Жүйрік шар – қашқан киік,
Топырлатып түсірді Қойшыбаев.

Жылқы емес,
Қос-қостап шар қағыста,
Масаттанар мезет жоқ бар табысқа.
Отыздағы
Құлшынған парижанка
Алпыстағы ағаңмен арпалыста.

Келіншектің кездесті күтпегені,
Шардың қайда
Сәкеннен үрікпегені.
Тогызынышы түскенде тор қалтаға
Қызық болды бір күліп,
“Уң” дегені.

Жұқа жүзі мұнайып кийі қалды,
 Күлкісін де перизат
 Тыйып алды.
 “Женілдім” деп оң қолын ұсыпиды да.
 Ағамызды ондаң бір сүйіп алды.

197

БІР АЛМАНЫ ЕКІГЕ БӨЛМЕЙІКШІ

Жалғыз алма,
 Япымай, жалғыз алма,
 Тәбет тартып, құмарлық жанғызар ма.
 Қакқа бөлу қолынан келмей қалып,
 Тиесіден бір сөгіс алғызар ма.

Адам – ата, Хая – ана табиғаттан,
 Алма арқылы біздерге тәлім артқан.
 Бір алманың бөлісі сөтсіз болып,
 Көніл калу дегеннің дәмін татқан.

Дін – аныздың ырқына көнбейікші,
 Жеміс үшін шыр бұзып көрмейікші.
 Өзің-ақ же,
 Тәттілеу болармысың,
 Бір алманы екіге бөлмейікші.

197

МОДА ЖӘНЕ МОДЕЛЬЕР

Құлшындық мода көріп бәріміз де,
 Ер-әйел, жасымыз да, кәріміз де.
 Ұмындық ұнап кетіп,
 Бой жазғанда,
 Тәні сұлу адамның сәні бізге.

Құмартып шақ тігілген жаңа бөзге,
Дүйім жұрт таңырқауға салады өзге.
Тек қана.
Мен отырмын талмай қарап,
Мода емес, модельер қара көзге.

Сұлулық... Қайда ғана жетеледің,
Жазығым бар ма әлде жеке менің.
Тәртібін тәптештеген секілдісің,
Махабbat деген үлкен мекеменің.

Қып-қызыл ернің раушан жапырағы,
Шәрбәтін ауа арқылы татырады.
Қос балтыр жолды кескен қос киіктей,
Көзді арбал әрлі-берлі қатынады.

Керімсал құлын білек, жайды құшак,
Қос торсық төсі қандай жайлы жұмсақ.
Тұс жармай, іш өртеніп телміресің,
Қызықкан ханшайымға жарлыға үқсан.

Төгілді төңіректі бунаған сыр,
Шын бекер құлан-жүрек тулағансың.
Сен кешір, модельер қыз Корнелия,
Кайтейін мен корнет боп тумағасын.

1977.

“ТОҚТА!” ДЕМЕ

Неліктен шын құмартақан пәк жүргегін,
“Токта!” деп нокталады жан тілегін.
Шыдамсыз емес едім,
Марал көзің
Мөлтілдеп бар мазамды алды менің.

Тапқанда шақ пішілген тән үйлесім,
Шырқайын келістіріл ән жүйесін.
Қалайша мен токтайын?

Беу, қалкатаі!

Әйеллің көріп тұрып әулиесін.

Домбырам екі шекті зар илесін,

Серпілсін құмар қанып жан игесін.

Салайын тың ырғакқа

Қалың елім,

Көркінді әсем саздан тани берсін.

Аққуды көріп, неге қаз атайдын,

Тыңдаши, ойға түспес наз артайдын.

Япырмай, “Токта” деме

Не қыласын,

Қимылсыз токтай қалсам жазатайым.

197

ШАЙТАН АЛҒЫР

О, қандай сұлу едің, шайтан алғыр!

Дұрыстал көріп қалдым қайтадан бір.

Есімнен от құшағың кетпей қойды,

Күн бата тар төсекте қайталанғыр.

Қос анар тепсінеді көз тесердей,

Қайтейін, қол салмаймын өзге есердей.

Жанарың мөлт еткені қандай қызық,

“Күн батпай келем” деген сөз кесердей.

О, қандай сұлу едің, шайтан алғыр!

Сөз мәтел болады еken айта қалғыр.

“Ал”, – десем бір ақ шайтан қағып кетер,

Қалқам-ау, құшағыма қайтадан кір.

197

ҚЫРҒЫЗ ҚЫЗЫ

Сусамырдан келгендей гүл қырмызы,

Сұнгіп жүрді тенізде қырғыз қызы.

Атыс күндер баяғы еске түсті,
Көзге оттай ұшырап жүлдyz жүзі.

Токаштанған, томпақ бет, домаланған,
Пісте мұрын мәмпәсі бола қалған.
Су періште сол дерсің сиқырланып,
Жаһаннамға жаныңды тонап алған.

— Кашиан, қалай келдіңіз Сіз Қырымға,—
деп бастидым асығыс сөзді ырымға.
Студент кез Мәскеуде топ ішінде,
Кездесіп ек бір рет біз бұрын да.

Вальс, танго бар тарих өткеніміз,
Тозған да жоқ бозбала шекпеніміз:
Өзгелік ем, көз көріп, қызықладап ем,
Оқінтелі сырласпай кеткеніміз.

Тағы да айттым: — бізге бет бүрмаймысыз,
Сізді құшқан, әрине, су қайғысыз.
Келіншекке бұл күнде еріншекпін,
Бәйбішеммен әңгіме күрмаймысыз? —

Шапшығандай әрекет сезім бойда,
Сөйлеп кетті
Салмастан сөзін ойға,
Тура қарап, тайсалмай жауап берді:
— Аялыңмен, ағатай, өзің ойна! —

1978.

ҚЫРЫМДАҒЫ ТАМАША

Жүзіп жүрдім мәлдір таза айдында,
Мен жатырмын қыздырынып май құмда.
Тік қарауга көз тиер деп қорқамын,
Қыз-періште кез болғандай алдында.

Алтынданса денең аппақ құмістей,
Асау толқын шыдай алмас тиіспей.
Саған қарап құннің көзі қызарды.
Маган үқсан көрсе қызған дым ішпей.

Сәуле қызылт. Су көкпенбек, сен аппақ,
Ақ шағала келді жақын қонақтап.
Аю Тауы суға салды тұмсығын,
Сені бірге жұтардай-ақ сораптап.

Жас аққуға қыран көзін салғандай,
Аю төнсө шыдар үнсіз жан қандай.
Дәл сол кезде сен жағада жарқ еттің,
Аю шөкті тас боп қатып қалғандай.

Басылды елең. Құлшындым жас балаша,
Құлын денең көрінді шыт жаңаша.
Дельфиндер де өтті алыстан дедиіп,
Дей қалғандай бұл не деген тамаша.

19.

ПУШКИН КҮНДЕРІНДЕ

Бейтарап күндер емес өткен-кеткен,
Сал, мырза дәл биылғы жеткен көктем.
Мәскеуге акын толды,
Жыр селдеді,
Төгілді сөз сарасы желкендеткен.

Ішінде маңғаз, кербез жарқыл қағар,
Марқакөл маралындаи Марфуга бар.
Басталды салтанатты Пушкин тойы,
Көп жылдан байтақ Ресей салтында бар.

Жас үрпак данышпанға алғыс арнап,
Сөйледі “дала досы” тайпы тармақ,

Баяғы “тағы тұнқұс” өкілдері,
Тебіренді тува. қырғыз, жақұт, қалмақ.

Шықты, әне, қазақтың да акын қызы,
Ақ дидар Әйгерімдей жарқын жүзі.
Ән салса, жыр оқыса бәрі ғажап
Үнінде Абай ырғақ жатыр ізі.

Сарқылмас сағынышы бардай анық,
Қара көз ғашық тілге қандай қанық.
Аумаған Анна Керн сияқты деп,
Тамсанды залдағылар таңдай қағып.

Сүйсінсе асыл қауым акын қызға,
Қосылды зор мәртебе атымызға.
Бір сезім тұла бойды лып еткізді,
Бір сөзін жақын тартып затым қызба.

Елге акын, сүйсеге акынға ел жетеді,
Беу, қалқам! Қөркін шабыт селдетеңді.
Соншама көп орысты тамсантқанда,
Қазакқа бір қарасаң нең кетеді.

1979.

ӘБДІЛДАНЫҢ СӨЗІ

Білмеймін зан қылғанын,
Сән қылғанын
Таңданам әр сөзіне Әбділданың.
“Қаламың қажығанда ой жаңғыртып,
Көргенің жақсы, – деді, – тан құрбанын.
Дос болғың келсе дәйім соны қүшке,
Болмысты манаңдағы шолып істе.
Бой бергің етделікке келмегендे,
Жасында не істедің - соны істе”.

Жарайсың беу, беу, дүлдүл майтальманым,
Бүктеліп қалды аузымда айттар барым.
“Көп жорттым қызды ауылға, Әбеке”, – деп,
Ұялып ақсақалдан айта алмадым.
Қалайша өнін бүзбай қартайғанын,
Жетпей жүр келістіріп айттарға күн.
Бетіне тік қарасам
Құлім қақты,
Байқадым ішінде бір сайтан барын.

1979.

НЕМЕРЕМ ТУФАН КҮНІ ЕСКЕРТУ

Беу, ағайын!
Куанышта не дер ең?
Дәрігер қызға шүйіншіге не берем?!

Қарашаның жүлдзызында бесінші
Дүниеге келді түңғыші немерем.

Ол дарынды үл. Дарындыға – жену серт,
Дей көрмендер “орғаш кеттің женілдет!”.
Неге? – десен, бұл баланың түбінде,
Ұзындығы елу төрт.

Әжелері-ая, ырым етсем тұракта,
Сыилап ұста бейберекет жылатпа.
Неге? – десен, бұл баланың түбінде,
Бәрімізден даңқы кетер ұзакқа.

Құрықтамай босатындар ат басын,
Сәби күннен алған беттен қайтпасын.
Сақтық керек.
Тарихшылар соңыра,
Әжелері үрсыпты – деп айтпасын.

1980.

ЖІГІТ ӘНІ

Той-думан аз болған жоқ көшімдегі,
Сынаса сыйай берсін өшім мені.
Түн қатып, таң сәріде әрең жеттім,
Үйқынды бұзсам, қалқа, кешір мені.

Жаразты кер бестіні ерттегенім,
Шіркін-ай, осы еken ғой серт дегенің.
Құтқармас оліп кетсең ешбір пенде,
Махаббат осы еken ғой өрт дегенің.

1976.

ЛАУАЗЫМ

Откен күндер қындық орманындаі,
Болашағым ондалсын жол тарылмай.
“Ата!” деген атакқа еңсем есті,
Жас офицер генерал болғанындаі.

Бұл жалғанның демеймін жұдеуімін,
Деп те ойларсың сондағы сүйеуі кім.
Бір сұлудың алдында ардағы едім,
Енді бүгін өженің күйеуімін.

1980.

ЖАСЫ ШАМ

Ал, айтайық лек-лек ашық сыр,
Немеремді тез көруге асықтым.
Бөбек тұған үйден жылдам жететін,
Көше, данғыл бар жолдары ашық түр.

Не болар ем сол сезімді жасырсам,
Кім болар ем
Марқайдым - деп ашынсам.
Жас иістің лебінен ашылды
Көкірегімнің көшесінде жасыл шам.

Ашылсыншы жылдамырақ өтейін.
Толастамас топтан озып кетейін.
Бәрінен де ең қызығы осы ғой,
Құдалардан бұрынырақ жетейін.

198

* * *

Немеремді қүшкым кеп,
Балаға қараң тұрамын.
Бір жұтым қымыз ішкім кеп,
Далаға қараң тұрамын.

Құмға да көңіл бөлдім көп,
Дауылға қарай беремін.
Көршінің қызын көргім кеп,
Ауылға қарай беремін.

198

* * *

Сағынышын Мәскеудің орманындай,
Ауыл жаққа жүргенде жол салынбай;
Ата деген атаққа ие болдым,
Алтын жұлдыз төсіме қонғанындай.

Асыл үміт соқтырмас заршылдыққа,
Ту тігемін өлеңмен әр жылдыққа.
Мен соңыра болғанда шөберелі,
Жетті деңдер генерал маршалдыққа.

198

АТА БОЛДЫМ

Ата болдым немерем туып бүгін,
Құлақ шалды құлыншақ сүйікті үнін.
Шыр еткенін казақша естіп қалдым,
Каз дауысты сәби үн біліп тілін.

Күлаш жайды жаңаша белес бүгін,
Ата болдым. Ол осал еместігім.
Құдалтар-ау, ренжи көрменіздер,
“Салықовтардан” аумайды деп естідім.

1980.

ҚИМАЙ ТҮРМЫН

Көктем қайда?
Келеді жазым кеміп,
Күз жайнады сары алтын назын теліп.
Немерелі болғанда көп толғандым,
Аталаққа жүрсем де өзірленіп.

Ата, әже шені зор сыйлайтүғын,
Қуаныштан әлемге сыймай түрмүн.
Мені койшы... нешауа,
Шәшім аппак,
Әже деуге Мәриямді қимай түрмүн.

1980.

АФРОДИТА

Бір тума сұлулықтың періштесін,
Байқадым көзім шалып пейіш кешін.
Тұлғасы саған тартқан сұлу көрдім,
Пейіште бірге піскен жеміс дерсің.

Тұсімде көрген құсқа ілегіп ем,
Ілектім ұстап інқар білегінен.
Барады жылдан-жылға сұлуланып,
Озіне теңестірген тілегімнен.

Бар болса ғашықтарға елшілігін,
Күн бата біздің үйге келші бүгін.
Оңаша екеуінді салыстырсам,
Білер ем бітім, тұлға кемшілігін.

Киналсам тенеу таңпай қосканыма,
 Куандым сен келер деп тосқаныма.
 – Алғаның артық! – десен, құдай оңдан.
 Таңертең мактанаар ем достарыма.

Ұмытпас ең қызықты кезін адам,
 Першігі келді кешке көзі ұнаған:
 “Алғаның ерен сұлу, ал айтарым:
 Сырын біл, сыны тұзу”, – деді маган.

1980.

ҚУАНЫШ

Метро, такси, трамвай толы адамдар,
 Мен күлем, олар құлмейді.
 Дегім де келді: бұл неткен шымқай надандар,
 Куаныштау салтын білмейді.

Мәскеуліктер караса аң-таң бетіме,
 Өзімде бар аздал мін.
 “Немерем туды!” – деп бөркімнің шетіне,
 Жедел хабар жазбаптын.

ЖАҢА ТҮРІ ТӘРТІПТІҢ

Кеш оралдым.
 Бәйбішем күрсінді акыр.
 деп те қалды:
 – Сен қайдан жұрсің батыр?
 Оны қойшы, бесіктен есік жаққа,
 Кемсөң қағып немерем ұрсып жатыр.

Ана тілі секілді бала тілі,
 Жанға рахат әкелер жаннат үні.
 Кеш келгенді нәресте жаратпайды,
 Осы екен ғой
 Тәртіптің жаңа түрі.

* * *

Қызығар сұлу көрсө өліп-талып,
Қызықшыл ақын елі борі халық.
Мені тағдыр кенші етті. әкім етті,
Көп қызықтан. шіркін-ай, боліп алды.

1980.

ҚҰДАШАМА ЖАУАБЫМ

Құдашам айтты:
— Не тілесем қонесің,
не сурасам тура жауап бересің.
Ал, мысалы ғашық болған әйелдің,
Кай жерін сен өте жақсы көресің? —

— Пәлекет-ай, жалының ба, шоқ па елің,
Әпербақан мінезінді сөкпедім.
Жер-жаһанда мен сүйетін әйелдің,
Жек көретін жаман жері жоқ дедім.

1981.

БІР МІНЕЗІҢ

Кейде әйелді еркекке үқсас атайды,
Кей жігітті “қыз міnez” деп матайды.
Сол бозөкпе әйелденіп қылмиып,
Бәйбішесі қоразданып катайды.

О, еркектер! Біздер еркек болмасақ,
Малды бағып, егінді ерте ормасақ;
Жауымыз да шошып айыл жимайды,
Қой соңында қошақан боп сорласақ.

Беу, арулар, сүйіп тиген күйеуің,
Нәзігім деп ұқтың ғой шын сүйерін.
Білсендерші, сендер үшін жан зекет,
Жанған отқа түсіп қана күйерін.

Болмай-ак қой сендер еркек біз барда,
Қантарларда қалдырмасныз ызғарға.

Күле қарал қызықтырмай қоймайтын,
Бір мінезің ұқсап тұрсын қыздарға.

1981.

“МАДАМ БАТЕРФЛЯЙФА”*(Қайыргұл Сартбаевага)*

Қайыргұл құтты болсын өрлегенің.
Ұлғайтың асқақ әнші төр көлемін.
Қанжарды байқап ұста,
Шошып кеттім,
Кырғызға керек болар өлмегенің.

Атағың өз еліңмен шектелмейді,
Көрген жан пай, пай! Неткен көркем дейді.
Батерфляй,
Оқыс қаза аулақ жұрсін,
Озінді қазақтар да жек көрмейді.

Жүрекке осы шығар ем дегенің,
Сендердің махаббатқа сенбегенін.
Пинкертон келмей қалса
Көп қайғырма,
Орнына Алатаудан мен келемін.

1981.
*Мәскеу.***ДАУКЕС КЕМПІРДІҢ ҚЫЗЫНА
АЙТҚАНЫ**

Он баласыз кем түсер ме құрметің?!

Әлде байың болып па еді сүр жетім?
Озінді-еziң құтсең етті шырағым,
Көбейткенше бір жаманың үмбетін.

1981.

* * *

Тұнде де бар күндіз бар,
Ақ дидарың үнілді.
Жүргегіле жұлдыздар,
Қарсы алғандай жүтірді.

Мінезінің ашығы-ай,
Жанға рахат қүйіп түр.
Мен кайтейін тасымай,
Сен сүйген жер қүйіп түр.

Жан сергіді қаулагап гүл,
Сенімінді ақтайын.
Мен сүйген жер жайнап түр,
Артық жұлдыз тақлайын.

1980.

ҚОС ҚҰДАФИ

Келін түсті бүгін біздің ауылға,
Қос құдағи бәйек бүкіл қауымға.
Ән шырқатып, той қыздырып, дәм қамдалап,
Тамсандырды досы түгіл жауын да.

Балбұл жанған дидарлары ажарлы,
Мойыл көздер тартты ерекше назарды.
Ән салып жүр, жан салып жүр қос ана,
Көкіректері алабөтен базарлы.

Қызы тумаған біреуінің ұлы көп,
Ал, бірінде қызы баршылық ұлы жоқ
Тағат тапты осынау екі ақ мәндай.
Балалары қол үстаскан сағатта,
Жетті екеуі арман еткен санатка
Біреуі үл, біреуі қызы тапқандай.

1981.

БИБІГҮЛДІҢ ЖАУАБЫ

Қатар өскен сүйеді ғой гүлді-гүл.
Одан артық кім білер деп тірлігін.
Сұрағанда “Шәкен неше жаста?” – деп,
Күлім қағып жауап берді Бибігүл.

– Сырлас өстік қызыметтес, ауылдас,
Тел қозыдай құрлас едік бауырлас.
Бір жылғы тол
Жасарыпты он жылға,
Ел паспортқа жасағанда айырбас.

19c

ҚИЫН ЖЕРІ ӨМІРДІҢ

Тітіркеніп жүйкемнін түйіндері,
Кейде жылжып кетеді миым кері.
Айтқан сырын айқындау білдірмейді,
Осы екен ғой өмірдің қиын жері.

Кім жасайды сондайда сөз таласын,
Таңданасың түсінбей көз карасын.
“Әкең бәрін бұлдірген, оңбаған” – деп,
Ұрысып жатыр бір жігіт өз баласын.

19d

СӘТСІЗ ЖІГІТТІҢ ОЛЕҢІ

Жалауын махаббатың құлатқанда,
Отіппін қылы-қылы сынаптан да.
Оңдысын ішіндегі ойлай берем,
Соңғысын хош айтысып ұзатқанда.

АТАЛЫҚТЫҢ АМАЛЫ

Аталаққа аса жылдам мatalып,
Сағынушы ек Нұқіс жаққа хат алып.
Енді жүрмін үш немерем соңында,
Осы үйдегі үлкен баға аталаып.

Шақырады олар өлең келгенде,
Шұрқырайды шабыт селі жеңгенде.
Жана өлеңді жаттап жүрем ішімнен,
Желе жортып соңдарынан ергенде.

Қызған кезде еркеленген күйге еніп,
Жұмсайды олар қажетіне түймелік.
Біз көрмеген ойындары көп екен,
Коп өзгердім өздерінен үйреніп.

Жалт бұрылып кетер кезде құтылып,
Мың жұтынып тәсіл табам күтініп.
Әбден шаршап енді құлап түсерде,
Бәйбішеме кетіп қалам сыйтылып.

1982.

ӨКІНІШ

Сығалап жұрт құпия білгісі кеп,
Көз салса қаңбақ сөзге ілгісі кеп.
Құлышынар еріндерім саған қарай,
Сәулемей гүлге ұмтылған сүйгісі кеп.

Қайтейін сығаласа сығаласын,
Бәрін де қайран ақын құп аларсын.
Ұрлықтың айтып қылған айыбы жоқ,
Сүйдім ғой көңіл қатты құлағасын.

Жел сөзге сол қылым жол аша ма,
Озін ал, беу қара көз, арашаға.
Сүйді деп жұрт көзінше айып такса,
Окіннің сүймегенім оңашада.

1982.

АЛЬБОМҒА

Тоймаспын таңырқасам неше күндей,
Қоймаспын ауыр сұрақ шешерімдей.
Персия перштесі сен деп қалдым,
Елжіреп есі кеткен Есениндей.

Күйылған көкірекке ақ олеңсін,
Тарықсам іздел табар гажап емсін.
Жүзінен жүргіме нүр тогілді,
Сен менің шапағатты Шаганэмсін.

Корші едік қырғыз, қазақ іргелескен,
Жоқ емес кимас мезет бірге кешкен.
Үндемей тоң ішінде қалармысын,
“Чоң аға, ақ боз үйге кір” деместен.

1982.

“ШЫДАШЫ”

Жәмиләнің койнына кіріп кетсе құдасы,
Деп құледі: “Мынасы несі, мынасы”.
Бірақ үні шөже шиқыл естілді,
Жек көрмейді расы.

Терезенің тубінен құдағи өтіп барады,
Көрмегенсіп Жәмилә құдасына қарады.
Қарады да:
“Шыдашы, - деді, - шыдашы!“.

1977.

БӘЙБІШЕМНІҢ АРМАНЫ

Арманым көп, отағасы, түсінсөн,
От басы аман,
болсан есен шүкір сен.
Балаларды пенсияға жеткізіп...
Немерелерді институтқа түсірсем.
Содан кейін...
Бой түзеп бір күтінsem.

1982.

КОРШАҒАН ОРТА ҚОЛДАСА

Сауық кеш бас кезінде қызып алды,
Жүзіне асау шарап ізін салды.
Бір сөзді күзеймін деп үзіп алды,
Бір сөзді түзеймін деп бұзып алды.

Патшагар терең ойға олак екен,
Дос. жаран дым сезбеген болалы екен.
Байқасам ақылдылар арасында
Ақымақ ен ардақты қонақ екен.

1982.

KIM MЫRЖЫҚТЫ КҮНДЕМЕС?

Мыржық ағай ақылды адам расында.
Төрт-ак класс бітірсе де жасында,
Сан салалы айла жасар өмірге.
Академия .. Университет бар басында.

Бір інісі бастығының хатшысы,
Ал біреуі – құнібойғы атишысы.
Бір жиені – тұнібойғы сақшысы,
Оз әйелі көптен завхоз осында.
Нағашысы сауда-саттық басшысы.
Главбухпен үйі тура іргелес,
hәм табақтас, hәм үлделес, бүлделес.
Қызыл жаға - полковник баласы,
Өз қызметі – үндемес.
Кім Мыржықты күндемес?!

1987.

БӘЙБІШЕМЕ ТІЛЕГІМ

Туды бүгін екінші немереміз,
Тойлаймыз да
Шаттыққа кенелеміз.
Ақ бесікте, ақ бөле үніменен,
Келер күнге сеніммен жөнелеміз.

Сәтті болғай бәйбіше,
еккен егін,
Көңілім толқып түр бүгін
Неге менің?!
Ең бірінші көргенде немерені,
Әжелікке қимаймын – деген едім.

Бұзбайды екен дәреже жаны асылды.
 Үзген жоқсын
 Қүштарлық таласынды.
 Жасаруға немере дәру беріп,
 Болды саған әжелік жарасымды.

Үні қандай
 тамаша әдемі еді,
 Іңгәлады, іңкәр үн әжеледі.
 Екі дүркін әжелік құтты болсын,
 Әже болғай бірнеше дәрежелі.

19c

НЕМЕРЕЛЕР

Немерелер көз ашқалы қезінен,
 Сүйем бәрін тым ерекше сезіммен.
 Бірақ, осы балапандар жабылып,
 Бәйбішемді тартып алды өзімнен.

Ақ бөкен жүр “әжекейлеп” жолында,
 Кенжесі жүр “апашкалап” қолында.
 Борсаландалап қонжығындей аюдын,
 Ақ бөпе жүр кірекейдің сонында.

Көпсінбеймін.
 Көп емес те баламыз.
 Барға риза, тату-тәтті арамыз.
 Өттен түнде
 бәйбішемнің қасынан,
 Шықпай қойды әнебіреу қара қыз.

19

КӨРІМДІККЕ, ҚҰДАФИ НЕ БЕРЕСІН?

Дана деген ақ бөпе алтын қалқам,
 Туган күні аяқты бастық тарпан.
 Алматыдан құдағи ұшып жетті,
 Дүбірлелттік шілделік салтын даркан.

Осындауда қызыкка кенелесін,
 Көрғісі кеп отыр ғой немересін.
 – Қуанышқа ортакпыз. – дедім сонда,
 Көрімдікке, құдағи, не бересің?

Тірлікегі бұл да зор белен ғе еді,
 Шаттық кернеп ақжарқын елеңдеді.
 – Көрсетіңдер тезірек,
 Көрімдікке
 Не сұрасан мен соны берем, - деді.

Түйіндесем өзімше себебімді,
 Сактап келем құдалық беделімді.
 Әлі қүнге үялып айтпай жүрмін,
 Құдағидан сұрайтын керегімді.

1982.

МҰРНЫҢ КҮЛІП

Талай жыл бір сырынды жүрдім біліп,
 Жүрдім біліп, қармакқа іліндіріп.
 Байқағаным, жеткізіп жан талабын,
 Мені көрсөн, тұрады мұрның күліп.

Түсіне алмай кей-кейде жүрдім күліп,
 Қаңдай ғажап
 Жан сезбес сылқым қылық,
 Оң қабағың тартады жолым болар,
 Бір қараши тағы да мұрның күліп.

1982.

“АҒА” ДЕЙСІН

– Аға! – дейсің,
 Өзеуреп, өртендіріп.
 Қарлығаштай көрсөнші өрт сөндіріп.
 Сүйсіндірді жанымды мөлдір көзің,
 Тілдесуге келдім ғой дерт көндіріп.

— Аға! — дейсің,
алаудап албырт сезім.
Баркыт қозге кетті ғой балқын төзім,
Үздікпес ем үніңмен дәру іздең.
Шыр айналтты басымды жалғыз сөзің.

— Аға! — дейсің, сүйсінің, жарылканып,
Лебіңмен құлшының, алдың азық.
Сұлулықтың тетігі қайда десем,
Жаралыпты өзгеден жаңың нәзік.

— Аға! — дейсің,
Жұмбақ көп жылы жүзде,
Кім екенбіз біріміз бірімізге.
“Аға” деген жіберер атшақтатып,
“Жаным” деген бір сөз бар тілімізде.

198.

ӘНУӘРБЕК БАЙЖАНБАЕВҚА

Дабыл қақса сабырлы сөзі ашық,
Еске салды дәүірлі біздер машық.
Әнүәрбек “Ә” десе Левитан,
Кіріп келер деп қалдым есікті ашып.

Ол әулие оқымпаз мықты десем,
Әулиелік көп сырын ұқтым кеше.
Әнүәрбек “Ә” десе жалт қарадым,
Үйге кіріп келердей “мұртты көсем”.

198.

ҚҰРБЫМА

Түнемелден ашытқы әзірлетіп,
Айран үйитпа асығыс мәзір етіп.
Қоры жаксы тілдің де татымы бар,
Зіл сактама ойнасан әзілдетіп.

Жок нәрсеге, жан құрбым, қыза көрме,
Ләzzат ізде, ғашық бол, ыза терме.
Не болса да, қалқам-ау, бар айтарым:
Үәденді кешегі бұза көрме.

1983.

“ҚҰДАЙ АТҚЫР”

“Құдай атқыр” депті ару жарына,
Жігіт қайтсін, берді құдай тағы да.
Сакта мені, сакта “құдай атты”, – деп,
Құлап түсті бір сұлудың маңына.

Қалжын сөзге көп теліткен көмейді,
Енді женгем аңы тілін бөгейді.
“Құдай берсін”, “Жарылқасын тәнірім” –
Деседағы “Құдай атқыр” демейді.

1984.

СЕЗІМ

Ә, солай ма? тәртіпті білсін батыр.
Кеш келіп ем сүм жүрек күрсінді ақыр.
– Кайдан жүрсің, аташым? – дегендей бол,
Кемсөң қағып немерем үрсып жатыр.

Мен асықсам демендер - тулен тиді,
Қол босында молырақ күтем сыйды.
Келіншектер, реңжи көрмендерші,
Женғен емес, немерем реңжиді.

1981.

СЕНГЕНИМ БАР

Әй – қәпір – деп айта алмайды еш пенде,
Тіл табамын кейде сырттай өшпен де.
Соның бәрін айғақ етер қазағым,
Жүзте бөлгіш сүмпайылар өшкенде.

Айтар сырым
аїкын ашық тілегім.
Бір казакты үшке бөлмей түледім.
Жүргегімнің лүпілінен естіндер,
Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің тілегін.

Алыс жолда жүрген ауыр шақтарда,
Олен өрдім ерте тұрып ақ танда.
Сағынышты елге сөлем жолдадым,
Ауыл жакқа құстар күзде қайтқанда.

Аз сөйлесем сенгенім бар көш түзер,
Сағынышты жаңа әнім жеткізер,
Озге сырды тәмамдайды “Жезкийк”,
Жанарымен жанға рахат сепкізер.

1984.

ТӨЛЕГЕН ДОСМАҒАМБЕТОВКЕ

Албырт кезі әрі жас, әрі сыйлы,
Намыс, шіркін, шымшылап жаны күйді.
Таяқ жеді ол
“Күн көсем” мұсінінен,
Сәл биіктеу орнатып Әлібиді.

Ойлантпайды саясат мұсінді көп,
Үндеу қайда. Ол кезде ішің білмек.
— Әліби-агам Лениннен бойшаш еді, —
Деп Төлеген болыпты түсіндірмек.

1985.

ТАПҚЫР КЕЛІНШЕК

Ұзак жолда қызықтырмай жан адам,
Жас келіншек тіл қатпаған манадан,
Сайрап кетті озған аттай еркінсіп,
Үйір тапты үйге кіріп даладан.

Бірі бітсе, бірін бастап жанадан,
Әзіл төкті елге сирек тараған.
Кей жігітке тиді ала құйыңдай,
Шаңқай түстө көз аштырмай қамаған.

— Жылы жерде көрсөттің гой керемет,
Беу, құрбыжан! Туып қалды не себеп?
Көбелектей женіл кетті кей сөзін,
Жылы жерде тиген жоқ па кебенек. —

Десем, ару тез қайтарды себелеп:
— Бой қызғанда ғадетім жоқ тежемек?!
Жаураганда жау қөрінер еркектер,
Шешінген соң ауыр сейлеп не керек?!

1984.

“ОБАЛ-АЙ”

— Қызы-қырқынға ебің қалай? — дегенде,
Тұманбай түсті әжептәүір елеңге.
— Кәке, сізге жалған айту болмас-ты,
Бармайықшы, — деді, — сонша теренге. —

Үнсіз қалдық өзіміз берің өзіміз,
Алшақ өтті албырт, асау кезіміз.
Біраздан соң ұяла қарап құлді де, —
Деді, — қандай салт шегесіз өзіңіз? —

Жауап қаттым:
— Баяғыдай қайсармын,
Сұлу көрсем көніл жықпай қарсы алдым.
Бірақ, елді ренжітіп алмаска,
Әму қызын бір сүюге тайсалдым.

Шындық осы толқып кетсем толағай,
Қыл үстінде келем сүйт, одағай. —
Дедім, — елде жойқын едім, шіркін-ай... —
Енді жүрмін сұуларға жоламай,
Тұмаш сонда деді ақырын: “Обал-ай!”.

1985.

Б.АХМАДУЛЛИНАҒА

Кара етіктің өкшесі сере қарыс,
Дегендейсің кел, достым, желе жарыс.
Әтген, шіркін, тар жerde кездесілпіз,
Ертеректеу болмадың неге таныс?!

Жер бетінде сирек қой сендей құрбым,
Озгелерді жүректен сендей сырдың.
Берік едім. Япырмай, не бол қалды?
Осы жолы өзіме сенбей тұрмын.

Жарасады үстінде қара шапан,
Есім кетті қара көз тамашадан.
Ұшып қана жетер ем сахнаға,
Қасымда отыр қол соғып бала-шагам.

1985.

* * *

Бұзып өтер
Жат хабар бес төбені,
Жақсы ақпарат адасып кеш келеді.
Зор өсекті бұл құнде ел үклайды,
Горбачевте гәп десен тез сенеді.

1990.

ЖАБЫҚ СЫР

“Аз емес күпия болған іс,
Жастық шак олжасын оргамыз.
Жабайы деп журме сұлуға,
Жол тапқыш жоргамыз.

Қай жігіт қымсынбас біз барда,
Қырғидай тилюші ек қыздарға.
Бәрі де еткен іс, сөкпеніз,
Бәйбіше, қызғанба”. -

Деуші еді жасамай сақ қалам,
Мезетте өзін көп мактаган.
Бұлдірді-ау бұл жолы ағамыз,
Ол неге есікті жаппаған?!

Кенсе ғой, басқа орын таптаған,
Шіркін-ай, жаңылды-ау жақсы адам.
Тал түстө есікті жалпаған.
Мәс-с - саған...
Сұқ көздер каптаған
Үзіліс кезі ғой ақ табан.

Алланың әмірін кеш ұқты,
Кеш ұқса сүм тағдыр өшікті.
“Сақтансаң сактармын“ депті ғой,
Беу, ағай!
Жауып жүр есікті.

1986.

НЕМЕРЕМНІЦ САҚТЫҒЫ

Кім тосекті екіге бөлектемек,
Енді қажет болып түр жедел көмек.
Кеше кенже немерем келдідағы,
Екеумізді жатқызыды бөлек, бөлек.

Сескенгендей түнгі аспан сарайынан,
Жатар кезде жөні бар дәл айырған.
Үйкисы әбден қанғанша ол әжесін,
Шығармайды екі елі маңайынан.

Келіншекті торуга ұста халық,
Іздел барсам атар таң нұскаланып,
Жатыр екен күлындаі қосакталған,
Бәйбішемді білектен үстап алды.

Түн осылай, ағайын, қрыйындағы,
Күндіз берер шал, кемпір сыйын тағы.
— Сен әжемді іздеме ата-деді
Бірге жатам касына бүгін тағы. —

Күдіктеніп, сабырлы қабак түйіп,
Деді бірде әжесін жайлап сүйіп:
— Сүйесің ғой атамды сен сүйесің...
Кетіп қалма сен оған байға тиіп.

1998.

СЕН КЕЛСЕҢШІ

Тұбіне құрке таңдың тығылайын,
Бұғайын қасқыр қуған бұғыдайын.
Қорықканға қос көрінер, сен келсөнші,
Алдыңа есім кетіп жығылайын.

1986.

ҚҰШТАРЛЫҚ

Менің саған таңырқауым сөнбекен,
Бал қурайсың құзгі желге қонбекен.
Кейде тәтті, кейде қатты болсан да,
Ажарына жан тенгеріп көрмен ем.

Жан серік бол, жануяма төрлеген,
Жылдар ізін қыз құніңнен бөлмел ем.
Ашық құнім, ғашық құнім таусылмас,
Аққұымсың айдын көлде өрлеген.

Құшақ жайсаң тез жарасып өндемен,
Мезет ғажап ләzzат, рахат кернеген.
Немерелер улап-шулап жүргенде,
Сені іздеймін оңашалау бөлмеден.

1986

ДОСЫМА ЖАУАП

Білдіргендей қимас, сыйлас реңін,
Ескі достың սұрағына құлемін.
Ғашық жайлы көп жазасың деді ол,
Күйдірмей ме Мәриямнің жүргегін?

Анда сам да адад сөздің төркінін,
Жауап бердім сендердей еркін үн.
Дедім сонда: ең шыдамды қызды алдым,
Жалынына ғашық өлең өртінің.

1986.

РАСУЛ ФАМЗАТОВТЫҢ ЖАУАБЫ

Күшак жайып ізетпен бағалайтын,
 – Расул аға! Ассалау мағалаляр күм!
 Саулық қалай, – дедім мен
 Сабыр сактап,
 Емханада нен бар көп жағалайтын? –

Катты ойланды. Қыздырды ма сұрақ бой.
 Көзі күлді.
 Сыбырлады-ау зиятты ой.
 “Мына сыркат мемлекетте – деді ол, –
 Сау қалудың өзі маған үят қой”.

ҚҰДАШАМА

Аузынды ашсаң көрінген көмекейің,
 Сені қалай, құдаша-ау, сөз етейін.
 “Ой, құтырғыр” дегенің ұнап кетті.
 Кисаймайды ондайға тебетейім.

Әзілінді айта бер ойдағы көп.
 Бұл құданың ондайға тоймағы жок.
 “Құтырғыр” де, нұқып қал, жүрт ойласын
 Арамызда ештеме болмады деп.

1989.

АҚЫННЫҢ АЙТҚАН ДЕРЕГІ

Мазам кетіп жүрген жоқ
 Марқайдым деп,
 Шаш ағарса шалқыдым
 – Алтаймын, – деп,
 Жанарына жанкешті қадаламын,
 Тамағынан дәм татып байқаймын, – деп.

Сырымды айтсам,
 Бәрін жөн көремісін?

Серттен таймас
 Қайнап түр қоңе қүшім.
 Өзім үшін керегім үйімде бар,
 Тиістім ғой мен саған өлең үшін.

1989.

САҚТЫҚ

Жылағаны — бізге деген сый шығар,
 Томсарғаны қай сұрағы? Білші бар.
 Беу, әжесі! Сүйкене берме сен маған,
 Ана бала біліп қалса ши шығар.

1990.

ЗАМАНЫҢ ТҮЛКІ БОЛСА

Бас молланың үйіне,
 Әкім кіріп барады.
 Таşпық созған қүйіне,
 Жұрт қызығып қарады.

Дін, хадиске сый, күрмет,
 Байқап ауыл ұнатты.
 “Қозғалмаса Мұхаммед,
 Тау қозғалған сиякты”.

Сезіп аң-таң қаламыз,
 Тілектері бір екен.
 Партком болған ағамыз,
 Молла болып жүр екен.

1990.

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Осынау біздің заманда,
 Дін, мұсылман аманда
 Көк Есіл сенің жағанда,
 Перзентке көңілі аланда
 Әбілмәжін мен Жамалға,

Тұмаған бұрын ғаламда
Бір сұлу қыз беріпті.

Рахмет алла, саған да,
Саудабың зор ғой адамға.
Нұр жауды құтты қадамға
Жарқ етіп бакыт жанарда
Адал жар етіп маған да.
Жүректің емін табарға.
Жараттың ғажап серікті.
Сөзімнің осы шешімі
Мәриям екен есімі.

9 декабря. 1990.

* * *

Жасырынба,
Жүгіре шық. Келдім де.
Бала күнде бірге шие тердім де.
Қалай ғана құпиялап сактарсың,
Нарттай қызыл ізі бар ғой ернінде.

Жасырынба.
Кел, қатар түр қасымда,
Тірі жаннан сескенбеуші ең жасында.
Еркеліктің ізі жатыр өлі де,
Орілмеген қою қара шашында.

Жасырынба.
Берірек кел, батымда.
Кездескенің айып емес, жақында.
Сурағым бар:
– Кейде есіне алдың ба?
Өлең жазсын,
Сырынды айтшы ақынға.

1991.

БІРІНШІ СӘУІР КҮНІ

Жолың болмай жайылар атың елге.
Дәл сол күні сұлуға батыл келме.

Әсіреке құпия ғашығыңмен,
Кездеспе, дос, бірінші апрельде.

Жаратса да аз өмір берік етіп,
Басқан ізін жаңылтар кері кетіп.
Ұзак деген сапары тым келте бол,
Сен барғанда келеді ері жетіп.

Бірақ, сөкпе бүл фани кең сарайын,
Күйкіленбе. Күйінбе. Ем табайын.
Үйінде отыр бірінші сәуір күні,
Сақтық керек, орныңа мен барайын.

1992.

ӨЗІМЕ АЙТҚАН КЕҢЕСІМ

Тұнемелден үйитқы әзірлетіп,
Сузын тоспа қышқылтым мәзір етіп.
Сүр секілді сөздің де татымы бар,
Зіл болмасын тіл тартсаң әзілдетіп.

Созып кетті - демесін - қатты бөсіп,
Бір жарқ етіп, үрдіс өт отты кешіп.
Езу жимай женгейлер қала берсін,
Жаңа келіп, бір қайнам кетті - десіп.

1992.

ЖЕҢЕШЕМ АТЫ – ҚАМАЖАН

Бар менің Шәкір деген қадырлы ағам,
Жасынан әнші, сері ағындаған.
Көп таңдал, кеш үйленген кербез еді,
Япырмай, қалай ғана жаңылмаған.

Қайырмасы:
Женешем аты – Қамажан,
Күйеужан әрі балажан.
Бір көрсөн естен кетпестей,
Ақылды, көркем, дана жан.

Женге деуге қимаймын,
Жел тигізбей сыйлаймын.

Жасынан Шәкір ағам арияшыл,
Жарқ еткен от жасындај жарияшыл.
Бірге оқып кеш үйленген сылқым еді,
Көркейтті жас жеңешем жан ұясын.

Қайырмасы:

Қыз көрсе Шәкенәй айла тапқыр еді,
Ақыры орындалды ақ тілегі.
Ағаны кеш үйленген күрдас демей,
Құдайым бір жеңемнен қақты мені.

1992.

* * *

Ақ дидарын бір көріп тынығарсын,
Сыр, сымбатын дәл сендей кім ұфа алсын.
Қалт еткізбей, қыл қалам, сурет салшы,
Көрші қыздың баяғы нұры жансын

1993.

БӘРІНЕН ДЕ

Алматыда ауырмадан адам жоқ;
Тұщкіреміз, пыскырамыз амал жоқ.
Құдашалар бас көтермей тәсектен,
Бәрінен де ауыр тиді маған көп.

Қар көп басты көшелерді, үй алдын,
Кардай аппақ жауғанын-ай қиялдың.
Қарға адым жер аттамаған күн болды,
Бәрінен де құдашалардан үялдым.

Ыңқыл-сынқыл, алай-дулей төңірек,
Құда іздеуге келмей қалды көп рет.
Беу, қудаша! Ренжіме жаз шықса,
Бәрінен де кездесерміз көбірек.

1992.

ҚҰЛЗИЯНЫҢ АЙТҚАНЫ

Төрегелді ағамыздың жұбайы,
Енесімен сырласады ұдайы.
Карт ана үшін көрінетін келіні.
Шаңырактың құт-береке, Күн-Айы.

Бірде айтыпты:
Апа, есен жүрініз,
Корған болдық бірімізге біріміз.
Төрегелді орыс қызын алғанда,
Екеуміздің
не болар еді күніміз?!

1993.

ЗЕЙНЕКЕШТІ КОРГЕНДЕ

Ұялаған жаныма сырды біліп,
Баяғыдай балбырап тұрды құліп.
Қыз кезіндей аш белі сакталыпты,
Биге қазір шығардай зыр жүгіріп.

Сағыныштың сарғайған іі қанды,
Елемеді қалың топ жылғанды.
— Рұқсат бер, Мәриям — деді дағы,
Қатты қысып құшактап сүйіп алды.

Iсі осы ғой, құдай-ай, асыққанның,
Мен тағы да сүйе алмай сасып қалдым.

1992.

ҚАЛЫМТАЙДЫҢ БАСТЫҒЫНА АЙТҚАНЫ

Көмекшінің жақсысы құн қылады,
Ал, нашары бастықты жын қылады.
Миғұланы қасына жолатпашы,
Қатарға қос елде бар сұнғыланы.

Ойлан, бастық...
Көрінсін манайынан,
Шығын намыскер, тер кеппес самайынан.
Футболдың да тандаулы “командасы”.
Күралмайды ет жақын ағайыннан.

1992.

ДИХАН-АҒА ЖАУАБЫ

Дихан-аға, Советтің үкіметін,
Түп - тамырдан жан едің түсінетін.
Қалай шашшан құлатты
Оқ, шығынсыз,
Доп болды ма қолға тез түсіретін.

Дегенімде сұракқа заты ұнаған,
Сәл жымышп,
тіл қатты ақын ағам.
Болып тұрды тақаған тоқсан жастан,
Откен күнге көкірегі қатынаған:

– Құлады өзі бар үлтқа “ағамын” деп.
Қаққа бөліп жер шарын “бағамын” деп.
Мағжан ақын айтқандай
Құлады өзі,
Әлін білмей, көп әдіс “табамын” деп,

Саясатты, өсекті білмеген ем,
Тасқындаитын ғашық жыр күнде менен.
Оралған соң соғыстан
өлеңдеткен,
Аз болған жоқ жұмысым түнделеген.

Өтті, кетті
бір заман заты қысқа,
Қайта оралтпа,
О, тағдыр! Жаңылыспа.
Соңғы сөгіс алып ем,
Соңғы ғашық
Әуресімен “үсталып” қапылыста.

Көнілімді сол күндер сынық етті,
Бар еді ғой сылқитар құрығы епті.
Махаббатқа партия араласып,
Күнәхәр боп ақыры құны кетті. —

1992.

ЖАС АҚЫННЫҢ СҰРАФЫ

— Ақынның асылы бар, төмені бар,
Дарыны дара туған бөлегі бар.
Бітіпті барлығына ортақ мінез,
Күмартса болады екен өле құмар.

Сұлулық деген жалғыз қорегі бар,
Озгеден кендеу жүрек көлемі бар.
Сезерсің бір сүйгізсөң
Ыстық тілмен,
Ерніңе жазып кетер өлеңі бар.

Болса да жүрек асау, ақыл биік,
Көкірек әрен шыдал жатыр құйіп.
Құрбым-ау, шыныңды айтшы,
Көз ашқалы
Көрді ме бетінен бір ақын сүйіп?

1992.

ХАМИТ-AFA АЙТҚАН СӨЗ

Ақымақ ақылдыны мезі етеді.
Дым білмей асыл сөзді тежетеді.
Сондайда бір сыйдырғы айбын керек,
Есерге сөз өтпейді, көз өтеді.
Емеспін мен ондайға өле құмар,
Әй, кейде... таяқтың да керегі бар.

1992.

ЭКОНОМИСТИҢ АҚЫЛЫ

Жеті рет өлшеп,
бір рет кесіп-пішілу,
Мәселені ол — анықтап пісіру.

Нарыққа да ертең қарық болармыз,
Шешім жолын ләзім саспай түсіну.

Алыстан да, берістен де қысылуу,
Адақандык. Қажет жылдам пысығу.
Шешімпаздар аз емес қой
Керегі,
Бірдемесі барды қолға түсіру.

1992.

ҚОС БҮРЫМ

Шақырсам қара көзді биге кел деп,
Қос бүрым жан баурады ирелендеп.
Баяғы бозбала құн еске түсіп,
Қасына ере бердім күйбелендеп.

Қандай сыр жүргегімде түймеленбек,
Домбырам бүгін қызық қуйге келмек.
Бір кеште билегенім рас еді,
“Ұры сөз” елге жетті сүйрелендеп.

Ақ шашқа қара көзден ерген жала,
Қызық қой, оны білер көрген ғана.
Көзімнен қос бүрымы кетпесін де,
“Ұры сөз” құрып кетер ертең ғана.

1992.

ӨСЕКШІГЕ

— Ораза — деп нені айтады, ағатай? —
Деп жабысты бір өсекші жағалтай,
Ынта койды сеніммен.

— Қырық құн арақ татпасаң,
Қырық құн өсек айтпасаң,
Ораза сол! — дедім мен.

1993.

ЖАҢАЛЫҚ

Көз көргенді еске айқын салалық,
Тез айтайын сүрленбесін жаңалық;

“Сіп-свежий”
 жана сойған қой етін.
 Бір мұзлатпай пісірмейді қалалық.

Қалалықтың көрсөн қару-жарагын,
 Қасқа бастар тастамайды тарағын.
 Жүргт көзініше құран оқып, кіжініп,
 Үйіне кеп ішеді екен арағын.

Бір гажабы – ел дәстүрін жоқтайды,
 Қызырыс көп.
 Одан артық жоқ қайғы.
 Астаналық кей ағамыз жыл бойы,
 Тойлай, тойлай үйіне бір соқпайды.

1993.

НАРЫҚ-ҚЫЗ

Нарық – қыз
 Ұнтық етсе нұрын мені,
 Атағын алты алашқа дүрілдеді.
 Шап беріп
 ак білектен үстай алсам,
 Тал бойын неге сонша дірілдеді.

Керкіне көп карасам күлімдеген,
 Шығарды есеп-қисап үнінді ерен.
 Койныңа кіріп кеттік
 Малды беріп,
 Қыз болсаң жаарар еді-ау бүлінбеген.

1992.

ҚАРАБАУЫР ҚАСҚАЛДАҚ

Қарабауыр қасқалдақ
 Суға пәле тасиды.
 Қырға шығып қақшаңдал,
 Арқа-жонын қасиды.

Қайырмасы:

Майға шөккен қасқалдақ
Көлге пана болмайды.
Ұшпаған соң аспандап,
Шүрегейлер қорлайды.

Ұзын-тұра қасқалдақ,
Көрінеді зорайып,
Үйір-үйір алшандап,
Тез өседі молайып.

Қайырмасы:

Көл түйесі қасқалдақ,
Шел тұнады көзінде.
Өзге түгіл борсандаپ
Қорғай алмас өзін де.

Қайырмасы:

Кербез аққу таранған,
Құс ордасын бастасын.
Шүрегейге таланған,
Қасқалдақтан сактасын.

Қайырмасы.

1992.

ЖАРКЕНТТЕГІ ҚУДАША

Жаркенттің барып едім базарына,
Тап болдым көп қудаша ғажабына.
Майысқан күба талдай ең сұлуы,
Көзі ойнап
алды құштар назарына.

Ақ желкен

Шашты байқап “шал” лемеді.
Көргендей болды өрде нар кемені.
Ынтығып қарай қалса
болды еріксіз
Барына құдашаның жан дәмелі.

Құданы астаналық көріп анық,
Топ жарып, қуып жетті өліл-талып.
Каймығып,
Кайқаң қағып, өте шықты,
Касымда бәйбішемді көріп қалып.

19:

ҚҰДАША НЕШЕ ЖЫЛДЫҚ БОЛАДЫ ЕКЕН?!

Той келді ауылымды шарықтатқан,
Күн туды бал шарбатты қанып татқан.
Жас отау шаңырағы берік болсын,
Ата, ана куанышын анықтатқан.

Ән салсам қудағиды таңдандырып,
Елінде жүрсін бізді арман қылып.
От құшак, үшқыр бидің қызыумен,
Бастарын жіберейік айналдырып.

Аймақты Ай қабағын нұрландырып,
Құдаша, кейпің гажап түрған құліп.
Мың алғыс айта берем, арнай берем,
Қоймаса құдай сені бұлдандырып.

Құдалар, құдағилар қонақ екен,
Бәрін де құшагыма орап өтем.
Құданы мың жылдық - деп ел атаса,
Құдаша неше жылдық болады екен?!

19:

* * *

Адам сүйер өзінше өр баласын,
Олар саған таласса таң қаласын.
Балалық пен жастық шақ - деп қаламын,
Немерем мен ұлымның тайталасын.

Тастай салып қасында өз әкесін,
Құшактасқан мезетті әс етесін.

Айтпаса да алыстан андал қалам,
Немерем мен қызымының бәсекесін.

Жерге жеті аспаннан не түскені,
Белгілі ғой боліспен жетіскені.
Ойынышыққа таластан басталатын,
Ұлым менен қызымының шекіскені.

Қызыға ықылас көбірек бұрмаланса,
Ұл түсетін жасында мұнға қанша.
Бүгін олар асығар қолда барын,
Бір-біріне тезірек сыйлағанша.

Аяз ата секілді көрмедегі,
Немерелер игерсе төрде мени.
Бәйбішемнің жанары жарқ етеді,
Ол – “шалымды өзіме бер” – дегені.

1993.

АУЛАДАҒЫ КӨРІНІСТЕР

1.

Емхананың ауласы,
Тар емес те, кең емес.
Арулардың тәубасы,
Топталы жүріс, көп кенес.

Жігіттер жылжып барады,
Күлкіге кезек суарып.
Ақын ағам қарады,
Қарсы өтіп жүзі жұбанып.

Білмейсің сауын, масын да,
Женілген бар, женген бар.
Оні жап-жас қасында,
Ұяла құлген женгем бар.

2.

Ақын аға, байқаңыз,
Көріп қалдым төбенди.

Келіншекке бейтанаис,
Отыр ең оқып өлеңді.

Білдім жаксы екенін,
Салмағаны ешкім зер.
Палата жаққа екеуін,
Неге асығыс кеттіндер.

Қызыктым жорға күйіне,
Береді-ау қуат тектіге.
Сол келіншек үйіне,
Күн батқанда кетті ме.

3.

Ағайды көрдім бүгін де,
Бөлектеу жігі өзгеден.
Құпия бар үнінде,
Амандасты көзбенен.

Сұлуға жаққан қыңқылы,
Мықты ағам деп токталдым,
Емханада ыңқылы,
Әлде қалай деп қалдым.

Мақтаныш етем, досым-ай,
Жаныма менің жақынды.
Сексен бесте осылай,
Серілік құрган ақынды.

Көз ақы алып көргеннен,
Не керек үзак сөз - көше.
Кешегі көрген женгемнен,
Бүгінгі женгем өзгеше.

1993.

ОРЫНБЕККЕ

Орынбек, келіп қалдық алпыс жасқа,
Егделік әкеліпті салтын басқа.
Хал, жайды бәйбішелер біледі ғой,
Не дерміз көңіл кеткен қарындасқа.

Жасымнан тату өскен егіз бе едік,
Беу, достым, мұның қалай? - дегізбедін.
Елудің кең жайлауын тастап шығып,
Алпыстың ақ боранын неге іздедін?!

Жастық шақ өте шықса қарамай да.
Табарсың өкініштен шала пайда.
Нарыққа қарық болмай жүргенінде,
Аңсайтын жас токалды шама кайда.

Әйтеуір қартайдым - деп асықпағын,
Токтатып, кісен салар уақытқа кім.
Тіршілік әр мезетті ардақтайық,
Көрерміз әлі талай ғашық таңын.

1993.

ҮМІТТЕНУ

Жан едін ақ көңілді қайтармаған,
Сырым көп сүрлеп, сақтап айта алмаған.
Барасың былқыл-сылқыл жүзіп, қалқып,
Қайықтай көл төсінде қайқандаған.

Япырмай, неткен мөлдір жанар еді,
Жанымның рахат сәті жаңа келді.
Жадыrap құрак үшты жарқын жүзін,
Ойлаған жерден шықсам жарап еді.

Жүректі қара көзің талқандаған,
Қалайша назар аумас қалқам, саған.
Бар екен талай дүнияң тал бойында,
Жабулы жүре, жүре байқалмаған.

12.01.1993.

АЛТЫ ЖАСАР АТТАСЫМНЫҢ ӨЛЕҢІ

Қыздар мені көріп қатты сасып жүр,
Ғашық болып ауыздарын ашып жүр.

Кімді таңдал аларымды біле алмай,
Осы құні миым қатты ашып жүр.

Қайырмасы:
Алты жасқа келгенде,
Болдым қатты шерменде.
Ұяламын көп қыздар,
Қыр сонымнан ергенде.

Айту қыын жақын, туыс, бауырға,
Оку - деген түсті үлкен ауырға.
Біріншіге барасың - деп жүргені,
Жіберіпті он жыл білім алуға.

Қайырмасы:
Кісінейді қырда қоңыр күренім,
Міне сала шапқым келіп құлемін.
Құдайым-ай сейтіп қашып кетпесем,
Қыздан шошып қатты сокты жүрегім.

1994.

СҮНДЕТ ТОЙЫ

Ұлдың тойын ардақтайтын кез келді,
Бастан кештік, соның бәрін көз көрді.
Насыбайдың заты қалды өзгермей,
Ішің білсін аты ғана өзгерді.

Парыз өтеу ата-ананың арманы.
Сүндет тойы қылы-қылы бар мәні.
Жыламашы, қысқарса да бір мыскал,
Жетеді екен, жетеді екен қалғаны.

Құтты болсын! Тойларыңыз ата-ана,
Қосыламыз ел арнаған батара!
Беу, балақай! Куанышың көбейсін,
Тарттың бүгін нағыз қазақ атаңа.

Жігіттікке дайындық,
Зор міндетті қайырдық,

Кекіл киған секілді,
Артық жерін кетірді.

Тілегім сол ұсынған,
Жаңа туған мұсылман,
Жиын топқа бөліндік,
Көп жиналсын көрімдік!

1994.

БИАҒАМА ТЫҢ ХАБАР

Биаға!
Әзіл сөзің жалт қаратты,
Тың хабар сөз қозғайық ақ қанағатты.
Шіркін-ай, сенің аңы шымшыманды,
Кер заман дер кезінде аз таратты.

Баяғы, “Көк сиырың” бұзаулады,
Жал бітіп Қарагер ат жұз аунады.
Бұл күнде
ауылнай жоқ “қой, шәй!” – дейтін;
Ботадай боз баланы қыз аулады.

Самғап жүр Мырқымбайың самолетпен,
“Ұшак” деп оның атын атап кеткен.
Ұшақжан құшақ-құшақ пайда тауып,
Жер жыртып, шөп шабудан таза кеткен.

Тажалға ас болмайды арам бақыр,
Сен айтқан
дәлдү бастық арамда тұр.
Мал мен жер не боларын құдай білсін,
Колхоздар “құдай ондап” тарап жатыр.

Жалауы саудагердің желбіреді,
Ондріс жатқа кетті селдіреді.
Бар малды қант пен шәйға құрбан еттік,
Кенседен жалақы алу ел тілегі.

Кеше гор, тың хабарда көп сөйледім,
 Келді ғой деп сөйлегім токпей сөлін.
 Сандалып жұмыс таптай жүргендер көп,
 Тоздырып ең ақырғы көк көйлегін.

Азайды күрек үстар, айырнылар,
 Оларсыз енді қайтып ауыл шыдар.
 Орнына қаулаг өсіп келе жатыр,
 Жарысып коммерсант пен қайыршылар.

Одакқа туды кеше заман ақыр,
 Генсек тे қашып шықты таза такыр.
 Қалғаны Жазушылар Одағы еди,
 Ол дағы тәлтіркеп бара жатыр.

1994.

АЛПЫСЫМ

Кәрі де емес, жас та емес,
Шекара болды алпысым.
 Жарысып келер жақсы елес,
 Алпысым - менің тал, тусім.

Үзілмес үміт береді,
 Ақ сәуле атқан танменен.
 Йиреніп бойым келеді,
 Шатақтау сөзге “шал” – деген.

Әнімді елге жеткізsem,
 Келмесін даусым қарлықтың.
 Шабытпен шалқар өткізем,
 Дәуренін асau шалдықтың.

Ақынға сыйлы өмір дос,
 Жүректі жырмен жылыттық.
 Шалағай, шәлтік көрінбес,
 Шалдардан шыққан жігіттік.

“Қатқан шалмын” – деп өтті,
 Эйгілі бабам Шал ақын.

Табатын сәтті себепті,
Қызылды сайдан қафатын.

Тұсіріп мені қармаққа,
Жөн болады сынасан.
Атып қашсан аулакқа,
“Шал” – демессің құдашам.

1994.

* * *

Қалың іске кара басым көміліп,
Асығыстау жүрсем шала көз іліп,
Алабұлік міnezі бар өлеңнің.
Сұлу көрсө құя салар төгіліп.

Кейде шабыт көп ойнатпай тап басты,
Үйіп, төкті адам ойлап таппасты.
Басқа жерде бәйге берсе бүлк етпей,
Сұлу көрсө ұмытады ақ шашты.

ӘБДІЛДАНЫҢ ФАЙНЕКЕНГЕ АЛҒЫСЫ

85 тін сездім гой қайда екенін,
Білдім тірлік шаттыққа жайлы екенін.
Той жасаған
Көп жаса қарындасым,
“Мен садаған кетейін Файнекенім”.

Ризамын, қызымсың, қарындасым,
Үлдан озар
Көш бастар бабындастын.
85-те атаңды ардақтаған,
Ниетінді бір құдай қабылдасын.

Белгілі гой еліме қайда екенім,
Ұзарғанын әр күннің пайда етемін.
“Сені тапқан анаңнан айналайын,
Мен садаған кетейін Файнекенім” –

Айтты осылай Әбекем той үстінде,
Нәрлі сөзі жан зекет ойысты үнге.
Сол бір мезет көрінді бозша торғай,
Жұмыртқалап жатқандай қой үстінде.

1994.

АВТОПОРТРЕТ

Фотосурет жинақтарда басылды,
Құдашалар құмарланса сөкпеймін.
Өкпелеме көріп аппақ шашымды,
Жастық оты сөніп қалған жоқ – деймін.

Сал, серілер ата, бабам – нар тұлға,
Бірақ, заман біздің бойды шақтады.
Думан тойда ән, күйлетіп шалқуға,
Қызыл ішік киген қыздар батпады.

Денем ширак. Ынжық, борқа емеспін,
Ұзын сирақ “дәкейлермен” тен өстім.
Бойшаң қыз да жасамады қарсылық.

Іске берік, құргақ сөзге сараңмын,
Құдашалар құрметіне адальмын.
Алла берген “авторитет” баршылық.

1995.

МЕНИ ИЗДЕГЕН

Күн батып келе жатыр қызауратып,
Таңсығы көп жүректі жұз аунатып.
Қанымды қыздырады қызыл арай,
Тағы да жүтіртердей қыз аулатып.

Апарған қызды ауылға бізді талай,
Қызық-ау қызара бөрткен қызыл арай.
Қатардан үміттестер қалмасақ та,
Болыппыз үйді көксер кешкепе қарай.

Естилі-ау құпияны байтақ елім,
Озіме-өзім үнсіз байқа дедім.
Келер деп енді қашан? Күткендер көп,
Күн батса үйге шапшаш қайтар едім.

Үйге деп қатты сөйлеп негізденем,
Сен емес бүгін жалғыз мені іздеген.
Күтеді немерелер
Не берер? - деп,
Қозылай алаканнан жем іздеген.

1994.

* * *

Дос едік-ау,
Әлі күнге қимайды,
Төс тақамай, көш үзатпай қинайды.
Бір сиқыры бар секілді көздеген,
Ол өзгеден өзін көптеу сыйлайды.

1995.

“МАДОННА ЛИТТА”

Көс жанарым көргенінді жасырма,
Сондай еді-ау бір перизат жасында.
Сурет емес, Сырымбеттің сұлуы
Отыр ма деп қалдым, міне, қасымда.

Дей көрмендер сұқтанасың бекерге,
Бұл фәниде оған ару жетер ме?!

Озі түгіл тап осынау суретті
Көру paya көз жұмылып кетерде.

Қандай нәзік жұқа өні, иегі,
Шәрбеттісі-ай шиелі ерін жиегі.
Жанған үміт жүлдізыңдай ерекше
Көз тоқтамас дидарына киелі.

Жазық мандаі керім кербез сәні де,
Тіл үйірген ақ тамақтың нәрі де.

Бәрі үксаиды ... мойыл көздер, қиғаш қас,
Әл жетер ме баруға одан әріге.

“Мадонна Литта”...
Сенен кім бар сәндірек,
Суреттеп де есіп түр ғой жанды деп.
Леонардо Да Винчиді ойлаймын,
Мен күмартқан қызыға қарап салды деп.

1995.

АШЫҚ СЕРТ

Мен тіріде қартаоың мүмкін бе?!

Мүмкін емес.
Келмесінші күлкін де.
Пионер құндер ұмытылмас ешқашан,
Пенсионер атансан да бұл қунде.

Қайран қалма.
Неге қарқын басайын.
Қанат жеткен киялардан асайын.
Сен дүниеде
Жап-жас болып жүрсің деп,
Ұзак жылдар мен жігіттік жасайын.

1995.

ЛОРАННЫҢ АЙТҚАНЫ

Үйықтап жатыр жұбайым,
Міне, достар, дұрыстық.
Оған да берді құдайым,
Маған да берді тыныштық.

1995.

ТЫҒЫЛМАҚ

— Бірдемені білдірді тілің тәтті,
Ұмсындырып жанарың қулім қақты. —

Деді жігіт, –
Сырынды ашық айтшы,
Сүймеші едім жасымнан тығылмакты. –

– Ақыл айтып отырсың маған бекер,
Тұсінбесен, жігітім, бағаң кетер.
Абай айтқан тілсіз тіл тығылмақ қой,
Білмегенің, – деді қыз, – жаман екен.

Тығылмақтың сезгенде анық атын.
Қызығына күн болды-ау табынатын.
Ойнамасаң ойнама, мен тығылсам,
Іздейтіндер сенсіз де табылатын.

1995.

ТЕАТРҒА ЖАҢА КЕЛГЕН ДИРЕКТОР

Бастық болып келген біздің театрға,
Жас жігітті дерсін үздік батыр ма?!
Билеп жүрген балерина қыздарға
деген екен:
– Тренировка дұрыс жүріп жатыр ма?

Жиналыста бұл да көптің сыны дер,
Салып отыр өнерпаздың мыңы зер.
Сөз кезегін өзгелерге бергенде:
– Первый тосты алсын, - деді, –дирижер?! ...

1995.

БИЛЕП ЕДІК

Біз кеше топ ішінде билеп едік,
Тұс қөрдім қоз ілгенде үйге келіп:
Кер құлан кісінеді жолға қарап,
Кең сайда жатты садақ тиген елік.

Не дейін.
Жору білмей үндемеймін,
Үялған маған қарап гүлге өгеймін.

Жүрейін көрген тұсті ойлауменен,
Тағы да көп билейтін күнгө дейін.

1995.

РЕФОРМАТОР МИНИСТР

Қызын кетті
жана келген Министр,
Тырысты да, ұрысты.
Бір ғажабы: кеткендерді жамандап,
Қозғамады өзі атқарар жұмысты.

Пәлекет-ай!
Жасап жатыр бос айбын,
Тенселеңді қосылардай қос айдын.
Деді сонда:
— Жән-жосығын білмеймін,
Бірак, достар, реформа жасаймын.

1995.

ТЕНТЕК ОСПАН

Той — думанда Тобықты еткен дастан,
Құнанбайдың баласы тентек Оспан.
“Ойбай Қодар” — деп жылап жұрт жоқтаса,
“Ойбай Абай” дегенді өзі қосқан.

Қактақылмен үлкенді үнілтеді,
Шақпа тілмен кішіні бүтілтеді.
Томпандағын тоқалдан туғандарды,
Тазы көрген қояндай жүгіртеді.

Еркелетіп өзіндей елге қосқан,
Серігі көп тентектің өрде тосқан.
Қызға қырғын, құрбыға сүргін тисе,
Қырғи болып көрінді тентек Оспан.

Жігітке өш тұздығы татымаған,
Тартып туған әкеге батыл адам.

Калындыққа баарда айтқаны бар:
“Калындығын құрысын, катын алам”.

1995.

ЖҮРЕГІМЕ ҚАТАЛ СЫН

Науқасынды, беу, жүрек, емдеушілер,
Айыптады қатыгез тергеушідей.
Дер кезінде тындармай
асқындырган,
Аз емес қой кіналы “мен” деушілер.

Қой, тентегім, құтырма, доғар сауық,
Дәрігердің шешімі маған қауіп.
Қашан айттым мен саған
“бересің, – деп, –
“Сіп-свежий”, сұп-сұлу тоқал тауып”.

1995.

ОСЫ ҚЫЗ

Осы қыз маған неге көп қарады,
Жүрекке қарашибыры от салады.
Жалғанда жаным қалса жарап еді,
Тірідей неге ішіп-жеп барады.

Осы қыз маған неге көп үңілді,
Бұзбаса жарап еді көнілімді.
Махаббат деген ауыр сырқат конып,
Өзгертіп жібере ме өмірімді.

Осы қыз маған неге қадалады,
Қоймаса екі көзі жан алады.
Ай жүзі тұла бойды тебірентті,
Тұтқынға қайран жүрек қамалады.

Осы қыз маған неге көп қарайды,
Қимайды, қызықтайды, дос санайды.
Қасынан кетіп қана қалар едім,
Құмартқан қайран көңіл қоштамайды.

Осы қыз маған неге телміреді,
Жайнаған қос жанары мөлдіреді.
Сакина сау басыма сатып алдым,
Тағы да бірдемеге кондіреді.

Осы қыз маған неге тесірейеді.
Білмеймін ойда жокта не тілейді.
Құшақтап екі бетген сүйін алдым,
Оның да шығып кетсін есі мейлі.

1995.

ҚОРҚЫТУ

Шыдай берші,
Шыдашы, сеніп маған,
Әлек салмай қоймайды қорікті адам.
Махаббатшыл бір өлең жазайынышы,
Мен әйтпесе, бәйбіше, сөніп қалам.

Шыдай берші,
Шыдашы, кешір мені,
Дей көрмеші ақынның есіргені.
Қызыққанды қыздыра мактамасам,
Тағдыр мені санаттан өшіргені.

Шыдай берші,
Шыдашы, көніп маған,
Екі көзім барында қоріп қалам,
Анау қызды тап қазір бір сүймесем,
Енді айналып келгенше өліп қалам.

1995.

КЕЛ БЕРІ!

Таңертең дүние оянар,
Тамаша тәтті үйқыдан.
Таранып сұлу боянар,
Шошынып десал сиқынан.

Тіл тигізбе сен оған,
Таңсығын тапқан атбырап.

Есебі түгел, елі аман,
Жатыр ғой жігіт қалжырап.

Қайталан буйрек бұлқ етер,
Аз болып тұннің ермегі.
Бәлсінбей сұлу сылқ етер,
Дегенде жігіт “кел бері!”.

1995.

МАРАТ НҰРИЕВТІҢ АЙТҚАНЫ

Көш толды біздің көрікті,
Жас құдағи тап болды.
Бәйбішем берді ерікті,
Алпысқа жетпей бақ қонды.

Көп құдалар бас қосып,
Үйірлессе бір жакта.
Құдағи, қалма көп тосып,
Қымсынбай біздің кір сапқа.

Керегі бар ма үгіттің,
Жадырап еркін жүре бер.
Мен жабайы жігітпің,
Бетімнен жиі сүйе бер.

Ақ көңілемен сұрайын,
Барынды сен де жасырма.
Қарта ойнасам ұдайы,
Отыршы менің қасымда.

Шырағың сонда жанады.
Жүрекке болар ақыл сеп.
Бәйбішем ұйықтап қалады,
Қарта ойнап олар жатыр-деп.

Тік айтуға ұялам,
Таласар аз ба дүшпан да.

Ұқсан болды қиядан.
Мен көзімді қысқанда.

1990

ЖАСТЫҚ ШАҒЫМ

Есіме алсам сылқым Сырымбетті,
Құлакқа сыйырласқан үнің жетті.
Бал тамған қызыл еріп тіл үйіріп,
Сағыныш жүрек шетін тілімдettі.

Қайырмасы:

Жалау-жалын,
Алау-сағым
Еріксіз елестейсін
Жастық шағым.

Айдын көл, Кербез таудың етегінде,
Жұруші ең қос аққудай жетегімде.
Есінен кетпейді еken қайран жастық,
Сексен көл, сері таулар есенінде.

Қайырмасы:

Ақ қайың, сал қарағай араласқан,
Достасып кетіп еді-ау, бала жастан.
Күркө тал ақбоз үйден артық еді,
Түбіндегі қос еліктей паналасқан.

Қайырмасы.

30.04.90

ӨЗГЕРІС

– Ішпендер – деп, бастықтарым зарлады,
Тәртіп сақтар мың саясат арнады.
Ал, өздері аз ішкен жоқ бірақ та,
Туган елді талапайға салмады.

– Ішпендер – деп “дәкейлерім” каксады,
Жоғарыдан қатал қаулы қаптады.
Ал, оздері аз ішкен жоқ, бірақ та,
Тұған елдің бар байлығын сатпады.

Ал, қазір ше. Ессіз созып көмейді,
Ентең ішіп, көптеу жедім демейді.
Озгеріс сол: ішү аздау, бірақ та,
Қанша жесе тоймайтындар көбейді.

1996.

АҚЫННЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

Кейде мен
Бесті асаудай құрықтаған,
Мойнымды кейін қарай бұрып қалам.
Қара көз соны сезбей көңіл жықса,
Бір күнде біржола құрып қалам.

Күн туса қол сілтеген Есіл, Нұрам,
Қайықтың кен айдынға төсін бұрам.
Алмауга өкпелетіп екеуін де,
Сақалды қысқа күнде екі қырам.

Ал, кейде
Басып сәтті дұрыс қадам,
Кемедей кен айдынға сүйт барам.
Нұр жұмақ – өткен тәулік қызық болса,
Сақал-мұрт шықпай жап-жас турып қалам.

1996.

НАТАЛЬЯ НИКОЛАЕВНАНЫҢ СӨЗІ

– Махаббат деген зар уға,
Тым ерте Пушкин жолықты.
Жүз он екі аруға

Тұғалы ғашық болыпты...
Жасады-ау талай жорықты.

Шек қоймаспыш талантқа,
Жұз он үш деген санаққа.
Ақыры мен де іліндім,
Қызықты талай ғажапқа,
Демедім неге бүліндің?

Сұлулық – ақын иманы,
Сұлулық – ақын жиганы.
Болған соң тағдыр сыйлады.
Сайрандап өтті мұңсыз жан,
Бәрі жән. Мені қинады,
Жұз он үш деген құтсыз сан.

1996

ӘЙЕЛДЕРДІҢ МІНЕЗІ

Ерекек бар ма сұлуға жармаспаған,
Жармаспаған өмірге арна ашпаған.
Қосылғанша қыздардың бәрі жақсы,
Ал, содан соң... жігіт аз қарны ашпаған.

Кей құрбының міnezі кең сияқты,
Құтты қосақ екеуі тен сияқты.
Бірін-бірі тыңдағыш жұбайлар бар,
Міnez көрдім солардан ең зиятты.

Некен-саяқ кездесер нақас қатын,
Бір өзінен басқамен бақас қатын.
Оның байы тірі өлік,
Әренж жүр ғой,
Көрі азбандай қақ жолдан адасатын.

Әйелдер бар бірде әрі, бірде сәрі,
Бірде удай, айтқаны бірде дәрі.
Аумалы да төкпелі заман кешіп,
Аман жүрер қасында сүйген жары.

Бастамайды ызындал, жел сияқты,
Тік кетеді қектемгі сен сияқты.
Арпаң-тарпаң мінезі ханымдар бар,
Алдай білмес, женеше, сен сияқты.

Жұбайының көтеріп құдіретін,
Сылап-сипар өзі де күтінетін.
Бикештер бар сыпайы тіл табысып,
Бар жұмысын үндемей бітіретін.

Әрі, серік, әрі жар, нағыз ана,
Келіншек бар тамаша пәруана.
Отагасы макұл деп
Көңіл жықпай,
Көрінеді көзіңе күнде жаңа.

Аңғалдауы ағама жаққан шыгар,
Айлакерін бір досым қаққан шыгар.
Шүкіршілік етейін...
Ең акылды,
Ең сұлулы мені іздел тапқан шыгар.

1996.

ДОСТАРЫМНЫҢ АЙТҚАНЫ

1.

– Қашамын құдықтан да, бұлақтан да,
Орынбек депті қызға тіл қатқанда.
“Сырғанды қайық қылып бір өтейін”,
Көл жаққа келе қалшы, күн батқанда.

Жас кезі балбыраған гүл қырмызы,
Айтыпты сонда Ұлжан Сырдың қызы.
– Сырғамда нең бар еді, карагым-ай,
Үйге жүр, тар болып па жердің жүзі.

Орекем қызға сөзден мертікпепті,
– Кешті қой, давай қазір кеттік, – депті.

2.

Сырбайдың сөзі бастап адалдыққа,
 Толқызық тапқыр ойдан нәр алдық та.
 Сүлуды сүйіп тұрып айтқаны бар,
 – Махаббат үқсайды, – деп, – тажалдыққа.

Ас болмас келіншекке арық желік,
 Ақ майға кету керек қарық қылып.
 Шараптың ең тәуірін әкел деді.
 Калтадан көп ақшаны алып тұрып.

3.

Евней айтқан бір сөз бар:
 “Өнбейтін істе басшы көп.
 Тәттіні адам өзі үғар,
 Махаббат удан аңы”, – деп.

4.

– Аудармам нашар шығыпты, –
 Дегенде айтты Тұманбай:
 – Көтер, Кәке, иықты,
 Абай да түр ғой сұранбай.

5.

Естіген сөз көп шырайлы,
 Жазбаппын, терсем көп еді.
 Шотаның маған ұнайды,
 “Кесіп айтпа!” – дегені.

Талай думан бөлістік,
 Талай қызық көрістік.
 Енді ішпейміз – дегенде,
 Алғашқыдан көп іштік.

6.

Ордабай айта біледі,
 Ебептің бар ғой себебі.
 “Дір-дір етті білегі,
 Кимай кеттім”, – деп еді.

7.

Жәнгірлің бастап үмітке,
Дәл айтқанын қарашы.
“Сілтейтін мезгіл жігітке,
Қырық пен елу арасы”.

— Тіршілік мәңгі тұрған ба,
Атадан қалған ғұрып бар.
Деді сонда Даалабай:
Бір емес, екі қырықты ал.

8.

— Пенсионер болып ең ғой, шырағым,
Қайдан жүрсін? — десе жеңгем құрысқан.
Шәкір ағам шала түріп құлағын,
Кейпі қызық пионердей тырысқан:

— Қалсамдағы кенседегі жұмыстан,
Жоқ емес кой барып қайтар туысқан.
Сен ешкімге айтып қойма осыны,
Шығармаймын дей бер мені уыстан. —

9.

Қайран “пулька” қызықтырмай тына ма?!
Ұтсан алдың. Ал, ұсталсан жылама.
Жұрт қүледі деді Ғазиз ағамыз,
Карта ойнай бер, тек “мизерден” құлама.

Содан кейін сөзі ғажап киелі:
Карта — ұтқанды, қыз — құшқанды сүйеді.

10.

Қырындашы осы қызға, Аманжол,
Десем құліп берді ізетпен маған жол.
Мінезі ауыр ...
Қанша сұлу болса да,
Бастық болып кетеді ғой маған ол.

КЕКЕСИН

Қақ жарғандай шекесін,
Айтып салар төтесін.
Жалғыз оқ көзге тигендей,
Сөз семсері – кекесін.

СЫҚАҚ

Бір сөзінде мың бүлік,
Сиқынды кетер бүлдіріп.
“Бүлдіріп” қана қоймайды
Сарапқа салар күлдіріп.
Осындайға құдайым,
Әкетпесін ілдіріп.

МАЗАҚ

Аз сөзге әлем сияды,
Апарап тұра тозакқа.
Кей мәттакы қияды,
Өлімнен ауыр азапқа.

КЕЛЕМЕЖ

Ұзынсың деп шолақты,
Өнерпаз деп олакты.
Данасың - деп мактайды-ау,
Кекірегі соқыр доракты,
Байғұс-ай жайнар мусіндей,
Жорта айтқанды түсінбей.

ӘЗІЛ

Лаулаған отқа салмай-ақ,
Қылышпен қарның жармай-ақ;
Ақырын тиер әделпен,
Көңілін жығып алмай-ақ.
Әзілден тәуір өнер жок,
Әзілден ауыр өлең жок.

КЛАРАФА

Медеудін құдай қосқан жұбайысын,
Жарасты жарқын төрге, ұлан ісін.
Ашысқа отағасың келіп қалса,
Тен өйлер ол да сенің қуанышын.

Біздер де бір-бір сұлу жалғызымыз,
Жалғассын жүзге шейін жаз, қысымыз.
Толағай торқалы той ғажап өтті,
Сол үшін саған шексіз алғысымыз.

Жайдары үқсан тұрса өнің ғулге,
Әндегіші шомылайық қөңілді үнге.
Арудың жасын айтпас,
Сыбырлаши,
Такау ма отыз жасын өзінің де.

8.02.96. Семей.

“СІЗ” ДЕГЕН ДЕ, “БІЗ” ДЕГЕН

“Сен” деген де, “мен” деген,
Шығар тату пендеден.
Дос бол жүріп, аз емес,
Қалауынды бермеген.

“Сіз” дегенде де, “біз” деген,
Жан тәслілін іздейген.
“Сіз” десе де қызық-ау,
Бізден күдер үзбеген.

1996.

* * *

“Сен” деген де “Мен” деген,
Біріңе бірің сен деген.
Тілегі тұзу шын достар,
Сенбестікке ермеген.

“Сіз” деп, “біз” деп іздеген,
Көрсө сыйын үзбеген.
“Сіз” деп жүріп тұртеді,
Сыртыңнан өткір бізбенен.

1996.

МАХАББАТ “БЕРІ КЕЛ” ДЕСЕ

Бостандық жолын сөкпеууші ем,
Бір ғаламат басталды.
Ақында бастық жоқ деуші ем,
Махаббат мені басқарды.

Дерті мен серті мендесе,
Құлдық үрмай не етемін?
Махаббат “бер кел!” десе,
Жұмактан да кетемін.

— Зекетің кетем — сен десе,
От болып неге жанбаймын.
Махаббат “бері кел!” десе,
Тамұқта да қалмаймын.

1996.

* * *

Сейлемеймін десем де сойленемін,
Жыр оятып жіберер көлденең үн.
Өлең сөзбен қамшылап келемін гой,
Саған ынтық көнілдің көк дөненін.

СЕМЕЙДЕГІ ҚҰДАФИФА

Құдағи айналайын мандайыңнан,
Екенсің перштедей жайдары жан.
Әндептің жайбарақат отыр едім,
Жарқ етіп, келіп қалдың қай жағымнан.

Мен неге аңға шығып құс атпайын,
Атпасам екі көзбен тұзақтайын.
Қызықты думан, тойда кез болыптыз.
Бері кел, қатты қысып құшактайын.

Той қызыса шығармайын жүдеу үнті.
Құдайым бере қалар тілеуімді.
Бір кешке ақын құдан аз болғандай.
Не қыл - деп ертіп келдің күйеуіңді.

8.02.96. Семей.

БІР БАСТЫҚТЫҢ ФӘЛСӘФАСЫ

Асып, тасып дүние тегін жатса,
Өзі егіліп, орылып егін жатса.
Қайта, қайта шет елге ертіп барып,
Дәкей бастық достасып сенім артса.

Арак, шарап тазасы келіп жатса,
Сылқытқанда желіктің желі қақса.
Қарқ, қарқ күліп
Басекем сілтер кезде,
Озгені емес, тек қана сені тапса.

Ақыл, кеңес айтқаным оған ұнап,
Қалар ма еді, хал, жәйім оңалып-ак.
Абырайым, атағым өсер еді-ау,
Ертең кетсем биікке жоғарылади. —

Деп едім-ау
Бәрі де тәмам болды,
Ол аз сөйлеп
Көп берді маған жолды.
Ертеңіне тайдырды қызыметтен,
Ұсынбады қайыра маған қолды.

Фәлсәфәм сол:
Жетсөн қандай төрге де,
Бастықпен іш бірақ, артық сөйлеме.

1996.

* * *

Темекі құмар едім тұтініңе,
Боз будак ұқсаушы еді үкіліме.
Қамықсам, қайран қалсам,
Көңіл бастың,
Омірдің қарсы тұрып үкіміне.

Тамаша талай қызық сенен тапсам,
Күш бердің кен құбырын терең қазсам.
Ас-судан
артық көрер ардақтым-ай,
Шабытқа бағыт қостың өлең жазсам.

Келеді тез қысқарып келте жалған,
Күндөр көп өзің жебеп есте қалған.
Тағдырдың таңғажайып белгісі едің,
Алдатқыш серік етіп бере салған.

От пен су кезектескен арасында,
Омірдің бірге жүрдің таласында.
Қырық жыл көкірек жарған
Қайран досым,
Қоштастым Сабынды көл жағасында.

Баянтау етегінде мама қайың,
Куә бол, сәтті күнді бағалайын.
Темекі, ренжімे қош, есен бол,
Таstadtым сұраған соң бар ағайын.

АҚЫН АҒА АЙТҚАНЫ

Жақсы інімнен жасыратын болмас сыр,
Аға жолын жақсы аяттай жалғастыр.
Шарап іш те, шылым шекле,
Бірақ та,
Сұлулармен сұхбат сәтін ойластыр.

Жылдар көші өтседағы қатарлап,
Артық дәріс айта алмаймын мақалдал.
Тіршіліктің бар тірегі деп білем,
Ең алғашқы һәм
Ең... соңғы махаббат.

Алғашқысы аңсал өтер аккуын,
 Ақырғысы кең жалғанда шалқуын.
 Құлатпасын сұлулыққа сұқтандып,
 Қайран жүрек ...
 Пәк махаббат ак туын.

Андығанға алдырма да шалдырма,
 Осекшілер түссін қызған тандырға.
 Жердің бетін қаптаса да топан су,
 Құштар жанның көңілін сәл-пәл қалдырма.

1996.

ҚҰРБЫЛАРЫМ

Құрбы-құрдас тел қозыдай армандас,
 Біз кездессек айтылмаган ән қалмас.
 Айлы кештер, “Әйгөлектер” елестеп,
 Аңсатады тату құндер сайрандас.

Ақсары қызы біздің ауыл әншісі,
 Сен едің ғой жас махаббат жаршысы.
 Әлі қүнге толқытып жүр жүректі,
 Сен шырқаған ғашық әннің тамшысы.

Көз тоймастай көркем едің өзгеден,
 Сыйпаттауга жасқанады сөз сенен.
 Ажарынды әнге қосып, аялап,
 Үнсіз көрек екі көзбенен.

Құрбыларым бірің артық бірінен,
 Тұганынды
 Біліп журмін бүгін мен.
 Сендер кетсең “бұйырганға” қосылып,
 Құр қалыпты қызы тандаумен “жүтірген”.

Өскен жерге бір айналып келер – деп,
 Тебренсендегі сағыныштарың терендеп.
 Жан құрбылар, жанаңларың тартады,
 Жолға қарап тұрган толқып, елендеп.

I мамыр 1996 жыл.

* * *

Сені көрсем жаным шаттық құрады,
Оралады Ай әлемнің жыр-әні.
Топ ішінде сыр білдірмей жүрсем де,
Көзім жайнап.
Тіл сұранып тұрады.

Үстамдылық құрса бүкіл төзімдер,
Осы болды-ау, ең қысылған кезім дер.
Сені көрсем жас кезімдей қаулайды,
Тұла бойда ең құпия сезімдер.

10.05.96.

ҚЫРҒЫЗ ҚЫЗЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

Баянды болса кең жалған,
Биіктек күткен бар құсым.
Жүрекке сөнбес шоң салған,
Чоң аға, біздің армысың.

Көңілді билеп нұрлы ағын,
Кетеді бейнең жан баурап.
Лаулаттым үміт шырағын,
Самғаттым әсем ән арнап.

Жанымса сол фой керегі,
Жабыққан сәтте жетерсің.
Бішкектің күміс терегі,
Секілді бәукем екенсің.

Саянда шаттық бұйырып,
Сарқылмас құрмет етейін.
Қуаныш болып құйылып,
Құшакқа кіріп кетейін.

Өтіпсің жел мен дауылдан,
Жасай бер ғажап Чоң аға.
Асығыс өтпей ауылдан,
Келсөңші бір күн қонаға.

1996.

ТОЙДАҒЫ ЕСЕП

Жөн сұрап болмасақ та төрелеткен.
 Қызды сөз женге мактау өре жеткен.
 Бәйкеннің бар табысын айта келіп,
 Бір ару: Бақыт деді өрелі еткен.

Келіншек кетті содан ірі есепке,
 Шегіншек жасамады мінесек те.
 Тигені жеңешемнің үлесіне,
 Жетті дәл 95-процентке.

Сендерді аталы сөз есі барды.
 Қол соғып залдағылар шешім алды.
 Сол көзде
 Бәйкен ағам шыдай алмай,
 Деп қалды: “Сонда маған несі қалды?”

— Қырансыз жан-жағына қарап үшқан,
 Ерекше байыптысыз жаралыстан.
 Дедім мен:
 — Бәйкен-аға қызғанбаныз,
 Жетпей ме сізге бүкіл Қазақстан.

Үйдегі пайызбенен өсем деген,
 Жеңгемнен бола берсін есөң төмен.
 Шанырақтың періштесі ол — Ана ғой,
 Ал, сізге бір сөз жетер “Көсем” — деген. —

Ағамыз сөзді салмай щұбыртпаға,
 Жымып “дұрыс” — деді күліп қана.

7.IX.1997. Қекшетау

* * *

Алаңсыз мен де серпілдім,
 Арылды көбі дертімнің.
 Фермасын көрдік ауылда
 Эуелбеков Еркіннің.

Еріксіз жаным тамсанды,
 Көңілім үнсіз ән салды

Құрбылардай ауылдас,
Қыз қайындар карсы аллы.

Ақ балтырлы, ақ білек,
Самсан түр бізге сәт тілеп.
Бірінен-бірі сымбатты.
Бірінен-бірі сәндірек.

Бәрі де аппақ ірі екен,
Тік қарауга “дір” етем.
Көлден шыққан қыздардай,
Тыр жалаңаш түр екен.

*5.09.1997.
Шабакбай*

ШЫМКЕНТТЕГІ КЕЛІНШЕК

Күлгені жап-жас балаша,
Кигені жатық жаңаша.
Келіншек көрдім Шымкентте,
Тұлғасы сұлу тамаша.

Жүргім үшты алқымдаң,
Алқымдаң қоймай қарқындаң.
Өтті де кетті ғаламат,
Ақ балтыры жарқындаң.

Ләzzатқа шексіз тояр ма ек.
Құштарлық дергін жояр ма ек.
Орынбектен тайсалдым,
Мәриямға айтып қояр деп.

26.10.97.

АУЫЛДАН КЕЛГЕН ҚҰДАНЫҢ БАТАСЫ

Қай жерде жүрсендагы қонымды бол,
Ел сыйлар аруақты, орынды бол.
Сиырың сүтті болсын,
Қойларың көп,
Тәрт елі қазы шығар соғымды бол.

РЫСКУЛ ҚҰДАФИФА

Рыскул әдемісіз ән еткендей,
Кайтейін жас құнді ойлап әлектенбей.
Тұрганы қызық екен мұрның құліп,
Сұлуы біздің ауыл Дәметкендей.

Жайдарап күндер өтті қөктемдегі,
Саятқа шықтай жүрмін көптен бері.
Шіркін-ай, құтты сәттер естен кетпес,
Сыйлы өлең сізге арнап төккендегі.

Құданың көрінсем де желдісіндей,
Сұктана қала ма – деп ел түсінбей,
Ішімде бір жүгірмек қытықтайды,
Құдалық құдай қосқан белгісіндей.

Баспасам құпияны ежелеуте,
Жөн болар бар шындықты тежемеу де.
Жап-жассыз, моп-момақан, сіп-свежий,
Мен сізді қимай тұрмын “әже” – деуге.

2.11.97.

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТЫҢ СӨЗІ

Әдептен әнтек асырмай.
Сыр төксем бүркеп жасырмай,
Ақ қағаз жетпей бұл күнде,
Көп кітап жатыр басылмай.

Басқаша дым жоқ, оқырлық,
“Караван” кешіп отырдық.
Жалаңаш әйел тәніне,
Телміріп қарап, шоқындық.

Аз емес ойшыл көпке наз,
Демеймін айтар өклем аз.
Қос емшегін бұлтитқан,
Сұлуға кетті-ау, көп қағаз.

Ақиқат көзін ашайық,
Бірлесіп қаумет жасайық.
Сұлуға қарап құнықпай.
Кітапты көpteу басайық.

5-қараша 19:

СЕЙІЛБЕК ТУГЕЛБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Жасымда болдым зерек үшқыр бала,
Есейдім. Күнде қызық күттім жаңа.
Тәнірден
Сұрап алар арызым бар,
ЖенПИ-ге ректор қыл үші күн ғана.

19:

ҚҰДАШАНЫҢ БИГЕ ШАҚЫРУЫ

Құдамын құдашаға бір тоймаган,
Әкелді асыл мезет бұл той маған.
Құдаша, ерке, жайсан жан екенсін,
Құбылып Ай жүзінде бұлт ойнаған.

Туып түр күздін өсем күні лайық,
Тәуекел, кел, билейік, зымырайық.
Қызықсын екеумізге
айналада,
Тұргандар қимылдамай тыңырайып.

Ай толқын осы тойдың гүлі екенсін,
Сымбатты сыр сұлуы бірі екенсін.
Шақ туған құшағыма
Қарағымай,
Тап мендей құданы іздел жүр екенсін.

Ағатай, қалдың деме сөніп нағып,
Бетіңнен сүйер едім өліп, талып.
Қайтейін жас қудадан жасқанамын,
Бір бүлік шығарар — деп көріп қалып.

Дегенде қудаша айтты:

— Нағыз ашық,

Ақ ниет жан екенсіз жаны ғашық.

Құданың курортта жүр жасқанбаңыз,

Келесі биге аға, тағы да шық.

26.X.97.

* * *

Түнде күміс,

Алтындаі — күндіз жанып.

Барасың-ау, бәйбішем жұлдызданып.

Сен осындаі ғаламат болмағанда,

Отырар ем

Жас тоқал — бір қызды алып.

Сондадағы бір жылдып,

бір мұзданып,

Әйелдерін кейбіреу жүр қызғанып.

Қой десенші,

Отті гой сері күндер

Қазак түгіл,

Орыс пен қырғыз қалып.

4.11.1997.

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ

Құлагершіл мінезімді таныттым,

Жүйрік көрсем жүрісіне қанықтыйм.

Сәйгүлікке құштарлығым сол екен,

Жылқы жылды туған қызды алыппын.

1997.

САҒЫНДЫҚ КЕҢЖЕБАЕВТЫҢ СӨЗІ

Біреу ерте кейбіреу кеш біледі,

Кей үғымдар өу, демде ескіреді.

Бергені гой құдайдың

Су жұқпайтын,

Кей дөңгелек доракқа ес кіреді.

Кеше үйінде жасаса іргелі той,
Бастығына жағына білгені ғой.
Ертеңіне көмекші бола калды,
Командыға мамандық ілгені ғой.

Талай жорға мініп ек көк аланы,
Қарт көнілдің өткенге жоқ аланы.
Жалақыны бағы Генсектерден,
Осы күнгі көмекші көп алады.

Өмірге жоқ еш қандай күпірлігім,
Жағдай жайлыш,
барыма шүкір бүгін.
Пенсияма лекциям дем береді,
Жүзге де аман жеткізер күтімдімін.

Ескі досым әл беріп салдық деген,
Сенгіріне сексеннің тартып келем.
Генеральның бәйбішем қасымда отыр,
Жас тоқалдан мен оны артық көрем.

7.11.1997. Алмкель

ТҮРФАНБЕК ҚАТАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Құрдастардан бір мысқал артатыным,
Базарладым махабbat бар татымын.
Қызып кетем Бәкешім өзі білер,
“Тоқтаңыз” – деп қай жерден тартатынын.

Таза алтыннан арнайы жүзік алдым,
Сол емес пе
Аруға ізі бар күн.
Арғындарға ардақты болайын деп,
“Балхаштың ар жағының қызын алдым”.

Әулиесі сүйгенім ажарлының,
Махабbatқа таусылмас тажал күнім.
Сексен бесті мен бүгін басып өтсем,
Жаңа жетті қырыққа Базаргұлім.

Партиядан есен-сау шығып едім,
Жас махаббат жайлайдым ығы, желін.
Біржан салдай жігітпін
“Шал” – демендер
Серттен таймас, қуатым мығым менін.

7.11.97.

ТОЙДАФЫ ЭКСПРОМТ

Нарыққа қарық заманда,
Нұр жаусын дей бер қадамға.
Той деген, шіркін, ғажап қой,
Көбейтер шаттық адамға.

Бір қуандық, бір құлдік,
Бұл да бір ғажап мүмкіндік.
Құдағи болса мың жылдық,
Құдаша болғай мың тұндік.

23.X.97. Шымкент.

* * *

Тарпаң заман ұлы едім шалқандаған,
Ғашық болды Балхаш та, Балқан маған.
Бәрі қалды. Құн туды өзімді өзім,
Олең үшін аямай арқандаған.

Үмітім көп жоқ еді күдер деген,
Қырги едім көлден қу жібермелеген.
Бәрі қалды. Қасында бәйбішемінің,
Өзімді өзім құн туды шідерлеген.

Айым туды алдымнан ашық болып,
Ақындыққа бой үрдым машық болып.
Құдашалар мұнайып қарап қалды,
Мәриямға мен қайта ғашық болып.

1997.

АРЫЗЫМ

Махаббат – тірлік тірегі,
Жеткізер ынтық арманға.
Лұпілдеп бірге жүрегі,
Не жетсін ләzzат алғанға.

Жарқ етті сұлу Ай-қабак,
Құштарлық селі төгілді.
Сүйісп еркін аймалап.
Рахатқа денем көмілді.

Артықша сәтті білер кім,
Табылды іңкәр бар тетік.
Бір тірілдім, бір өлдім,
Найзағай тынды жарқ етіп.

Не деген тылсым ғаламат,
Тамаша мезет тым қысқа.
Зер салу қайда бағалап,
Батырса қызық “қылмыска”.

Болар ма бұл сөз лайық,
А0тауга алла парызын.
Тағы да “қылмыс” қылайық,
Айтатын осы арызым.

1997.

“СЫРҒАЛЫМ - АУ, СЫРҒАЛЫМ”

Жанарың жайнап “сырғалым”,
Дидарың төгіп нұр-жалын.
Есімнен кетпес елжіреп,
Еліктей ерке тұрғаның.

“Сырғалым”- ау, “сырғалым”,
Сырганцан сыйыр тыңдадым.
Сыңғырлап кетті жүрегім,
Шыдатпай көңіл бүрғаның.

Алтынға таңба басқандай,
Сыргана салған тас қандай?!

Үңілдім кара көзіңе,
Карақат сырын ашқандай.

Құлшынса әсем асыл тас,
Інтығын жаным жасырмас.
Сыңғырлап шықкан әуенін,
Әуреге салды басылмас.

“Сырғалым” сырын көп кілен,
Тентектік шығар тектіден.
Екеуміз шеккен құпия,
Сырғаннан болды - деп білем.

Сыңғырлап сырғып мың дүркін,
Қамыска түссе бүл, шіркін,
Қасынан қалмай іздермін,
Отсе де бірге мың бір тұн.

Жүрегім арыз жоллады,
Сырғаның җөнін болжады.
Табылар, сырғаң табылар,
Болайын мен де олжала.

Сылдыр, сылдыр қамысқа,
Түсіпті сырғаң алысқа.
“Келсен, кел” - деші “сырғалым”,
“Кет әрі” - деуге барыспа.

2.11.97 жыл.

ҚАЛЫМТАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

Сактан дос, жазатайым тіркестерден,
Жөн болар заты бөтен қызды ескерген.
Жолама ағайынның әйеліне,
Аулақ бол өз кенсендे бикештерден.

* * *

Махаббат жол табады әр қашан да,
Бір тынық көп жұмыстан шаршасанда.
Әйелін қыздай жас боп карсы алады,
Оралсан әнға шығып анда-санда.

16.02.1997.

ҚАЙТЕДІ

Сені көрдім, көніл қайта жылынды,
Ести бергім келді қимас сырыңды.
Есімді алды нарттай қызыл еріндер,
Тандайыма дәмі оралып бұрынғы.

Қинағандай жұмыр жердің тар шебі,
Шыдатпайды жастай ынтық жан шөлі.
Қыз күніндей қызықтырып барасын,
Құшағында қалып қойсам қайтеді.

Тілден тамса тым үялشاқ, сараң үн,
Макұл – дейді маза бермес жанарын.
Жан тілегін жасыра алмас жалғанда,
Пәк махаббат алдыым ашық хабарын.

Құба талдай нәзік едің жасында,
Құба таңды бірге көрген жасырма.
Бұрқыраған жұпар-көктем оралып,
Құлын-жүрек шұрқырап түр қасында.

Ашылғандай ақ көкірек бай кені,
Аспандағы қызғанып түр Ай сені.
Бала күндей балқып тұрсың елжіреп,
Құшағымда қалып қойсан қайтеді.

20.1.1997.

ОРТАШАФА

Таппассың ақындардай еміншекті.
Бозбала қыз торыған кебін шекті.
Бір тойда Шымкенттегі көрсем деп ем,
Орташа – деген сұлу келіншекті.

Кең сарай, биік шатыр, мол жасауы,
Құрметпен бізге лайық төр жасады.
Шошыды-ау, әкетер деп Алматыға,
Орынбек көрсетпеді Орташаны.

Патшайым кербез – дейді тағындағы,
Мараттай маңғаз – дейді сағымдағы.
Көз тояр нұр жүзіне сұлу – дейді,
Бал-шекер балқып тұрған бабындағы.

Бір көрмеу болды маган жұдә қыын,
Жасырды-ау, деп ем досым құдағиын.
Орекен ұялғаннан алып келді,
Тағатын енді оған кінә қыын.

Төгілер өн мен жырым түйдек келіп,
Жас екен қаларлықтай қыз – деп сеніп.
Толтырды қөңіл қөшін қуанышқа,
Орташа ортамызға іздел келіп.

Басылмас осы күнде курсініс бар,
Тежейтін курсіністі құлшыныс бар.
Не дейін? Құдай беріп осындайда,
Алатын таң тамаша бір тыныс бар.

27.10.97. Шымкент.

ОРТАША ЛЕБІЗ

Құдаги, атын Орташа,
Орташа емес асылсын.
Мақтар ма ем қөңіл толмаса,
От жанарлы жасынсын.
Жайқалған бауда жасылсын,
Үзімі тәтті жас үнсін.
Бетінізден сүйейін,
Тулаған жүрек басылсын.

Жас құдаги Орташа,
Тарттық ғой тәбет торташа.
Сыраға – бал, сыйға – сый,
Жасармын Алла қолдаса.
Татымын тапты тіл балдын,
Алдыымда жайнап ыргалдын.
Ләzzәттан кеттім масаурап,
Есімнен танып бір қалдым.

Аз көрген тым көп сынайды,
 Толқытты жүзін шырайлы.
 Құлімдең түрған көздерін.
 Сөздерің жылы үнайды.
 Орынбек, Ұлжан мактады.
 Дәп басар теңеу таппады.
 Мейірбан, сұлу ажарың,
 Естіген сөзді актады.

Тең келмес ашық Ай-дағы,
 Жан екенсің жайдары.
 Тап кеше кешке көре алмай,
 Ішіміз құж-құж қайнады.
 Айналан құрмет үйеді,
 Тағдырдың ол да сыйы еді.
 Өзімді қайтем көп айтып,
 Женешең қатты сүйеді.

Ондей гөр жолды құдайым,
 Ат басын жиі бұрайын.
 Бәйбішем ғашық болған соң,
 Мен қайтып жеңіл шыдайын.
 Мойында сұлу, мойында,
 Қалармын мәңгі ойында.
 Шаттаным сізді көрдім – деп
 Кайрат пен Айнұр тойында.

27.10.9

ӘКПЕЛЕГЕН ҚАРЫНДАС

Қарындастым Зекеш қатты сынады,
 Шынымды айтсам,
 Сынағаны үнады.
 Қос жанары тірі жұлдыз секілді,
 Жақсылыққа
 Жанып қана тұрады.

Фажайығи жан инәбәтті, зиялы,
 Күйеу бала абзал жігіт – Нұралы.

Нұрекемді көп мақтасам Зикешім,
Жас балаша қатты реніш қылады.

– Олеңінде Нұралылар “Нұрлы”- лар,
Бір емес-ау,
Мын естуге кім шыдар.
Мен қайда? – деп
Қос жанары жарқ етіп,
Өкпеледі біздің Зекеш жыр құмар.

Ішім жылып, соған көніл гүлдейді,
Лям-им сөз айтпасыншы тіл мейлі.
Өкпелейтін адам керек жалғанда,
Жек көргендер өкпелей де білмейді.

1997.

* * *

Поэзия Орташаны сүйіп пе?!

Суга батар жетпегендер биікке.
Адамдар да сөз сарасын тілейді,
Орташалар салмасын – деп күйікке.

Арман еткен сара сөздің толымы,
Әлемде бар ақықаттың жақыны.
Поэзия сұлулықтан басталып,
Ұлылықпен шектеледі ақыры.

1997.

МУБӘРӘК ІНІМЕ

Сағыншақпын бақытты болып тусам да,
Бір інімді балаймын кейде мың санға.
Сағынып жүрем
Мұбәрәк сені өрдайым,
Алматыда бірге көптен тұрсанда.

Аңсаймын сәтті
Жылы, жақсы кеңеспек,
Алатын еске біздер еткен белес көп.
Сенің анаң – Кәмәл апай қашан да,
Бата берген бейнесі тұrap елестеп.

Береді-ау, Алла
 Ыңтасы, құлқы келіссе,
 Жан еді ғажап
 Сынықшы, емшиі, періште.
 Ақ жаулықты, ақ әжеміз, пан кербез,
 Отырған шығар бүгін де сыйлы пейіште.

Сағыныш толы өлеңімнің өрнегі,
 Бауырмал етіп орады ерте шер мені.
 “Еңбек” атты ауылымыз сағынтып,
 Деп жатыр-ау, “көптен бері келмеді”.

Барамын – деп жиі-жиі талпынам,
 Жол түспесе сағыныш билеп сарқылам.
 Соңдай сәттеге
 Көлден үшқан құстардай,
 Жүргімнен өуелейді қалқып ән.

Құлын, тайдай өскен ордаң желіде,
 Сені көрсем, жеткендей болам еліме.
 Жүргегімнің үзіміндей інімсін,
 Сағынып жүр, сағыншақ туған мені де.

19.04.98 ж

ЭКСПРОМТ

Ағын судай есіп кел,
 Шын сағыныш кешіп кел.
 Саяал айтсам сөкпеші,
 Биік екен өкшесі,
 Маган келсең қалқа-тай,
 Етігінді шешіп кел.

31.10.

САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТЫҢ СӨЗІ

Сөйлеп түр генерал Сағадат,
 Тыңдалық тіл қатпай жамағат.
 Арнап түр Бейкенге бар сөзін,
 Әскери үғымда бағалап.

Деді ол: “кей дөкей аты ірі,
Қай күні әмірі тоқтады
Сол күні алысы, жақыны,
Сыртынан сыпира боктады.

Сау қалған осындай жазадан,
Әшімов, ғажайып таза адам.
Суворов секілді сөз ермес,
Біз көріп, билетін аз адам.

Ар, намыс ақ тауын жықпады,
Бар ісін бүкіл ел құптады.
Ол - берік қолбасшы, мызғымас,
Алғы шеп отынан шықпады.

Ол - мықты тәртіпке сенім мен,
Жері жоқ дүшпаннан женілген.
Жүгі ауыр, төсінде жүлдyz да,
Мандай тер селіне берілген”.

1998.

ЖЕҢЕШЕМЕ ӨСИЕТ

Ереккек қамшы емес кәмпит керек,
Мақтай сал,
Беу, жеңеше! Тап та себеп.
Жалғанда сенен артық жан таппайды,
Сүйкімді тәтті сөзбен жүрсөң жебеп.

Алдында сүйіп-құшып, бүтіл, мейлі,
Су бүріксөң қолтығына күлімдейді.
Керегін
Көп іздетпей бере салсан,
Сонынан басқалардың жүгірмейді.

Көрмесем сағыныштан шер тектім деп,
Мақтай сал,
— Сен сұрапыл ерексің — деп.
Ол сонда актаймын — деп айтқаныңды
Құлшынар кешегіден қатты екпіндең.

Бір тәуір айтсан жақсы қасиетін,
 Болады саған елтіп бас иетін.
 Ағама айғай емес алғыс керек,
 Женеше, осы саған өситетім.

17.05.98 ж.

САРЫ - АҒАШТА ШЫМБОЛАТ

(Шымболат Ділдебаевқа)

Сары – Ағашқа келді бүгін Шымболат,
 Беу, ағайын! Осал емес бұл қонақ.
 Ұлар қонған Ұлытаудың Ұланы,
 Қысы, жазы жүрген жонда жыр борап.

Сарыарқаның ән-жыр санлақ емшісі,
 Оған ғашық Есіл, Нұра, Ертісі.
 Аңсайды оны Алатау мен Қаратаяу,
 Жыр сүлейі, ол – Жезқазған кеншісі.

Бүгінгіге туса қулаш создырып,
 Баяғыны сыйлар бір көш оздырып.
 Ақын Тайжан, Нартайлардың жалғасы,
 Ата жолын тастамайтын тоздырып.

Әйдік жырау, ән мен жырдың ордасы,
 Ес білгелі сөз сарасы жолдасы.
 Қоныр әні, қүйқылжыған домбыра,
 Ақан Сері, Біржан Салдай формасы.

Мықты ақын уыты мол сөзінің,
 Шырағы бар ойлы кекірек көзінің.
 Ақын, әнші, жігіттіктің дүлдүлі,
 Ең жақсысы сыйлас, тату өз інім.

Хикаясы жетер біздің ғасырға,
 Сұлуларға қырғын еді жасында.
 Қара көздер
 Қинамандар бұл жолы,
 Бір ұлымен келінім жүр қасында.

13.X.98 ж.

* * *

Сары - Ағашта сәт қандай,
 Құтты мезет тапқандай.
 Сөз толқыды
 Қалага.
 Ауыл көшіп жатқандай.

Тыңдай қалды нұрлы аспан,
 Жазар ма едім тың дастан.
 Қоң кемпірлер отырды,
 Саясат жайлышы сырласқан.

Жәйма шуақ күн қандай,
 Ағыттылды сыр қалмай.
 Ауылдың халін айтқанда,
 Қалу киын жынданбай.

Ақ кемпір маған тиісті,
 Хал, ахуал білісті.
 Жауап бердім жайдары,
 Көтермей бөтен иісті.

Басқаша меже көздетіп,
 Ұсындым жаңа сөз тетік.
 Санаторий ахуалын,
 Талқыға салдық көлдетіп.

Жұрт тыңдады құмарлы,
 Емес-ау кемпір тынарлы.
 Әр корпусты тәмәмдәп,
 Бәрін де істен шығарды.

Жұрт көндікті “мақұл” деп,
 Кемпір де тыңды ақыл кеп.
 – Сары Ағаш та, елім де,
 Қаусап бара жатыр – деп.

11.X.98.
Сары-Ағаш.

* * *

Сары – Ағашта сары құз,
Кемпіршуақ сәніміз.
Көп сарғайтпай кездесті,
Сары токаш – сары қыз.

Тіл қатса жас балаша,
Үні қызық тамаша.
Алтын қасық секілді,
Жүзі әдемі қараса.

Күздей жылы сары қыз.
Шипа судай дәрі қыз.
Болып кетті кең жалған,
Маңайымда бәрі қыз.

Қызы дей салсам межелеп,
Кім тексерсін ежелеп.
Сыр алысып түрганда,
Бір бала жетті “әже” – деп.

Күзгі жеміс – сары қыз,
Естен кетпес балыныз.
Түсіп қалмай сүк көзге,
Әрен қалды жанымыз.

13.X.98.

* * *

Сары-Ағаштың Вюветі,
Шипа су – асыл құрметі.
Тараздан келген Әбілдә,
Бірге жүрді бір жеті.

Такиясы жайнаган,
Сымбаты көзді байлаған.
Сайтаны бар қарт екен
Әбділләдан аумаған.

Су жұтумен әрірек,
Тұрсақ ішті дәрілеп.
Таяғы қалып койыпты,
Өзі түр сылкым сәні кеп.

Асығыстау су жұтқан,
Бір кемпір өнін сұytқан,
Деп жар салды кең залда:
— Таяғын қай шал ұмытқан! —

Білдірмей ақсақ аяғын,
Кеткендей іздең саяғын.
Тысқа шықты Әбекем,
Құрмалдық етіп таяғын.

Пай, пай, шіркін! Тектім — деп,
Өзіме арттым көп міндест.
Кемпірден алдын таяқты,
Мен ұмытып кеттім — деп.

14.10.98 ж.

* * *

Сылдырын естіп бұлақтын,
Құлақты қалай түрмейін.
Қасында тұрып жұмактын,
Ішіне қайтып кірмейін.

Орманын көріп маңайдын,
Арапал неге өтпейін.
Алдыымда жатса ак айдын,
Бір сұнғіп қалай кетпейін.

ЕРЕН ЕРЛІК

(Сейілбек Исаевқа)

ЖенПИ-десен бозбала елең еткен,
Сөз бастайын, бисмилля, кереметтен.
Қызы Ордасын басқарған
Беу, Сейілбек!
Ер жігітке қиял ғой өрең жеткен.

Шын талантты жасынан үшкыр дара,
Келер жерін аңсады-ау құттың жана.
Бір ағамыз сұрапты - деп тәнірден:
“Ректор қыл ЖенПИ-ге үш күн ғана”.

Жете алмады сол ғажаң арай нүрга,
Жете алмады “мен” – деген талай тұлға.
Үш күн емес
Сейілбек сен шыдадың,
Фасырга тең тамаша талай жылға.

Сейілбек-ау,
Ғұрпыңа шын тамсанам,
Кеменгер деп арнадым тіл хат саған.
Патша болдың арулар Ордасына,
Бір көруді армандаң жүрт аңсаған.

Естіп жүрдік сан қызық мәліметті,
Естен кетпес біздерге аңыз жетті.
Маңайлатпай ЖенПИ-дің ауласына,
Өзімді де бір сұлу қағып кетті.

Ұстаздықтың үлгісін сенен көрдік,
Кеменгерге әйтпесе тенер ме едік.
Бағып, қағу бір қызды оңай емес,
Ұстаз болу мың қызыға ерен ерлік.

13.03.98.

ҚОЙШЫ АҒАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

1.

Өмір жылжып барады тоқтамастан,
Жүйріктер жоқ баяғы топтан асқан.
Мен де журмін біреуді беттен сүймей,
Не былшыйтып, болбырды боктамастан.

Енді қанша біліппін жасарымды,
Төрдегілер ұмытты осы ауылды.

Тұнде шам жок, қамалдым қаранғыда,
Бәйбішем де қырыққа қоса ауырды.

Мал азайды Баяғы несіп кетті,
Асау нарық жалыны есіп жетті.
Көрші ауылда бар еді қөнілдесім,
Қызылжарға ол кеше көшіп кетті.

Бір жақсылық сезгендей көз көрімде,
Үміт үзбей жүрсің-ау өздерің де.
Мен көшпеймін дәл бүгін құлап түссем,
Үйықтап қана жатармын өз жерімде.

2.

Ертең бізге туардай заман ақыр,
Неге ниет тарылып бара жатыр.
Үш жұз қайда...
Үйді, үйге бөлінісіп,
Күніреніп, курсініп дала жатыр.

Шежіреші шеруі кетті ұласып,
Бөлектенді бөліскер бетін ашып.
Ру-жырау көбейсе ел шетінде,
Ай толқыды қара бұлт бетін басып.

Жығылғанға жұдырық жолығады,
Басы айналды ауылдың соры қалын.
Елді талап, есерлер табыс тапса,
Естілері үйде үнсіз торығады.

Басшы болар иесі шығасыға,
Бөліскерді құдайым құрасын ба?!

Үш ауыл боп, бір ауыл сырт айналсақ,
Күн де үялып батты ғой ұясына.

3.

Білдім өмір азды, көп қанағатын,
Ел, жұртима шыққан жоқ “жаман” атым.
Дертім ауыр, мен енді сауықласпын,
Арттағыға қалсын сөз аманатым.

Президенттің бағыты дүрысталды,
Ел бірлігін ұран ғып шын ұстанды.
Бәрі дүрыс Нұреке, қолпаشتаймын,
Бірлік - деген білейік дін ұстауды.

Берсін Алла бірігер жақсы жолды,
Ойтпегенде табысу тапшы болды.
Бас құрармыз, Әйтеуір астананын,
Ақмолага көшкені жақсы болды.

30.01.98 :

АҚЫН СӨЗІ

Қонған соң ақын деген атақ анық,
Қалмадым шаршы топта қапаланып.
Қисайып менде амалсыз өлең жаздым,
Құдаша ән салған соң жата қалып.

25.04.1998. *Almat*

МАРФУФА БЕРГЕН КИТАПТАҒЫ СӨЗ

Көп мақтап көніл баптап ұтайын ба,
Болмаса бір шындықты жұтайдын ба?!
Марфуға сенен артық сұлу жоқ қой,
Орыс пен қазақ түгіл, қытайында.

Тамаша тамсантады ән салғанын,
Жарқ еткен кең жайлалауда таңша арбадын.
Айтқанда “кездесу мен қоштасуды”,
Әніме әуен емес - жан жалғадын.

Ақын деп ардақтаймыз атынды ерек,
Сұлусың сылқым, кербез затың бөлек.
“Сарбазға” әнші болып кетіп қалма,
Қазаққа сендей нәзік ақын керек.

НАРИМАН ҚАРАЖАННЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

1.

Сұлусың-ау, сұлусың менің күрбым,
Ыстық құшак әл беріп берік жүрмін.
Жұмыс жакқа аяңдап жетсемдағы,
Сіздің жакқа баарда желіп жүрмін.

2.

Әтеш барда тауықтың шақырғаны,
Ол - сүмдыққа иесін батырғаны.
Үндеместей бабын тап
Не басын шап,
Сүм қырсықтық болардай ақырығы әні.

3.

Өжеттікке бірдеме тартып қой да,
Беу, достым-ау өзгеден артық ойла.
Бас жағынан жұмыстың қырқа көрме,
Не істесен де дұрыстап артын ойла.

4.

Тұс деген де құлқынды тауып кірер,
Қызыл түлкі тұсіне тауық кірер.
Беу, қалқатай!
Тұсіме өзінменен,
Бірге өткізген сайран мен сауық кірер.

5.

Тартсан да қанша сырнайды.
Жанбастап жатып тындайды.
Сексен қыз биге шықса да,
Бос қапшық атып түрмайды.

6.

Баурады жанарың құралай,
Қаулады бір емес мың арай.
Жаулады ажарың ақ тоты,
Лаулады жүрегім шыдамай.

7.

Толқыдың сендағы
Не дейін,
Бүлк етті ақ тамақ көмейін.
Мен нені ойласам
Сендағы,
Сол ойда тұрсың деп сенейін.

8.

Тамұғына жас құнімнен қанықтым,
Тұн дегенің болушы еді анық тұн.
Мен халықпрын,
Күпіршілік етпеймін,
Тамұқ қайда? Жұмағынан жалықтым.

9.

Қолда айтқанын қолдама,
Соғыс қажет моллаға.
Өленді жерде өгіздей,
Өлімді сүйер сол ғана.

10.

Ақымақ адам жеңісі,
Істің нағыз терісі.
Секілді соқыр кемпірдін,
Теріс киген кебісі.

18.07.99. Алматы.

“ОҚЖЕТПЕС” ПЕН ЕСКЕНДІР

“Оқжетпес” бізді қарсы алды,
Құрметі кетпес естен бір.
 Таңғы асқа келсек ән салды,
 Тамсантып бізді Ескендір.

Тұскі асқа жетсек ағыла,
 Жалғады әнін Ескендір.
 Кешкі асқа келсек тағы да,
 Самғады биік Ескендір.

Коштасарда кешкен сыр:
 Толқыты “Асыл-Армандай”.
 Қарайлатты Ескендер,
 “Оқжетпесте” қалғандай.

23.10.1999.

ШУҒА КЕЛДІК

Жайнаң түрған аттабы буға ендік,
 Жайнаң түрған хан базар дуға келдік.
 Қаптап кетті қап, кара көліншектер,
 Алматыдан поезбен Шуға келдік.

Үзілген жоқ жақсыдан біздің қудер,
 Шуылдайды шымқай жас бұлғын жігер.
 Қазы-қарта сатып жүр кара көздер,
 Сусын ішіп, мәз болдық жүргіншілер.

Бір сұлуға қарайлап бергі шеткі,
 Тарлан көніл жастық, шақ кебін шекті.
 Қарбыз сатқан балдырган
 Көзім шалды,
 Сұлулықтың патшасы келіншекті.

Пайғамбардың жасынан асқан аға,
 Қай арыска салсаң да жасқана ма.
 Терезеден бәйбішем көріп қалып,
 Бір сүйе алмай аттандым Астанаға.

8.06.1999 ж.

* * *

Таң алыс
 Тұн таныс
 Бір сю
 Мың табыс.
 Шолп еткен
 Ақ беттен
 Дыбысты
 Тынданыз.
 Еріндер,

Еріндер,
 Тым тәтті
 Едіңдер.
 Балбырап
 еріндер.
 Бал шарбат
 Беріндер,
 келіндер.
 Ақ тамак,
 Ай қабак.
 Өбейін
 Аймалап,
 Көрейін
 Қайталап.
 Өлерсін,
 Таларсын,
 Шын рахат
 Табарсын.
 Талмаурап
 Қаларсың
 Есіңнен
 танарсың.
 Жалындал
 Жанарсың.
 Аптасын,
 Балтасын
 Өсектен,
 тіл, көзден,
 Бір Алла
 Сақтасын.

12.06.9!

* * *

Еріндерің сүйісуге жараганған,
 Тілінде бал дәмі тиер сан алуан.
 Мойыл көздер жалт еткенде жан баурап,
 Сен аумайсың өле ғашық мараидан.

Бұл жалғанның ғаламаты құшагың,
 Ақ тесіңнен бойда қаулар қүш-ағын.

От пен жалын арасында мастанып,
Рахаттанып мен де елтіп құшамын.

Ақ төсінде бүл жалғанның құт-төрі,
Сол дәурен гой қайран көңіл күткені.
Оншакты құн көрмеп едім мен сені,
Жүрек шетін сағыныш мың бүктеді.

Сүйші, сүйші құштар көңіл қанықсын,
Бал ләззәтқа тән малышынып, жан үқсын.
Оншакты құн біздер алшақ жүріп ек,
Тұнғыш тұнгі қыздай болып қалыпсын

10.08.99.
Бурабай.

ШӘКІРГЕ

Шәкір деген досымыздың тәуірі,
Маған аға, Аманжолдың бауыры.
Каракесек ішіндегі кернейі.
Бес Башанның біреуінде ауылы.

Бірге оқыдық Мәскеуге өзін танытты,
Арияға студент достар қанықты.
Мың мың қыздың біреуіне қарамай,
Ауылдағы Қамажанды алыпты.

Біздің Шәкір өнді қуса анықтап,
Карузоға жетер еді шарықтап.

1999.

ЭКСПРОМТ

Ақ бетінді құнгे тос,
Күйер деме,
Піскен жеміс жақсы ғой сүйерге де.
Ақ төсекте жарқ етсөң
Қызықтырып,
Құлдың көзі құдайға тиер деме.

10.02.1999.

* * *

Тойғаның айтып не демек,
Аншарақ көзі тоймаса.
Көп білім жинап не керек,
Қоятын жері болмаса.

19

БАЛЫМ ҚУДАФИҒА

Ақынның айтары мол заты қызба,
Сүйсіндім Балым деген атыңызға.
Ең үлкен құдаңыздың інісімін,
Жас отау сәт тілеймін затыңызға.

Құдағи жан екенсің төрің ізгі,
Алуға әр кім құмар қолыңызды.
Сексенде серуендеп тойда жүрген,
Біздерге берсін сәтті жолыңызды.

28.08.19

ТОЙДАФЫ СЫР

Бәйкендей ағамызды таниды әлем,
Деп жүрсек үлкен сыйлар қағидамен,
Балымды сексендері маган тастап,
Кетті өзі елудегі Сәбілямен.

Көнсем де атам қазақ төл ісіне,
Көнбеймін қудағилар бөлісіне.
Нешауа, Бақыт жеңгей не де болса,
Алуаның бақыт қонсын өрісіне.

Мен кейде осындейдан қарқын алам,
Бұктемей ойдағыны айтып алам.
Болғанда шөберелі той жасаңыз,
Мен сонда Сәбіляны тартып алам.

28.08.1999. *Алмат*

* * *

Доска – дос жақсы қорғанбыз,
Қайтиадық сері жолдан біз.
Секретім тым көп айтпаймын,
Біздер де бойдақ болғанбыз.
Тайсалмадық ордан біз,
Маңайды жылдам шолғанбыз.
Құпиям бар айтпаймын,
Қызды ауылда қонғанбыз.
Ішетін жерде ішкенбіз,
Шыдайтын талай құткен кыз.
Бәйбішелердің қолына,
Ақыры мықтап түскенбіз.

АЛЬБОМДАҒЫ СӨЗ

Жаңылма, тағдыр, жаңылма,
Жастардың тойын қабылда.
Бақытты қызық ғұмыр бер,
Алуа мен Сабырға.

Аталақ аскар жолым бар,
Әр сөзді жетік шолындар.
Бір біріне қашан да,
Кешірімпаз болындар.

Үлкені осы батамның,
Артықтау сөзге каталмын.
Алуа саған тілеймін,
Ақ жолын Бәйкен атаның.

Қызыққа бұл той бөлейді,
Көрмедім еш бір өгейді.
Құдайдың маған бергені,
Құдағиларым көбейді.

28-08-99. Алматы.

ПАРИЖДЕГІ СЕРІЛІК

Ата-баба аруагы қолдады ма,
 Жыр төгілді
 Ол көніл толғағы да?!

Құдай ондаپ Парижге бір келдік қой,
 Кеттік, Медеу, Булонның орманына.

Серіліктің сапарын басқарайық,
 Бара жатыр әнеки, қас қарайып.
 Айтмұхамбет ағай мен Аманжолды,
 Қасымыздан екі елі тастамайық.

Фарышкер ғой Талғаттың бабын бекер,
 Ойламайық ...
 Бізсіз де бары жетер.
 Ізімізді біз оған білдірмейік,
 Асыл аңын орманның қағып кетер.

Жазушы мен ақынға
 Сену заң ғой,
 Сен алда жүр, ақшаң мол, ебің бар ғой.
 Ескермейік елшіміз Нұрланды да,
 үйі осында,
 Қасында келін бар ғой.

Құмар едік аңшылық жолдарына,
 Бойымызда
 Күш, қуат мол тағы да.
 “Қанды басын тұлқінің бері тарт” – деп,
 Кеттік, Медеу, Булонның орманына.

14.04.199

ҚҰРДАСТЫҚТЫҢ ҚЫСЫМЫ (Ләмиға Асылбековага)

Баяғы бір той, думанның ішінде,
Ошақбайды көрдім албырт күшінде.
Нешедесіз? – деп танысса тіл қаттым,
Құрдастын – деп міз бақлаған пішінде.

Мен қайтейін тоспағанын тосқанын,
Білген де жоқ әзіл сөздің оспағын.
қызметі де үлкен еді о, кезде,
Әй, не керек, сәтті болды қосқаным.

Жұбайы да ата ғұрпын үстады,
Ақ көніл ғой құрдастықты үштады.
Көп жылдан соң бір досымның үйінде,
Әлі есімде мені мықтап қысқаны.

Дәм үстінде сөніп қалды шамдары,
Қап-қарангы. Көпке дейін жанбады.
Дәл сол кезде
– Кәкімбек? – деп Ләмиға,
Ашық даусы анандайдан самғады.

– Әу – деппін-ау, түлен түртіп пендені,
– Шам сөнді ғой құрдаас, бері кел, деді. –
Сақ-сақ күліп
қаранғыда қызған жұрт,
Бар, бар – десіп барылдасып желдеді.

Үдеткендей – маған деген тәлкекті,
– Кел, құрдаас! – деп тағы да бір саңқ етті.
Құдай ондап дәл сол кезде
барлық шам,
Атқан тандай алдымызда жарқ етті.

1999.

МАХТАЙФА

Қазактың асыл ұлы Махтай деген,
 Жылы сөз ол дегенде сактай берем.
 Қудаша, құдағиға таласпайды,
 Соңдықтан мен Махтайды мактай берем.

1999.

ШӘКІРГЕ

Жетпіске Шәкір жылдам келіп қалдық,
 Егделік есік, төрін көріп қалдық.
 Алпысты алшаң басып жүре түрмай,
 Жетпіске қалай ғана көніп қалдық.

Қайырмасы:

Ах-ау арман,
 Дүніне жалған.
 Жастық шақ – “Жезқиігім”
 Қайда қалған.
 Білдік жүлдзыз теруді
 Көрдік талай шеруді
 Көкссепейді жиырма бес
 Сағынармыз елуді.

Біз емес жалт бүрылып шегіншектер,
 Жетпістің қайда апарап жерін тексер.
 Жетпіске біздер жетті деген сөзге,
 Қамығып қайғырады-ау, келіншектер.

Қайырмасы:

Жүруші ек бірге оқыған бала болып,
 Бұл жетпіс салды бізге дара жорық.
 Дәуірдің тәуірі өтті ауырына,
 Келеді күннен-күнгө сана көніп.

30.05.1999.
Алматы.

БУЛОННЫҢ ОРМАНЫНДА

Ну орманда Париждің сұлулары,
Жайран қағып ашып түр нұрын бәрі.
Ақ төсінде тепсінген қос торсыктын,
Жарылардай, шапшып түр шырын нәрі.

Ай құшқанда аспаннан гүл кескінін,
Еске түсті шап бермей жүрмес күнім.
Акку мойын, бура сан, марал бөксе,
Еске түсіп, бізге үйқы бермес бүгін.

Жакын өтіп, қасына жанадық та,
Көрдік, білдік, басқаға жарадық па.
Бір топ қазак тамсанып кете бардық,
“Мерседестің” ішінен қарадық та.

Париж. 16.04.1999.

* * *

Жаксы иттін күшігін
Жолбарыс деп қаласын,
Қалау беріп, қолқабысқа аласын.
Жаман иттін күшігі
аш бөріден аумайды,
үруінен естисін iesіне жаласын.

4.06.1999.

* * *

Адам бойда әр мүшеден нәр алған,
Көз бен қолдың әрекеті сан алуан.
Екі аяқтың қызыметі бар ерекше,
Жер бетінде тік жүрге жаралған.

Қос еріннің айтсам сырын жалпылай,
Бір сүйгенде жанады екен бар шырай.
Кей мүшениң қызыметін құпия,
Бата алмаймын айтуда да жартылай.

23.11.1999.

АМАНЖОЛДЫҢ АЙТҚАНЫ

Қалайша дипломатка оралмаймын,
Түштің саясатқа одан бай кім.
Жасымда жеңешеме кол салмап ем,
Сәлімнен Ләйланы бөле алмаймын.

Бәрі де шындық сырын көзделгенім,
Женгем жоқ одан артық өзге менің.
Жасымда жасырын сөз айтпап едім,
Бүгін мен ептең-септеп өзгеремін.

* * *

Кейде мен көп ойланып отырамын.
Барады заулап күндер – соқыр ағын.
Радио, теледидар, газет емес,
Шәкірдің “гу – гуіне” шоқынамын.

Қонымды әр бір сөзі парасатты,
Жасампаз әлеуметпен дана шартты.
Қызметтен Батыраш пенен Шалыраш түгіл,
Өзгертіп жібереді Бонопартты.

Естімпаз ым-жымы көп оның әлі,
Көрген жан ақпаратқа толығады.
Оңтүстік астанада азамат жоқ,
Шәкендей тұра түсер жорығаны.

1999.

ҚАЛТАЙДЫҢ ДӘРІГЕРГЕ РЕНЖУІ

“Сотрясение мозга бар” – деп ептеген,
Дәрігерді Қалтай жоқ қой жөптеген.
Ашу қысып звондалты жеңгеме,
Дәрігерге оқ атардай өклемен.

Депті сонда. Ыза кернеп кектеген:
“Жоқты бар” – деп жорығанды жек көрем.

Менің миым тулап жатыр - деп отыр.
Кел, қорғап кал, “басында ми жоқ” – деп ен.

1999.

* * *

Ергістің түбі құмдақ жалтыр екен,
Қос сазан көрдім суда жалт-жұлт етер.
Біреуін аңдып тұрып ұстай алсам,
Озімнің бәйбішемнің балтыры екен.

2.07.1999.

Павлодар.

ШӘКІРДІҢ ҚАРЫНДАСЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

Біреуден-біреу озып аса қалар,
Біреуден-біреу жайлы таса табар.
Әйелдер қандай еркек керек болса,
Илеген нандай етіп жасап алар.

Тентекті жолбарыстай жұн қылады,
Еркекті қоян мінез күн қылады.
Әйтеуір өз керегін жасап алып,
Көксеген бар арманын тындырады.
Арнаймын жеңешеме тәуір үнді,
Сүйсінгі келін болып ауылымды.
Жұп, жуас қыз деп жүрген Қамажаным,
Бес күнде билеп алды бауырымды.

Не дейін, құт жайласын босағасын,
Үйренген қосағымен коса ағарсын.
Еркектер бәріннің де қунің солай,
Мұсіркеп отыр деме өз ағасын.

30.05.1999.

* * *

Жайқалған жасыл сайдагы,
Өзенге құдай береді.
Бетіне шыққан қаймагы,
Аруды көргім келеді.

Егделік жетті ызғарлы
Қайтесің? - десен сондайды.
Біздің ауыл қыздары,
Сағындырмай қоймайды.

10.02.19

* * *

Нарықпенен халықта санасар бар,
Құнын бүлдап сиқыр мен жанасар бар.
Бар байлыкты қалтаңа салып алып,
Қайда ғана барасың қара шалбар.

Қызықтырып өзекті үзілдірте.
Екі көзді төсіне сүзілдірте,
Қос алманы құшактап
бір көрсетпей,
Қайда ғана барасың қызыл құрте.

19.11.19

СӘЛІМ ФАЛЫМ БОЛҒАНДА*(Сәлім Құрманғожин)*

Әуелден сен жабайы Сәлім болдың,
Дипломат атақ алыш мәлім болдың.
Алпыстың асуында
бағың жаңып,
Майталман мәмілегер ғалым болдың.

Аз емес шен-шекпенде қолда барың,
Қолдаймын жаңа қарқын орнағанын.
Жеткізсін ғұламалар өресіне,
Жол бастап,
бұғін сәтті қорғағанын.

Құттықтап келді ағайын досыңменен,
Еріксіз сол дүбірге қосылды өлең.
Келінге алғыс айтам
Ол да ерлік,
Бәйгеге сені алпыста қосу деген.

Күн жақсы-ау,
Куанышта жыр құраған!!
Қызықта тай құлымнадай шүркүраған,
Құлқісін арулардың қосып ішіп,
Шампанды көтерейік бүркүраған.

1999.

* * *

Сағынышым толқуын түр жасырмай,
Тебірентеді қос бүрим – із басылмай.
Менен де өтті жастық шақ – бедеу бесті,
Сенен өткен тамаша қыз-ғасырдай.

Сүйіскенде көзінә көз қадалып,
Бітпеуші еді тәтті сыр созбаланып.
Пайғамбардың жасына жетсемдағы,
Кейде үстап кетеді бозбалалық.

Өзгермейтін ажары мүсіндейсін,
Қай мүшенді есіме түсір дейсін.
Баяғыдай басымды айналдырып,
Қос білекке кайтадан түсіргейсін.

Сұлуларға менде жоқ әмір ету,
Жүрек айттар ақырғы әділетін.
Қанша жасқа келсем де ынтық, құштар,
Саган деген сарқылмас қабілетім.

10.05.99.

Алматы.

СӘЛІМЖАН ҚҰНАНБАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

1.

Тірі пенде әр мушеден нәр алған,
Екі аяқтың құдіреті сан алуан.
Тіл – тірегін,
Ал, еріндер елжіреп,
Бой қыздырып сүйісуге жаралған.

Әуел бастан оқыс қате баспайық,
 Күнә көп кой. Сыр сандыкты ашпайық.
 Қол қуатын.
 Жұдырықта пәле бар,
 Қаның қызыса тұрып кетер қасқайыш.

2.

Жүріп келем баяу басып ақырын,
 Ел іргесін бұзбау – жеткен ақылым.
 Қалталаудар тым сүмданып барады,
 Арқалылар менің ескі жақыным.

Жылжи берем саспай сабыр сактаумен,
 Жарғы мен Заң тәтті тілін жаттаумен.
 Алақайды бір досыма тапсырдым,
 Талапайды шімірікпей мақтаумен.

Жамандыққа жорымандар ойымды,
 Ел дәстүрін елемеулік жойылды.
 2030 жеткенше есен журейін,
 Сонда соям ең семіздеу қойымды.

3.

Құдаша жолы қайда бал бұлактын,
 Тым аздау суарылған арғымакпын.
 Жұлдыздай таң сәріде
 жайнап өтер,
 Келіп түр құшағыңа жалғыз акқым.

4.

Аракты артық ішсең у—ланасын,
 Ішпесең көп қызықтан құр қаласын.
 Ешқашан жамандама
 татпасаң да,
 Алланың өзі жерік қылған асын.

Қалмайды қыр соңынан қарғасаң да,
 Арбайды аздау жұтып алдасаң да.
 Бәрінен күнде ішкен жаман екен,
 Сактамас қазы, карта, колбасаң да.

25.10.1999.

ЖҰЗ ТЕҢГЕ

Тым боктампаз бес жастагы баласы,
Әке-шеше келмес оған шамасы.
Атасына тартқан десе шолжандап,
Қолпаштайтын бар кемпір, шал панаысы.

Қатал тілмен өз әкесі бір күні,
Қабақ шытып жойды әнтек күлкіні.
Оңашада тентекті үстап сөйлесті,
Берік қақлан бұлтартпастай түлкіні.

— Тілінді тый, ойлап сейле, оттама,
Жұртты тыңда, жөнді сөзге тоқта да.
Мейман болып,
Үлкен бастық келеді,
Дәм үстінде — деді — ешкімді боктама.

Сәлем бергін сырттан кештеу кірсөн де,
Әдеп сақта отырсан да, жүрсөн де.
Ақысына, не қаласаң соны ал деп,
Жарқыратып берді ұлына жұз теңге.

Бағындырар айбын анды, малды да,
Қатал сөзді бала ұғып алды ма?!

“Жарайт” — деді әкесіне жыымиып,
Жұз теңгені қалтасына салды да.

Келді қонақ. Бәрі құрмет етуде,
Сотқар үнсіз. Бүгін тәртіп бекуде.
Сол бір кездे бір шыбынға бір шыбын,
Мінгесіпті тарелкениң шетінде.

Бала ышқынды: — Бұл не деген масқара,
Мені құртты-ая,
қона салмай басқаға.
Ұялмады-ая, үлкен бастық келді деп,
Қарамады-ая, ішкен адап аска да.

Мұндай сүмдүк көз ашқалы кім көрген,
 Жоламас ем бұл топырға білсем мен. –
 Міз бақпастан ондаң тұрып бір боктап,
 – Міне, – деді – Папа берген жуз теңгеген. –

12.08.2000. Бурабай.

БОШАЙ КІТАПБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Женгелерің қатты сөзге кимайды,
 Әuletіме – сәулет, дәулет нұр жайды.
 Қартайса да қажағаның білдірмей,
 Оңашада өте қатты сыйлайды.

Сайран еткен Жетісү мен Алтайды,
 Омір жолым Тірлігімді актайды.
 Женгелерің жұрт көзінше сынаса,
 Оңашада өте қатты мақтайды.

5.02.2000.

KIM ACAУ

Асаяу тайым бұзық еді,
 Түлпар токым салғанда.
 Құлын ұсташа қызық еді,
 Әжем бие сауғанда.

Дедім сәулем, сені де асаяу,
 Қол салғанша жақын кеп.
 Көреді жұрт мені де асаяу,
 Адуынды ақын деп.

Көп жылқылы елім асаяу,
 Асаулыққа баулады.
 Осы күнде келін асаяу,
 Сиыр, бие саумайды.

Мол қымызға жұдә зармыз,
 Қоры азайып келеді.
 Орыстардан сүт алармыз,
 Қымызды кім береді?

Тағдыр саған көп қой сенім,
Көкірегімде сөнбес нүр.
Бие саяу білер келін,
Женешеме кездестір.

17.08.2000.

Бурабай-Алматы.

ЕСКЕНДІРГЕ ЕСКЕРТПЕ

Есейгенде ой селі төкпелейді,
Озімсіп те біреуді сөкпе дейді.
Беу, Ескендір, алпыста “шалмын” деме,
Сексендері ағалар өкпелейді.

Көрмей келем алпыста ауыр жолды,
Тағдыр берсін саған да тәуір қолды.
Құдаша мен құдағи арасында,
Биге шыққан екі жеп дәуір болды.

Байқап сөйле шықса да есің мейлі,
Жаттап қалып жадынан өшірмейді.
Дариконы “кемпірім” – десен болды,
Ағаларың ешқашан кешірмейді.

Алматы. 2000.

ТАБЫСЫМ

Ерте кезде салмай ескі сарынға,
Көне білдік бойда қызу жалынға.
Приватизация маған жасап алыпсың,
Үкімет пен партияның барында.

Табысым сол – татулықты талғадым,
Жоғалтпадым махаббаттың бар мәнін.
Жас тоқалмен жаңа ферма құрмай-ақ,
Жаксы болды бәйбішеммен қалғаным.

Өзін boldың көп әніме бас әнім,
Бар әніме үлкен септік жасадың.
Саған мәнгі референдум өткізіп,
Өзге әйелге мороторий жасадым.

25.03.2000.

ҚӨҢІЛ АШАР

Дей көрмеші құрбым-ау, оңи нашар,
 Бұтжендеуін қоймайды, бөрібасар.
 Алаулаған ақ гүлдей ақ дидарың,
 Қарсы алдынан жарқетсе қоңіл ашар.

Қайран жастық қол сілтеп өткенменен,
 Ұялаган жүректе дерт сөнбекен.
 Жабырқама қашан да ер жігіттің,
 Жыл санаумен дәл жасы өлшенбекен.

Суга келген киіктей басын шүлғып,
 Сымбатыңды қорсемші асыл жыр қып.
 Кек толқынның астымен алақанға,
 Ақ сазандай акырын жетші жылжып.

Әне, сонда таңырқап қөзімді ашам,
 Сағыныштан өтер күн өнім қашар.
 Жан жанары ашылып баяғыдай,
 Аяласаң сәт туар қөніл ашар.

14.03.2000.

ЕГДЕЛІК

Есі ауысып кеткендей сүйген пенде,
 Жалықпаймын көркінді мың қорсем де.
 Сені кемпір дегенге келіспеймін,
 Шал дегенге өзімді үйренсем де.

Агаларым түзетер кате десе,
 Мәселе көп бас қатар әлде неше.
 Оқ тигендей желкемнен
 Шошып кетем,
 Қөзім түскен келіншек “Ата”— десе.

Торға түсіп жастық шақ сағынтықасын,
 Аңғырт басым салады бар ынтасын.
 Токайлды айттып

Күр бекер тоқылдаймыз,
Бәйбашеден құдайым жарылқасын.

14.03.2000. Алматы.

ШӘКІРГЕ

1.

Жалынып көрген жоқ ол бір бастыкқа.
Берік жан бұл жалғанда сыйластыкка.
Шәкенмен тату-тәтті өсудің де,
Түбірі Московский қимастықта.

2.

Шәкір досым ақиқатты шындаиды,
Мойытпайды оны өмірде мың қайғы.
Құлағына алтын сырға женгемің,
Біздің Шәкір сұлуларды тындаиды!

Өзі сері, дархан таза көнілі,
Ол мактаулы талайынан көп ірі.
Қай жөндеуге салсадағы жеңешем,
Шәкір қалар дым өзгермей өмірі.

30.05.2000.

КӨПЕНГЕ

Беу, Көпен дүбіріне қозғаламын,
Жаразты жұрт алдында өз қадамың.
Мен білсем келіп қалған елу жасың,
Ақ түйғын ақын үшін бозбала күн.

Бұлжытпай сал-серілер қағидасын,
Қаға бер сұлулардың сакинасын.
Дәл тиіп атқан жебең нысананаға,
Бар қазақ айтқаныңды мақұлдасын.

Қамшыла жылпостарды әр мандағы,
Сатуға ел байлығын барғандарды.
Оқіртіп үфит-сүфит тілімдеп бер,
Жақсыны аяғынан шалғандарды.

Талантты танымаган білсін неңі,
Білгендер ішкүста боп күрсінеді.
Бір өзің мың партия секілдісің,
“Қабағы түскен” халқың сүйсінеді.

Тұрмассың әлде кімнен үпай сұрап,
Жолыңа жаға берсін құдай шырақ.
Орыс пен казақ тілі жетпей жатса,
Шылықты бас белінен қытайшылап.

Төгілдір жаңа күлкі жаны мәзге,
Моторың “мерседестей” бассын Газ-ге.
Қырқалы елу белес күттү болсын,
Қазақ боп туған біздің “Әмірадзе”.

18.03.2016

Tүркістәс

БӨРКІҢ-АЙ

Тентектің көнші еркіне,
Жетейін алған сертіме.
Ажарың аптақ аңсаткан,
Табайын дәру дертіме.

Қайырмасы:
Пай, пай, бәркің-ай,
Бәркіннен асқан көркің-ай!
Ақ тамағың үлбіреп,
Қарақат көзің мөлдіреп,
Шиедей ернің елжіреп,
Өзінді көптен аңсаған,
Жазылар қашан беу... сүм жүрек.

Есіме түсіп ерке күн,
Махаббат мұнын шертемін.
Мекенінді айтсанышы,
Сағынып жетсін тентегін.

Қайырмасы:

Фашықтық әнін жалғадым,
Сені іздел қайда бармадым.
Қос алмаға қол салып,
Бір сүю жалғыз арманым.

4.04.2000 ж. Астана.

* * *

Өзіне қарсылсты ар жактағы,
Елбасы саясатпен ардактады.
Перште алтын көріп жолдан тайды.
Ақ балық бола қалды қармақтағы.

Жауынгер өжет десек заты мықты,
Сөлкебай тағып бөтен аты шықты.
Қазақтың адап қара қазанынан,
Шошқаның сап-сары боп басы шықты.

Бұл қайран намыскерге батуы анық,
Жалт берді кейбіреулер ашуланып.
Орденді қайта апарып бер деп жатыр,
Исахан Исадайша ашуланып.

2.22.2000.

ҚАЖЫМҰРАТТЫҢ АЙТҚАНЫ

Нарықтың болсақ басын құрай келген,
Жігіт көп құтты өлкеге шырай берген.
Әкімдер келіп жатыр,
Кетіп жатыр,
Мызығымас Қызылжарда Құдайберген.

Әр істің бояуы бар лезі бар,
Біреу пәс, біреу бірден іле жұлар.
Микоян секілді деп ойламандар,
Жуковтың бұл ағайда мінезі бар.

25.10.2000. Қызылжар.

* * *

Жетіммін жігіт демейді,
 Арамза достан қақсайды.
 “Жетілдім” қозы демейді,
 Ертерек сойып тастайды.

8.05.2000.

ҚАУДЫРДЫҢ АЙТҚАНЫ

Келіп те қалдық қырыққа,
 Үқсаймын көшкен бұлытқа.
 Шөп шауып жүрміз Есенмен,
 Біздерді Алла, ұмытпа.

Урия біздің қартайды,
 Балалар да марқайды.
 Енді бір жас қызды алсам,
 Тірлікте құмар тарқайды.

Есенгелді бауырым,
 Артымда асыл тәүірім.
 Дөкей боп еркін жайласын,
 Алатаудың сауырын.

Окуға түсер күй берсін,
 Озып та жүрер мый берсін.
 Ең өуелі, шіркін-ай,
 Ақылды қызға үйленсін.

Сонынан іздел барсам ғой
 Еркелеп асыр салсам ғой.
 Есман ағам секілді,
 Жеті қатын алсам ғой.

26-10-2000.

Қызылжар-Магжсан ауылы.

САҒЫНДЫҚТАҢ СӨЗІ

Бұл өреге келген жокпыз құр бекер,
 Әр жаңа таң өмірімді нұрлы етер.

Жетпіс бесін шекаралық жас екен
Сыр кетсе де емес әлі сын кетер.

Алған екем таңдал қыздың тәуірін,
Келеді өтіп ойлы, қырлы дәуірім.
Балалар мен есен болсын Нагима,
Жас тоқалды іздетпесін тәнірім.

Осы ойды қайталаймын әр күні,
Жоқ көңілде құралайдың салқыны.
Сұлуларға көз салдырмай өтті ғой,
Баяғыда партияның тәртібі.

2000.

ҰЗЫНАҒАШТА

Жетпісбесін тойлап шаттық құшсақ бір,
Көргенімді айт деп көңіл қостап түр.
Әнебіреу,
Қалқанқұлақ, салпы ерін,
Сары бала Нұр-ағама үқсан түр.

Дегенімде сақ-сақ күлді ағайын,
Бала да түр Күн қыздырығы самайын.
Бір келіншек
Сөйлем кетті сол жерде,
Көзбен шолып тойлы думан маңайын:

— Дөп айттыңыз, жөнді сөз сенетүғын,
Алла солай бір сәтін беретүғын.
Нұрғисаға тартқаны бекер емес,
Ұзынғашша ол жіңі келетүғын.

Неге сасып ондайдан сактанамыз,
Біреуге үқсас бізді де тапты анамыз.
Нұр-ағама тартқан бала аз емес,
Ол қылышын сөкпейміз, мақтанамыз.

Тұнғыш рет мен сізді көріп тұрмын,
Арнау өлең отына еріп тұрмын.

Ұзынағашта аз емес „Жезкиіктер”,
Сағындырмай ағажан келіп тұрғын. —

Сөз біткенде жүзінен арай көрдім,
Нұр-агам-ай!
Қалыпты-ау, талай белгің.
Айтар сөзім аузыма түсней сонда,
Дәриға мен Мәриямға қарай бердім.

I-сөйір. 2000ж

ҚӨК ТАРАҚ

Режиссер ақ шашыма көп қарады.
Дегендей “тарау керек” жеп барады.
Сол кезде
Көкшіл гаяхар секілденді,
Ұсынған құдашаның көк тарағы.

Шашымды көк таракпен тарай бердім,
Жүзінен құдашаның арай көрдім.
Қазакта: “Берген емес алған мырза”,
Ырымға деген сөзді балай бердім.

Тіл қатып қалмаған соң төтесінен,
Не пайда өмірдің кей есесінен.
Тарағын алғыс айтып мен қайтардым,
Ол кетті Қабанбайдың көшесімен.

Сонынан ақ дидары көп қаратты,
Режиссер шапшаң еken тез таратты.
Білмеймін неге екенің,
Шаш тарасам,
Көзіме елестетем көк тарақты.

7.11.2000. Алматы

ДАРИКОНЫҢ АЙТҚАНЫНА ҚОСЫМША

Алпыс жас тойындармыз Ескендердің,
Келмейді артық сөйлеп сескендіргім.

Дарико сөз бастады
Қосылғандай, лебі ақ жүзінен ескен нұрдын.

— Сұлу саз елге таныс маңайым бар,
Жан үям бакыт құшқан арайым бар.
Ескендір баршаға ортақ ірі талант,
Ол жалғыз мәнікі емес ағайындар! —

Сол кезле бір келіншек қарады көп,
Жанары Ескендірді барады жеп.

Катты айтты:

— Дарикожан аузыңа май,
Бола алса мәнікі де жарады — деп. —
Есекен ортамызда көкеміз ғой,
Жетпісте, сексенде де етеміз той.
Бірақ та “баршаға ортақ” дегенді қой,
Екеуміз бір жігітке жетеміз ғой. —

— Таратар деп ойлама сыйбыс желін,
Жоқ сенің беу, қарындас, бұрыс жерін;
Ризамын қос құлағым естіп қалды,
Жарайсың осы айтқаның дұрыс - дедім.

Келіншек көргендей бір қызық шалды,
Аташка “рахмет” — деп ішіп салды.

2000.

БОШАЙДЫҢ СӨЗІ

Ән көтеріп түрғандай-ақ бұл ғалам,
Әншілерге жақын жүрем бір табан.
Сұлу саздың керектігін байқадым,
Директор бол кешсем жолдар шырғалаң.

Біздің ауыл сән құраса шалқып тым,
Тірі жанды ән сүюге тартылпын.
Адам түгіл “Жезкикті” тыңдатып,
Сиырлардың сай, сүйегін балқыттым.

Ән сарыны өңменімнен өтетін,
Мал да болса емшегі иіп кететін.
Озіме де мінез бітті фермага,
Сиыр сауған кезден қалмай жететін.

Міне, осындай кербез әннің бір қыры,
Оған ынтық жан-жануар сылқымы.

Тәтті әуенде мамырдағы қымыздай,
Аңсап тұрап жақсы адамның құлқыны.

10.02.2000. Алматы

АХМЕТТИҢ АЙТҚАНЫ

Мен келдім Таңсық қыздың ауылынан,
Сақтасын Алла құйын дауылынан.
Жасанды тоқалдарды жек көремін,
Кездессе соғып жүрмін сауырынан.

Мараттай жер бетінде тірегім мол,
Жаксылық арнал келген тілегім – көл.
Дұрыстап білем десең достарым-ау,
Розаны мәңгі сүйген жүргегін көр

Аңдасам өзімдағы осындаймын,
Бір үйде өскен тату қос ұлдаймын.
Мен бірақ алғашқымды коре қалсам,
Бетінен бір сүюден шошынбаймын.

НАРИМАННЫҢ КЕЛІНШЕККЕ АЙТҚАНЫ

Кездестік, жақсы қарсы алдың,
Көркіңе гажап тамсандым.
Бетінен үзак сүйдім де,
Буынсыз жерге пышақ салдым.

2001

ЭКСПРОМТ

Жастарға бакыт төрін жақын етер.
Бұл тойға атам қазақ батыл екен.
Жанат-ау, билеп жүріп түсінгенім
Құлағи Ләззат атты акын екен.

Тамаша құдағидың ақ білегі,
Көрген жан екеумізге сәт тіледі.
Қаншама берілгенмен құшағыма,
Қарайлап құда жаққа сақ жүреді.

12.11.2000.

САМОЛЕТТЕГІ ЭКСПРОМТ

Мұқыш-ага сексен жылдық асында,
Бірге болды Бәйкен, Сұлтан қасымда.
Құралайдың салқынымен қарсы алды,
Қарағанды бауыр басқан жасымда.

Келгеніміз елге мирас дес болды,
Таіай арыс ағалармен көш толды.
Жұрт жаураса, мен тоңбадым,
қасымда,
Рымжандай қызу құрдас “пеш” болды.

Арасында тойлы думан топырдың,
Құрдастардың бәсендетер отын кім.
АН-24 сұық болып,
Қайтарда, Рымжанға қыздырынып отырдым.

*28.05.2000.
Қарағанды-Алматы.*

2000-ЖЫЛҒЫ НАУРЫЗДА

Наурыз десе жүрегім еріп менің,
Ата-баба салтына еліккедім.
Агрониверситет ақшанқан ауласына,
Жылда келіп, кетуді беріктедім.

Қанығамын қызыққа көзім жеткен,
Қайран жастық осында өзім де өткен.
Махаббаттың базарын еске салар,
Мөлдір өмір осында, мөлдір көктем.

Жүріп келіп бойымен бір көшениң,
Студенттер көшімен бірлесемін.
Бибігүлдің бетінен бір сүйем де,
Академик – ректормен тілдесемін.

Шуак толды Наурыз белгі берген,
Құт табысар тәуелсіз, еркін елмен.
Бәйкен аға жол бастап шырша егіп,
Орындаймыз рәсімді белгіленген.

Елдің қамы – наымысы бұл орданың,
Зерттеп отыр қанша егіп, қанша орғанын.
Бұл наурыз – мейрамы шаруақордың,
Дән мен сүттің көксейді мол болғанын.

Кешірім ету – наурыздың ата заны,
Барша қауым көзге-көз тақасады.
Бұкле-сықпа өкпесін ұмытардай,
Үнсіз ғана ақ тілек атасады.

Кейбір шәкірт аз көрсе несібені,
Үстазы да жалқауды кешіреді.
Наурыздан кейінгі барлық сынак,
“Төрттік”, “бестік” бағамен шешіледі.

Жалақысын ансаған бейнеткер де,
Пенсиясын кеш алған зейнеткер де,
Степендиясы тым аздау студент те,
Үкіметті кешіреп тар өткелде.

Бұдан артық болмақшы ырым қандай,
Төгілейін жасырап сырым қалмай.
Кездесуім аз болса уақыт жетпей,
Кешіреді құрдасым Рымжандай.

Қолда барды тұратын үзіп бергін,
Жанарыннан сыйластық ізін көрдім.
Сәкен ағам түсіме кіріп еді.
Наурызда инишалла қызын көрдім.

Киелі күн келгенде көслейік,
Көңілдегі кіrbінді өшірейік.
Ал, ағайын, наурыз құтты болсын!
Кешірейік, бәрін де кешірейік.

22-наурыз. 2000 жыл.

ЗӘРУБАЙ ӘБІЛЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Өмір деген өрге тартқан көш екен,
Тұзу көшсіз бүкіл тірлік бос екен.
Балалық пен жігіттіктің арасын,
Мен өзімше бауыр басқан дос етем.

Жас кезімде сотқар едім атаулы,
Жұмсаартушы ем нелер тентек қаталды.
Орыс, қазақ балаларын шықпыштып,
Сокқылаушы ем бірге қосып татарды.

Атағым зор салдым ойран асырға,
Інім Болат жүрді үнсіз қасымда.
“Я бғат Загубая” – деп қана,
Шошытатын құлығы бар басында.

“Зәрубайдың інісімін” – деген сөз,
Келтірмейтін еш қырықты оған кез.
Қарағанды балалары патшасы ем,
Қарсыластар қадай алмас маған көз.

Өстік. Жеттік. Нарық ашты көп сана,
Кәсіп құрдық бар ағайын топтала.
Біреу кейде көз алартса шошытам,
Мен “Бутяның” ағасымын деп қана.

Өмір-сайыс жүгі ауыр көш екен,
Қадыр білер бауырымды дос етем.

Бала күнде әжем маған көп айтқан,
“Дүние кезек” – дегендері осы екен.

27.05.2000. Караганда

ЕГДЕЛІК

Есі ауысып кеткендей сүйген пенде,
Жалықпаймын көркінді мын көрсем де.
Сені кемпір дегенге келістеймін,
Шал дегенге өзімді үйренсем де.

Ағаларым түзетер қате десе,
Мәселе көп бас қатар әлде неше.
Оқ тигендей желкемнен шошып кетем,
Көзім түскен келіншек “Ата” – десе.

Торға түсіп жастық шақ сағынтықасын,
Аңғырт басым салады бар ынтасын.
Токалды айтып құр бекер тоқылдаймыз,
Бәйбі sheden құдайым жарылқасын.

14.03.2000. Алматы.

ТЫҒЫЛМАҚ

Құдай ұзын етпесе де бойымды,
Тен құрбыдан ерте ояты ойымды.
Тал тубінде “тығылмақты” көп ойнап,
Ат үстінен теруші едім мойылды.

Шын сұлулық ілкім сәтін еледім,
Қарақаттан мойыл артық деп едім.
Енді бүгін еске түсіп сол көктем,
Жас әженің әр бір сөзін көремін.

Қыздар, қыздар! Тығылмақшыл еткізді,
Ұялшақ ем, қол тигенде ет қызды.
Былтырғана соның бәрін бір құрбым,
Мәз-мәйрәм бол, бәйбішеме жеткізді.

Таба ағымаса
– Кәкімбек-деп зарлады,
“Тығылмақ” қой айттар сөздің бар мәні.
Қос секілді күркө талды көп мактап,
Бір жақсысы ар жағына бармады.

14.08.2000. Бурабай.

ШӘКІР АҒАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

Жас келген соң алды-артынды ойлайсын,
Бар ақылды тыңдағанға жолдайсын.
Ішлеймін деп кесіп айтпа шырағым,
Бұрын ішсөн,
Қайта сокпай қоймайсын.

Мінезіне үлкен сенім аргасын,
Бір басыңа жетер дос пен бар қасын.
Кесіп айтпа... тартпаймын деп темекі,
Тарыққанда тағы да бір тартасын.

Ер жігітті қалдыратын арманда,
Бір-ақ нәрсе оралмайтын жалғанда.
Бара алмайсың барғың келген жеріңе,
Жас үлғайып, қуат бітіп қалғанда.

15.02.2000.

МӘРУА - АПАЙ

Асында Мұқыш-аға қызу төрдің,
Бименде Нұрланұлы қызын көрдім.
Келбеті жер бетінде жан жетпестей,
Ежелгі сұлулықтың ізін көрдім.

Жанары Қаратаудың қара тасы,
Құс қанат, қиғаш, керім қара қасы.
Сексеннің сенгірінен ассадағы,
Жан екен топта қызар бар арқасы.

Айтқаны терен тамыр білім кені,
Күлпірыл қыз кезіндей күлімдеді.

Сол сәтте, сексен қайда?
 Беу, ағайын,
 алпыс та қарт анадан білінбеді.
 Сыр бар ма ел құлағы жаттамаған
 Есімде “Мәруа сұлу” ат тараған.
 Сарыарқа Қыз Жібегі осы кісі,
 Құмартқан Ерубаев Саттар ағам.

Дауасы күміс қоңырау қакқан сынғыр,
 Секілді естілгендей бақтан бұлбұл.
 Мәтелден отты сөзбен тамсандырса,
 Нұр жүзі мың құбылды жайнап гүл-гүл.

Қыр мұрын, ак дидары арайланды,
 Тамсантты сыны қайтпас талай жанды.
 – Япымай қыз күнінде қандай екен? –
 Деп қана Бәйкен ағам қарай қалды.

28.05.2000. Қарағанд

АХМЕТ АҒА АЙЛАСЫ

– Байтұрсынов тез тергеуге саламыз,
 Біз ГПУ-ден Марғұланды табамыз. –
 Деп зікірсе
 “Ол бір сырқат бала ғой”
 Деп сыпайы жауап берді ағамыз.

Бір жылдан соң ГПУ келді қомдана,
 – Марғулан қайда?
 Жалғыз сұрақ сол ғана.
 Соңда Ахан:
 “Айтып ем ғой сырқат деп
 Дәм-түз бітіп өліп кеткен ол бала”.

Сумақайлар сұраққа әрі баспады,
 Баскесерлік жабық сырын ашпады.
 Қолдарында қара ниет тізімнен ,
 Марғұланды сыйып-сызып тастады.

Кетті-ау, кетті ажал сүйгіш әп, жылан,
Олар үшін жоқ кой әділ зан, құран.
Құдай сактал, айласымен Аханын,
Есен қалды ғұлама ғалым Марғұлан.

20.07.2000.

ТІРІДЕЙ КӨРГІМ КЕЛЕДІ

*(Корабай Есеновке Астанада
бір қыздың айтқаны)*

Жүргегім саған сенеді,
Откізер бірге таң үшін.
Бір көргім сені келеді,
Жас күнде айтқан ән үшін.

Жүрмін ғой елтіп естүмен,
Бұл күнде достық тілегін.
Ақкудай жаңа ес білген,
Жетсем деп ұшып жүремін.

Алдыңнан қарсы шыққанда,
Жүрегің неге жаңылсын.
“Досынның көзін” ұққанда,
Фашықтың көзін танырсын.

Айырса бізді сүм жалған,
Көре алмай көптен жүдедім.
Сынғырлап айтқан жан сырын,
Гитардай мен де тіледім.

Кетеді сен боп бар ғалам,
“Жас қаламды” айтқанда.
Келдің бе іздел деп қалам,
Қаңқылдал қаздар қайтқанда..

Үніңнен үзім татыршы,
Махаббат пірі жебеді.
Тойына мені шақыршы,
Тірдей көргім келеді.

Астана. 2000.

БАФДАТ ҚЫЗ

Керілген кер мараудай Бағдат қыздын,
Көркінен көкірекке шам жакқыздым.
Қиғаш қас, пісте мұрын, ерні шие,
Тілінен келді тілге бал татқызыым.

Сары алтын, қызыл күрең шәйі қандай,
Балқыздым бойға зәмзәм дарығандай.
Есілдің құба талы секілденген,
Бұраң бел көрсөң көніл байығандай.

Әл жетпес тік қарауға көзге күлген,
Өтті ғой қос қараышқ өңменімнен.
Жүрекке аршын төсі дубір салды,
Көп еді-ау, көрмегенім көргенімнен.

Жыр арнап, жылы шырай достасамын,
Тәттімбет тартқым келді “Қосбасарын”.
Сексен көл акқуындаі сүйсіндірді,
Кетерде қалай ғана қоштасамын.

Інілер жүртқа жаяр жариядай,
Кездестік кәдік жерде тар ұядай.
Елтісем Балуан Шолақ атамыздай,
Есімнен кетер емес Фалиядай.

Астана
4.04.2000 ж

ЭКСПРОМТ

Ақсақалдар төрде елдің данасы,
Өрге үмтүлған інілерге қараши.
Құдашаңа бөліп берер бір күн жок,
Бұл Алматы ас пен тойдың қаласы.

15.02.200

СЕРІ ҚЫЗ

Алматыдан сері қыз,
Астанаға келіпті.
Жайнап кетті төріміз,
Екі көзді телітті.

Таң қалмаған жан бар ма,
Ұнап көздің жауына,
Такқан кара шалбарға,
Балағының бауына.

Жұрт амалсыз қарады,
Қызықты дос пен бақасы.
Тық-тық етіп барады,
Алтын етік тақасы.

Басындағы бәрік те,
Тамсандырды табынтып.
Жоқ өзінде көрік те,
Жіберердей қағынтып.

Жайнап естен жаңылтқан,
Жақын етпек өгейді.
Тақасына табынтықан,
Сері қыздар көбейді.

25.11.2001.
Астана.

НАҒИМА

(Nafima Kenjebay kелініне)

“Накыш” – дейді ағамыз Нагимасын,
Тапқыш келер асылдың бабын асыл.
“Нәкежан” – деп кей-кейде еркелетер,
Тап қасында жүрсе де сағынғасын.

Қайырмасы:
Әрбір аттың мәні бар,
Әрбір аттың әні бар.

“Нәкіш”, “Нақыш”, “Нәкентай”,
 “Нәкенжаны” тағы бар.
 Аға сөзі – қағида,
 Соның бәрі – Нагима,
 Нагима, Нагима.

“Төр апа” – деп түрлентіп көріктеген,
 Сондай болсын жар сыйлар серік – деген.
 Біздің ағай сұнғакты сау қайыңдай,
 Сылап-сипап, женешем беріктеген.

Қайырмасы:
 Тан атысы қысқа күн батысина,
 Ат койғыш-ау, ағамыз “Нақышына”.
 Женешем де сыйға-сый бал тосқандай,
 Бір айтқан жоқ шалсың - деп ақысина.

2.08.2001.

90-ДАФЫ ШАЛДЫҢ АЙТҚАНЫ

Қайран көніл аландаپ,
 Қайта күйіп жаңдым ба?!

Көксегені махаббат,
 Тоқсандағы шалдың да.

Қартайған сайын сүм жүрек,
 Тілегін тұра көздейді.
 Жұқарған әбден үлбіреп,
 Қарсы сөзге төзбейді.

Ашық көніл мархабат,
 Фаламат қой көргенге.
 Қоштасады махаббат,
 Соныра жарық сөнгенде.

10.03.2001.

ЖАНАТҚА АЙТҚАН ҚҰПИЯ

(Жанат Жаубасовка)

Жастарға бақыт төрін жақын етер,
 Елгезек құдашалар батыл екен.
 Жанат-ау, бір құпия сезіп қалдым,
 Құдағи Ләззат атты ақын екен.

Тамаша жылы, жұмсақ ақ білегі,
 Еліктей билегенде сақ жүреді.
 Келінім Бибігайша әбден разы,
 Жүлде алсақ, бізге жана сәт тіледі.

Інілер құп, алындар қуанындар,
 Сылқытып құдаларды “суарындар”.
 Қасқырға олжа тоқыш сүр қояндай,
 Алдында құдағидың бұралындар.

Серік пен Гаунаржанның тойындағы,
 Алғыс көп арнап айттар ойымдағы.
 Бір ауыз сөз шығармай
 Отыз тістен,
 Құдағи бар тілекті орыннады.

Кездестім ғаламатқа құтты тойда,
 От қызу жас күнімдей бітті бойға.
 Жанат-ау, өз аузына ие болғай,
 Естіген сөзді ішіне жұтып қой да.

12.11.2000.

* * *

Жақсы күн жақсы айды,
 Қам көніл ансайды.
 Сәтті өзіл тумаса,
 Жүрегім шаршайды.

Тұс жарып күлмесен,
 Бір тәсіл табармын.
 Бір мезгіл сүймесем,
 Қартайып қалармын.

10.02.2001.

МАХТАЙФА

Халқыңа ариап жүрсін бар жаныңды,
 Құптаймыз Астанаға барғаныңды.
 Көз тояр жас санамас нар жігітсің,
 Ойлаймыз көп жыл жалғыз қалғаныңды.

Секілді шың басында алып терек,
 Сен жүрсін от сезімді берік тежеп.
 Қошкенің Астанаға құтты болсын!
 Қасына күтім жасар серік керек.

Білеміз үрім-бұтақ тармағыңды,
 Соларға салмай жүрсін салмағыңды.
 Балалар саған рұхсат берген екен,
 Тілейміз бір жақсыны алғаныңды.

Жар салар нар көріндің өзің маған,
 Бітті фой мың жыл шыдар төзім саған.
 Әгәрки кіші-кірім той жасасан,
 Қасыма Есенді ертіп өзім барам.

20.01.2001.

ЭКСПРОМТ

Ар-Ғұнды бөтен санаған,
 Онбайды топас мал – ғұндар.
 Арғы-Ғұннан тараған,
 Жер бетінде бар Ғұндар.

11.02.2001.

* * *

Тойғанын айтып не демек,
 Ашқарақ көзі тоймаса.
 Көп білім жинап не керек,
 Қоятын жері болмаса.

10.02.2001.

ОРМАНДАҒЫ ДИАЛОГ

Қасқыр:

— Қызыл көрсем ашылады араным,

Тұлқи:

— Сүрғылт түске лезде ауыз саламын.

Қоян:

— Аю көрсем дос болатын әдетім,

Қасқыр келсе жеп қоямын бар етін,

Тұлқи десе қызып кетер тәбетім.

Аю келді шырт үйқыдан оянған

— Мен бәрі бір сендерді жеп тоя алман.

Мына екеуін ұмаштайын тап, қазір,

Ертең кешкеке сені жеймін қоянжан. —

Қасқыр, тұлқі қалды аюға тұтылып,

Қалқан құлақ зытты алысқа сыйтылып.

Кожек солай көкелерін тапсырып,

Ожет сөйлем кетті ажалдан құтылып.

10.02.2001.

П.А.ВЯЗЕМСКИЙДЕҢ

1.

Картузов көпті оқытпақ,

Ақпарат оны хоштады.

О, құбылыс! Тосын шақ!

Ғасырдың берген достары!

2.

Картузов біздің — сенатор,

Картузов біздің — куратор.

Картузов біздің — әрі ақын.

Өзіне өзі тен жүрер,

Бәрін де істің тен білер.

Тантық жоқ таңба тағатын:

Арық-тұрақ сенатор,

Құр сүлдері куратор

Қанқасы қатқан тәні ақын.

3.

Картузов — сенатор,
 Картузов — куратор
 Картузов — ақын ғой.
 Басқаға баспай бір ауық,
 Бар құрмет оған түр ауып.
 Ол — жағымпаз сенатор,
 Ол — парапор куратор
 Ол — ақын ғой жылауық.

10.03. 2001.

ҚИҚАРЛЫҚ

Алпыс — талтұс жастық шақтың қалдығы,
 Жетпіс — белес егделіктің жарлығы.
 Көз қығын тастап өтсе сұлулар,
 Ол әлі де бірдеменің барлығы.

Tay ішінде тауды жырлап өтемін,
 Кел шетінде құсқа құрмет етемін.
 Қырға шықсам “Жезқиікті” бір көріп,
 Жырлай-жырлай мәңгі ғашық етемін.

Жаршысымын туып өскен даланын,
 Ел шетінде жанға қуат аламын.
 Жетпіс жасқа әкелсе де паспортым,
 Мен бәрібір алпысымда қаламын.

22.01.2002.

* * *

Жақсы күн жақсы айды,
 Қам қөңіл аңсайды.
 Сәтті өзіл тумаса,
 Жүргегім шаршайды.

Тұс жарып құлмесен,
 Бір тәсіл табармын.
 Бір мезгіл сүймесем,
 Қартайып қалармын.

10.02.2001.

РАС ЕКЕН

О, перизат! Жақсы сөзден жиренбе,
Қайталаң бер Мұзатардан үйрен де.
“Елде барға ернің тиер” – дегенін,
Әрең білдім сені бүгін сүйгенде.

СӘКЕННИҢ ҚАҚПАҚЫЛЫ

Сәкен құлді Бейімбетке: - жұпымыны,
Жаман плаш жоқтатып тұр күпіні.
Көз тоярдай болу керек
Қашан да,
Биагасы... классиктердің күтімі. –

Биекең сонда депті: – кезек күтем мен,
Жол тимейді бір кіші, бір үлкеннен.
Фабит, Сәкен – серілерден біздерге
Дым қалмай жүр қазакта бар дүкеннен.

СЕРИҚ ОСПАНОВҚА

Ел алғысы
Саған ынтық сезілсін,
Аңы әніңе
Сусындал жүрт телмірсін.
Мен мақтасам
Сарыарқаның саңлағын,
Тындаған жан Ақан Серім деп жүрсін.

Самға, самға
Қос қанатың тен жүрсін!
Нар тұлғаңа туган елді сендірсін.
Мен қуандым
Ұлытаудың орені,
Алатаямен
Кекшетаумен тен жүрсін.

Ән салғанын
 Астананың төрінде,
 Есіл толқып
 бір серпілді өр ұнгे.
 “Конгресс холл“
 Сахнасын тербелттің,
 шықты мықтап
 Сенің аңы терің де.

Тұрактады асыл өуен, өр екпін,
 Туды бүгін өнер үшін керек күн.
 Көп жаса деп,
 Мың-мың алғыс айтамын,
 Ертең бұдан артықтау бол демекпін.
 Серігім-ау, ән салуга зерексің,
 Ел жүргін әсем сазға бөлепсің.
 Жүйірік аттай
 Қашан көрсек жарау жүр,
 Сұлуларды қуантуга керексің.

27.06.2001.

ЭКСПРОМТ

Қыздардың жас күнінде жаманы жок,
 Шын нәзік қызықтыраң амалы көп.
 Ал, саған қосылған соң кетеді екен,
 Еркекті басқарудың маманы бол.

* * *

Беу, ақылды, ардақты жамағатым,
 Тұсімендер көлеңке араға тым.
 Еті үйренген ескіге жете алмайды,
 Қаншама жас болса да жаңа қатын.

24.04.2002.

A.C.НУШКИННЕН

Ф.В.БУЛГАРИНГЕ ЭПИГРАММА

Сатты Фаидей Ресейдегі панасын,
Сатып та жүр тез өзгертіп бағасын.
Сатады ой жер мен көктін жұмағын,
Қатыны мен сатар бала-шағасын.
Сәтті қүнға сатар еді арын да
Кредитке рұхсат қолда барында.

10.03.2001. Алматы.

* * *

Қыздырды әлі қызыбын деп,
Әр қызқалты жырында.
Hay-Ана артты жүз міндет,
Бай таппақ ашы шырылға.

**ФОТИЙДІҢ ОРЛОВАМЕН
ӘҢГІМЕСІ**

— Тәнім әтек сенімен,
Жанымның барын білгіздім.
— “Не істедің сен менімен?”
Тәніңе жан кіргіздім.

**“РУСЛАН ЛЮДМИЛА” ПОЭМАСЫНЫҢ
РЕЦЕНЗЕНТИНЕ ЭПИГРАММА.**

Поэмамды үзак сынал көп састың,
Көркемдігін кемітпессің, қослассың!
Жұрт сезді ғой:
Мактап тұрып боктапсың,
Боктап тұрып мактапсың.

2001.

П... ға (*Лермонтовтан*)

Отірікішіні үялту,
 Әзіл айту акымакқа,
 Салғыласу әйелмен,
 Үқсайды екен үшеуі,
 Сүзгі мен су тасымакқа.
 Сакта, Алла, үш пәленнен.

(70)

МАДРИГАЛ

“Жанда тән бар!” – деп сен едің танытқан,
 Қоштай берем, хош иіске қаныққан.
 Тәнің сенің еш мұлтікісіз ғаламат,
 Өзге емес ол – құштар, сергек, анық жан.

(59)

К...

Сүйсінте мені көркінмен
 Қуатым өшті қартайдым.
 Айырып көптен еркімнен,
 Қара көз болды бар қайғым.

Жер-көкті естен кетірдім,
 Сәт үшін жаным жарқ еткен.
 Ал, бүгін жалғыз жетіммін,
 Қанғырған қалдық әл кеткен.

Жүргінші түнде қаранғы,
 От көрген жасап жан талап;
 Сияқты шектім заманды,
 Жар тасқа жеткен тайғанак.

(66)

НАПОЛЕОННЫҚ ЭПИТАРИЯСЫ

Көленкене түсірер кір өшті өмсе,
Тағдыр сендік! Халық сенен биікте.
Білген даттап құш салса да бүлікке,
Ұлылықты өзгертпейді еш нәрсе.

(99)

Н.Ф.ИВАНОВАНЫҚ АЛЬБОМЫНА

Кездесу қысқа не бермек,
Қай істің жөні шешілмек.
Қоштасу жетті сөз кернеп,
Мен саган айттым кешір деп.

(219)

Қоштасқан мұнды өлеңім,
Альбомға сен деп тізілді.
Қасіретті көңіл елеңі,
Қалдырыдым жалғыз ізімді.

(218)

Н.Ф.ИВАНОВАНЫҚ АЛЬБОМЫНА

Тағдыр сені алдар қатал кезінде,
Өмір беріп, салар қайғы жүрекке –
Осы парақ түссін сенің көзіне.
Жазған кісі қам көнілмен тілектен,
Айнымайды, дақ түсірмес сөзіне.

(218)

М.Ю.ЛЕРМОНТОВТАН

* * *

Соңғы үйқыға аттануға қамданым,
Жетер өмір сүріп те.

Сұм жалғанға бірә жола алдантым,
Жек коріп те, сүйіп те.

(Москва. 1953. том 1. 167 стр.).

* * *

Біреуді мен де сүйіппін,
Фашық боп бекер қүйіппін.
Дақ салған шешік секілді,
Жүректің дерті бекінді.
Жауықкан дүшпан құғындал,
Озгелер өліп, жүрдім шат.
Жер, көкке өктем нар құзбын,
Бәрі бар, әттең жалғызбын.

(166)

* * *

Сүйкімдісің жек көруге бармаспын,
Сүйе алмаймын жан-жаққа көп жармастың.
Кең жалғанның тен жартысына жетесің,
Бірақ өзің бақытсыз боп өтесің.

Тағдыр қимас парлап рахат табысты,
Көріп пе едің суда жылдам ағысты?
Жаға жұмак түбі басқа жарапалды:
Суық, терен және ылғи қараңғы.

(162)

* * *

Төңірек үнсіз – толған Ай,
Көлшіктे жатыр жарқырап.
Толқыннан толқын озғаны-ай,
Сәулемен салқын шапқылап.

(115)

ЭПИГРАММА

Ақымак пен ерке тотай бір дейді,
Бетті бояу, опа жағу – басқа оқуды бітмейді.

МАДРИГАЛ

“Жанда тән бар!” – деп сен едің таныткан,
Хоштай берем, хош иіске қанықкан.
Сенің тәнің нағыз сергек анық жан.
Ол ғаламат құштарлыққа жарыткан.

* * *

Еш кімнен ләzzат жоқ ізгі,
Қайтейін тағдыр алдаса.
Тірлікте сүйдім үш қызды,
Бәрі де болды далбаса.

СОНЕТ

Ошкен арман көкейімде сайраған,
Откен жылдар сан әуресі айналам.
Жүрсін соның ішінде сен түнгі Айдай,
Босқын бұлттар арасында жайнаған.

Даяа таппас дуасы зор тілегін,
Сиқыр көзін, құлқін өктем үдедің;
Құрсаудағы шынжырлы құл болыппын,
Не тындырдым – мендік емес жүргегің.

Жек көрмей-ак менің махаббатымды,
Салқын ғана еттің назын татымды.
Жагалауда мәрмәр пірдей көрініп.
Ол түр – толқын аяғына құлады,
От сезімсіз құдірет күшпен тынады;
Міз бакпайды, бет қақлайды бөлініп.

АҚЫН

Шабытты шакта Рафаэль,
 Фажайып сұлу жас әйел
 Бояумен міңсіз салыпты.
 Өзіме сүмдүк ұнады,
 Суретті құшып құлады.
 Ол тасқын албырт жастағы,
 Жоғалды көңіл сұыта.
 Шаршаудан мылқау бастады,
 Аспанның отын ұмыта.

Ақын да сәл-пәл ұшқыннан,
 Қаламы заулар ышқынған
 Кезінде қаулар мұн шері.
 Күнгіртті сөule сәнді етер,
 Жұмакта тыныш әндетер,
 Сендерді аңсап пірлері.
 Жүздерің тартып салқын қан,
 Демігер жүрек алқынған,
 Бұлдырап елес бергендер.
 Өзгермей сонда сакталар,
 Ең алғашқы көргендер.

(5
18.04.00)

(Шиллерден)

K * * *

Ақтаршы ойда барынды,
 Алғысым айтар бар демеп.
 Ұсындың маган жанынды,
 Қай жынның үшін ол керек.

ВОЛЬТЕРДЕН ЭПИТАФИЯ

Бұл жерде жатыр айтқыр жан,
Маңызсыз сөзін паши қылған.
Көп оку оған жаклады,
Болсада қанша әс қылған.
Не де болса пәлекет,
Кітапты көп-көп бастырған.

ЭПИГРАММА

Белгілі ғой біздің достың есімі,
Айфактады жоқтығын еш кесірі.
Ақымақтарға өзі салған жұмақтай.
Академияның ашық қалды есігі.

19.03.2001.

ҮКІЛ ЫБЫРАЙДЫҢ АБАҚТЫДА ҚАЛҒАН СӨЗІ (поэмадан үзінді)

“ГПУ”- деген сотымыз,
Жүріп түр ғой хотыңыз.
Жетпісте шалды айдаттын,
Кесілді ғой кө...міз”.
Сақал шашым аққудай,
Болармын деп пе ем тап мұндей.
Аштықты айқын айттың деп,
Ауыздан қақтың жақтырмай.
Ауылдың малы сарқылды,
Аймақтың сұы тартылды.
Бетінді берген дүние - ай,
Тостың ба бүгін артынды.

“Атана нәлест Николай,
Қырсығың тиді-ау бір талай”.

“Едрене-майт десем де.
Демедің - “достым бұл қалай?”.
Атымды елге білгіздің.
Жүйрік пен жорға мінгіздің.
Макналдаш шапан қигіздің,
Жібектен дамбал қигіздің.
Қалпакқа үкі ілгіздің
Төремен төрде жүргіздің.
Алғыс пен сыйлық үйгіздің.
Пәуеске парлап жеккіздің,
Сауық пен сайран шеккіздің,
Қарадан шыққан хандай ғып,
Халқыма сыйлы еткіздің.
“Гәккулетіш” ән салсам,
Сөзімді көпкө откіздің.
Жал менен жая жегіздің.
“Үкілі Ыбырай” дегіздің.

“Айналайын Советім,
Жегідей жеді ғадетің.
“Аша түяқ қалдырmas,
Асқынды масыл тәбетің”.
“Бар” менен “жоқты” білгіздің.
Теріден шалбар қигіздің
Кенептен дамбал қигіздің.
Отырып дәрет алғызбай,
Түрекеп тұрып сиғіздің.
Басыма пәле жиғыздың,
Жамандыққа қиғыздың.
Ыбырай ақын демедің,
Құрыққа басты кіргіздің,
Көкіректі қаққа тілгіздің
Алыстан келген жауым жок,
Ауылдың итін үргіздің.

2001.

ҰСАҚ АРМАН

Тотті шарап мөлтілдең келіп жатса,
 Күтсө ару коргендей сені патша.
 Дымың құрып, дел-сал боп отырганда.
 Қара шайды
 Үшлемей беріп жатса.

Құдай оңдаған табады ісің тетік,
 Бір жымиса,
 Козге-көз түсіп кетіп.

10.02.2001.

* * *

Теке тартыс төбелесті таңдайын,
 Десе досы қаққан екен таңдайын:
 – Тең емеспіз:
 Сенде қошқар мүйіз бар,
 Таза тақыр – депті, – менің маңдайым.

* * *

Ақылдылар үндемей,
 Ақымақтар алға ұмтылса,
 Тыңдай бер достым, күндеймей,
 Құн сөнбес аз-мұз тұтылса.

2001.

СУПЕР-АҚСАҚАЛ

Ахметов Фалым супер-ақсақал,
 Ондай атақ игерген жоқ басқалар.
 Заты казақ жазушылар ішінде,
 95-тен асқан осы қасқа нар.

Бір келіншек ауып кетіп құмары,
 Жас деп қалды-ау, әлде нені сұрады.
 Жымың етіп, сүйіді ақсақал
 Бірақ-та,
 Не легенін естіменті құлағы.

2001.

* * *

Фибрат алсан әлемдік ғұрыптардан,
 Фашыктар да табиғи сұрыпталған.
 Естен кетпес қылғың
 Қимай қарап,
 Топ ішінде мойныңды бұрып қалған.

Құба талдай
 аш белін бұрандаған,
 Сендей ғажап көрген жоқ қыран - далам.
 Жалт қарадым
 Галия жарқ еткенде,
 Балуан Шолақ секілді тұра алмаған.

Қырғын едім жасымнан қалам қасқа
 Бүгін бізге орнады заман басқа.
 Хан базардың ішінен әкетер ем,
 Қол жетпей жүр бір жақсы тарантасқа.

10.02.26

ӨЗГЕРІС

— Ішпедіңдер деп, ағаларым зарлады,
 Тәртіп үшін
 Қанша әрекет арнады.
 Ал, өздері аз ішкен жоқ
 бірақ та,
 Тұған елді талапайға салмады.

Ішпедіңдер – деп,
 бастықтарым қақсады,
 Қатты бүйрық, қатал қаулы қаптады.
 Ал, өздері аз ішкен жоқ
 бірақ та,
 Тұған елдін бар байлығын сатпады.

Ал, қазір ше,
Құлқыны өртеп көмейді,
Ішпей ғана көп жетіндер көбейді.
Бір жақсысы:
арпалысып көп жеумен,
Еш адамға әй, ішпендер, демейді.

10.02.2001.

ЕСКЕНДІРГЕ ЕСКЕРТПЕ

Көрмей келем алпыста ауыр жолды,
Тағдыр берсін саған да тәуір қолды.
Құдаша мен құдаги арасында,
Биге шыққан екі жел дәуір болды.

Байқап сөйле сүйсе де көшің мейлі,
Жорамал сол өзгеше шешілмейді.
Дариконы “кемпірім” – десен болды,
Женгелерін ешқашан кешірмейді.

13 ақпан. 2001. Алматы.

* * *

Солкебайдың жайнаған үстін көріп.
Көтергендер табылды үшқын-желік.
Оппозиция дегені орден алса,
Саясаттан жерисің құсқың келіп.

10.02.2001.

ЭПИГРАММА

Белгілі ғой біздің достың есімі,
Айғактады жоқтығын еш кесірі.
Ақымактарға өзі салған жұмақтай.
Академияның ашық қалды есігі.

19.03.2001.

* * *

Біздің Бағлан ұялшак,
 Күлкімен женер сымбатты.
 Түсіріп келін қуансақ,
 Ұялшактан ұл тапты.

Жөптейміз бәрі құп алып,
 Пәк мінезге мың құрбан:
 Бер жағымен ұялып,
 Ар жағы іс тындырған.

ҚАЛЫМТАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

Дос көбейтіп еткің келсе жүгінер,
 Жас токал ал,
 Таң қалардай дүйім ел.
 Әне, сонда сұлулыққа таңданып,
 Көп достарың қыр соңынан жүгірер.

Шағаладай көрген аппақ кемені,
 Шуылдасып саған алғыс тогеді.
 Келеді дең сонда олар көксейді,
 Елде барға ерін тиер дегені.

10.03.201

СЫРЫМ ХАБИЕВКЕ

Бизнесмендік сен Сырым батырысын,
 Бақыт берді мықты қол, батыт ісің.
 Шөл далаға су бүркіп, ту көтерсен,
 Ақындардың ақ иық жақынысын.

Оркен тапса өзіңнің өрелі ісін,
 Алда талай ат жетер бар өрісін.
 Министрлік - қарғаның мәткесі ғой,
 Сушылардың сен нағыз королісін.

* * *

Жазасыз ба сіз де өлең,
Дегенде ақын жұбайы:
Поэма ұзак тұн деген
Әйелгे керек үдайы.

Қолында жүйрік қаламы,
Сағына құтем өлеңін.
Ол жазудың маманы,
Не жазса да көнемін.

Келіп жүрсе ол күйге,
Маган да отыр, жаз демес.
Бір ақын деген бір үйге,
Көп те емес, бірақ аз да емес.

23.03.2001.

ҚАЙТАДАН ОРАЛ ҚҰШАҚҚА

Тым ұзап, тым алысқа кеткенің бе,
Күн ұзак бір жарқ етіп өтпедің бе.
Мың құшак жұлдыз шашып тұн де жетті,
Гүлге үқсан жайнар едің өпкенімде.

Гүл де емес, жұлдыз да емес Айым едің.
Мың белес елес беріп байып едім.
Құр кенес махаббатқа жараспайды,
Гүл-тегеш үстап колда дайын едім.

Аңсаған, ардағыннан қол алшы бір,
Шаршаған шақты ұмыттар ораншы гүл.
Самсаған сағынышым бір басылсын,
Қайтадан құшағыма оралшы бір.

22.03.2001.

ЭКСПРОМТ

Озгені аңсап жүрмейді,
Құрбымен артық құлмейді.
Әйелі сұлу адамдар,
Қартайуды білмейді.

* * *

Өшірмей құтты іздерді,
Жылытып салқын күздерді.
Жаралыпты сұулар,
Жасартуға біздерді.

12.10.2001

СЫР-АҒАНЫҢ “АШУЫ”

Бүйра шашы толқыған дүр басында,
Қобландыдай ел сыйлар тұлғасын да.
Сыр-аганың киімі алқам-салқам,
Ертегіден келгендей бұл ғасырға.

Осы жолы ерекше күйі мықты,
Сал-серідей әсемпаз киініпті.
Әсіресе су жаңа бәтенкесін,
Көрген қыздар көшеде сыйыныпты.

Кенсе алдында құрдасы сүйіп алды,
Мәз, мапақа... Масайрап нұры жанды.
“Аяғынан тозсын” – деп құшақтаса,
Қатал сөйлеп, Сыр-агаң тұрып қалды.

– Мені саған қай құдай бастық етті,
Брежневті сүйгендей қаптың бетті.
Бұқа тұмсық, көлбака шәркеңменен,
Туфлиді қызы мұрын бастың – депті.

Сезбей қалып қалжынмен үркіткенді,
Сасып қалды құрдасы, мың бүктелді.

Орамалын алды да қалтасынан,
Бәтепкесін Сырбайдың сүртіп берді.

Алматы. 2002.

ЖАҢАЛЫҚ КЕРЕК ӘЙЕЛГЕ

Жалғайды ару арманды,
Сүйеді үздік талғамды.
Нәзік жан әсте үнатпас,
Токырап, тоқтап қалғанды.

Жайнаса төрің жаңаша,
Бақытың сол ғой тамаша.
Әзгеріс салты әйелдің,
Ойынға тоймас балаша.

Дем алмас белін бүгілтіп,
Ескіні өндер тірілтіп.
Болардай үлкен салтанат,
Үйінді қояр құбылтып.

Шырағың қайта жанғандай,
Өзгеше жиһаз алғандай,
Алыстан келсөң жайнайды,
Жаңарып барың қалғандай.

Мінез ғой ортақ әлемде,
Сұлулар құмар мәнерге.
Әйтпесе жылдам қартаяр,
Жаңалық керек әйелге.

25.04.2002.

МАХМУДТЫҢ АТАСЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

Күө болу жақсы ғой бір ғасырға.
Жұз дегенің жүк емес шын асыста.
Көрші үйдегі жас кемпірғе көп бардым,
Томпан қағып 98-жасымда.

Болсақ абыз жүзден асып, жол көрген,
Сұлу әйел бойға жылу мол берген,
Әлгі кемпір әлі де жүр есімде,
Бекер көшіп кеткен екем сол жерден.

21.08.2002. Алматы.

НАРИМАН ҚАРАЖАННЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

* * *

Тамұғына жас құнімнен қанықтым,
Тұн дегенің болушы еді анық тұн.
Мен халықпын,
Күпіршілік етпеймін,
Тамұқ кайда? Жұмағындан жалықтым.

* * *

Қолда айтқаның қолдама,
Соғыс қажет моллаға.
Олеңді жерде өтіздей,
Олімді сүйер сол ғана.

* * *

Ақымақ адам женісі,
Істін нағыз теріси.
Секілді соқыр кемпірдін,
Теріс киген кебісі.

2002.

ЖЕТПІСІМ

Бір күн егде, бір күн жас,
Алпысым биік самғады.
Ағарса да сақал шаш,
Сайтаным үнсіз қалмады.

Озгерді жөні жетпістің.
Аяқты біраз шырмады.
Көбіне біраз сертті істің,
Алпыстай мойын бұрмады.

Көшкендей жаңа қалаға,
Жан-жағыма қараймын.
Асауға мінген балаға
Озімді-өзім балаймын.

Кей сұлу көзге сыйылып,
Баяғыдай арбайды.
Бер жағым сонда қызығып,
Ар жағым алыс бармайды.

12.05.2002.

АҚЫННЫҢ ДИАЛОГІ

- Ақын сізге не керек? Десе айтылсын бар керек —
Деді ақын - адамы мол зал керек. —
- Тағы басқа не керек? Орындауга бар себеп.
Деді ақын — лық толы зал керек. —
- Тағы басқа не керек? Дайын біздө бар көмек. —
Деді ақын — ел, жұрт толы зал керек.
- Тағы басқа не керек? Не десеніз көнер ек. —
Деді ақын — сұлу қызға толып түрған зал керек.

2002.

ҚОЙ, ДЕСЕМ ДЕ ҚОЙМАЙДЫ

Абай-ата тойында,
Жүрдің-ау сен ойымда.
Сағыныш селі қаулаған,
Күндерді сен де мойында.

Қызулы думан есімде,
Жарқ еттің кіші бесінде.
Көзімнен тайсан тұнгі аспан,
Жұлдыз боп жүрдің төсінде.

Елестер көзге орнайды,
Көктемді естен жоймайды.
Асау жүрек, картайдым
Қой, десем де қоймайды.

22.04.2002.

ТАЙТАЛАС

Сұлу көрдім таңғажайып әдемі,
Қара көзден жарқ етеді жан емі.
Өз тойында Манаш өзі билеп жүр,
Былқыл-сылқыл естен кетпес мәнери.

Қыздың ғажап еріндері, иегі,
Қыр мұрында сиқыр көп-ау, киелі.
Екі бетте еренгайып жалын бар,
Бойың қызып, жүрекке оттай тиеді.

Қос анары тес жарып тұр бұлкілдеп,
Қаным қызды.
Тұр деймісің құлкім кеп.
Жақын барып тартып алдым Манастан,
Өз тойың ғой маған бер - деп, күнкілдеп.

Ару күллі деп едім-ау, байқамас,
Мен жөнелдім бірге билеп жанталас.
Үзілісте Манаш айтты: Қақаңмен,
Болып қалды бір тарихи тайталас.

Сұлу ғажап бір мұлтік жоқ кескінде,
Жарар едім мен билеуге бес қунге.
Батып кетті “Өз тойын ғой”— дегені,
“Бүркүлдатып” бермес едім ешкімге.

16.11.2002 ж. Алматы.

ҚАЙРАТТЫҢ ШӘКІРТ ҚЫЗЫ ӘН САЛҒАНДА

Етегі көк шалбардың жырық екен
Көрген жан ақ балтырын жымың етер.
Алыстан ақ сазандай жарқ еткенде,
Сикыр бар тірі жанды қырып өтер.

Балағы көк шалбардың бүрмеленген,
Екі көз ақ бүрмеге бір кенелген.
Ақ төсін кере шалқып әнге басты,
Киіктей шыға келген бір беленнен.

Ажары қарындастың Айдан аппак,
Сүктанған жіті көздер кетті баптап,
Сахнадан бірге еріп кетер едім,
Қатерден қайран жетпіс қалды сақтап.

2002.

БІЗДІҢ АУЫЛ ҚЫЗДАРЫ

Қызы-қалқамен ерте ойнал, ерте күлдік,
Еркелестік қолтықтал, ерте жүрдік.
Жұрт көзінше қосылып ән шыркасақ,
Оңашада ғашық сыр шерте білдік.

Мінездері татымды,
Сыйлар атыс. жақынды,
Біздің ауыл қыздары
Бәрі бірдей акылды.

Қараторы, қырмұрын, қыпшабелі,
Раушан гүлге жайдары ұқсан еді.
Құшақ жайып желгіне билегенде,
Толқытатын құштарлық қызба желі.

Қайырмасы:
Зәм-зәм тамған тілінен,
Құмар қанған үнінен,
Біздің ауыл қыздары,
Бірі сұлу бірінен.

Акқұба қыз әнші еді ең сүйікті,
Ынтық зар бол көрген жан көз түйілтті.
Еске түссе айдары тебіренемін,
Біреу атып алардай жез киікті.

Қайырмасы:
Бірге құшқан таң нұры,
Жастай жалғас тағдыры,
Біздің ауыл қыздары
Шымқай сұлу барлығы.

* * *

Елдес те еді,
Сұлулар жерлес те еді,
Жок болды ғой өзінмен тендескені.
Үйрек, каздың ішінде акку көріп,
Қайта тудым сенімен кездескелі.

Келші, келші, армансыз аймалайын,
Аймалайын жаныма жай табайын.

Рахат, ләzzат, шаттыққа малшынайын,
Жакындашы, тағы да қайталайын.

Көс ақ қоян секілді тосып жатқан,
Ақ төсіне құштармын толқын аткан.
Қызығына қанайын мезет тусын,
Дерпті жүрек дәнекер емін тапқан.

Жарқесткенде
Жанарың ырқымды алар,
Жүргегімнен ағындар ынтық хабар.
Фұмырымда еш қашан ұмытпастай,
Тұғырың да жақсы екен бүркіт қонар.

2002.

ТЫНЫШТЫҚТЫҢ СЫҢҒЫРЫ

Таңертеңгі Күн нұры,
Сал табиғат тың жыры.
Шық маржаны жарқ етсе,
Ол тыныштық сынғыры.

Домбырамның күмбірі,
Фашық жүрек шын сыры
Сенің түнгі лебің,
Тыныштықтың сынғыры.

Сұлұлықтың тұн пірі,
Ашылады мың ғұлі.
Ернің тиіл кеткені,
Тыныштықтың сынғыры.

Сайрап сайдың бұлбұлы,
От құшақта тынды үні.
Ләzzат, рахат бәрі де,
Тыныштықтың сынғыры.

1.05.2002.

**ФАБЕНДІ СҮЙГЕН
ЕРІНДЕР**

(Raissa Mұхамеджароваға)

Жан екен сұлу ғаламат,
Арудың дәру асылы.
Ғабитпен шеккен махаббат,
Дананың дара ғашығы.

Отырды толқып, балбырап,
Тал бойы әсем керім дер.
Ушығып кетті албырап,
Ғабенді сүйген еріндер.
Жанары оттай жайнаған,
Қызқалты келбет, сәні де.
Құлшынып қаны қайнаған,
Құлпырып түр ғой әлі де.

Тараған аңыз қызық жыр,
Табысқан ынтық дер кезде.
Нұр шашқан осы қызыл гүл,
Ғабендей сылқым кербезге.

Шыдасын қайтіп ет, жүрек,
Қалмассың көрмей шеткери.
Қағады бүлкіл елжіреп,
Ғабенің сүйген беттері.

Жеңешем құлсе сыйылып,
Отырдым оқшау қонақтай.
Алыстан көрдім қызығып,
Еркеғали жолатпай.

14.06.2002.
Қызылжар.

ТОЙ ЖАЛФАСЫ

Ұзак жолда бір шама ес кіріпті;
Ақыл, шіркін, қостайды-ау естілікті.
Күні бойы келеміз дамыл таппай,
Мезгіл жетті-ау ескерер кешкілікті.

Көп келіншек барлаймын көріктерін,
Бірінің де көрмәдім зеріккенін.
Үш женешем, бәйбішем отыргасын,
Сұлу көрсем сұқтанып желікпедім.

Шын сұлулар ақынның досы еken ғой,
Көңіл-дөнен шылбыры бос еken ғой.
Баяғыдай базарға шығармайды,
Желе, жортпас жетпісің осы еken ғой.

Аландайды жан-жаққа құмар адам,
Шыр бұзады осылай шыдамаған.
Еркеғали купеден шықпай отыр,
Қаймыққандай қасында Кларадан.

Күйі келсе тоқтамас төкпе қалам,
Шындықты айтсам өтер ме өкпе маған.
Тұқындалған немістей тырп етпейді,
Бір жыл бұрын жетпіске жеткен ағам.

Осындаиды кезім көп жақтырмадан,
Шабыт қонбас жүрекке сақ тұрмадан.
Аңға шығып келейік беу, Ереке,
Көрші көлге қоныпты ақ тырналар.

13.06.2002.

Алматы-Қызылжар

ҮШ ЖЕҢГЕМ

Алматыдан аттандық Қызылжарға,
Шакырғаннан қалмадық қызық барда.
Желе, жортып келеді көлігіміз,
Женіл қайық секілді жүзіп алға.

Қайырмасы:
Кім осындей түс көрген:
Ұшқан құстай үш көлден,
Фабит аға тойына,
Келе жатыр үш женгем.

Көрінеді үлкені райгүлдей,
Жайнап отыр кішісі шырайгүлдей.
Құрдас женгем енлік гүл секілді,
Мен келемін хал-жайын сүрай білмей.

Қайырмасы.
Әрік, мейіз тұрғандай жүзім дайын,
Үш женешем қарайды үзім-қайым.
Қастарында қалт етпес үш ағам бар,
Қызғышы көп көлдерге қызықлайын.

13.06.200

ЕСЕНГЕЛДІ ҚҰРЫЛЫСШЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

Қандай ғажап, болғандығым құрлысшы,
Айтсандаршы одан бізде кім күшті.
Ойран салып Отырларларды өртеген,
Құрлысшылар ұмыттырды Шыңғысты.

Ұмыт болды “шұбырынды ақ табан”,
Дербес елміз құдай есен сактаған.
Көшпенделер отырықшы ел болып,
Мың-мың кала салғаныма мактанам.

Тер төгілтсем мандаіымнан ұзак құн,
Табы кетті көп күрсінген сыйаттың.
Алатаудай атасынан бата алған,
Астапаны Есіл жаққа ұзаттым.

Елестесе алыс таңнан нұрлы шың,
Толастамас барыстанған тың қүшім.
Беу, ағайын! Құрлысыңды түзеп ал,
Онсыз сенің оңалмайды тұрмысың.

Қайда жүрсөң жасампазға еріндер,
Асампаздан маған бұрын сеніндер.
Төр төбеде шенеунікті шертитпей,
Құрметті орын құрлысшыға беріндер.

15.03.2002.
Алматы.

ҰМЫТПАЙЫҚ МҰРТТЫЛАР

Сұлуға жігіт көнеді,
Құмартып, құшып өледі.
Әріге тарту қашан да,
Арудың қымбат өнері.

Көркімен ғажап арбайды,
Жүректі нұры жалғайды.
Бәрімізге жетпейді ол,
Сүйемегенін алдайды.

Арбауды жүрсе мүлкі қып,
Ештеме жоқ күлкілік.
Жадында қалсын досым-ау,
Сұлулық – қызыл түлкілік.

Жігітті сыйлар қазықтық,
Әлі де сырын аз үқтық.
Ұмытпайық мұрттылар,
Сұлулық – таза нәзіктік.

Жігітте көп қой аңқаулық,
Не дейін Алла, бер саулық.
Ояту жігіт парызы,
Сұлулық деген – жалқаулық.

24.04.2002.

ҚОС БАЛТЫР

Түсінген кісі жөптейді,
Көруге жолда тос та тұр.
Есімнен менің кетпейді,
Жұп-жұмыр, алпақ қос балтыр.

Қиядан байқап таңданым,
Фажабы осы ғажаптың.
Жүргегім жылып жанданым,
Қызы еken біздің қазактың.

Екі аяқ өсем құйылған,
Өкшесі сылқым сурет.
Дегендей қолдан құйылған,
Артық, кем жоқ жұмыр ет.

Қос балтыр сұмдық сәндігі,
Қызығар адам баласы.
Атыраудағы әйгілі,
Қамила сұлу анасы.

Ол кісі қандай еken деп,
Каспиде сирек саналған.
Мен сұраныш еттім көп,
“Қан мен тер” төккен ағамнан.

Емес-ау бәрі жәй тегін,
Жауабын берген қарашиб:
– Сирағын оның кайтейін,
Жан жетпес еді анасы. –

21.02.2002 ж.

Алматы санаторий.

ТАМШЫ, ТАМ

*“Тамшы, тамши, тамши, там,
Тамғаныңды яратам”
Татар халық әнінен*

Тамыр тесіп құйып жатқан дәруі,
Нәзік екен, сол жүректің зәруі.
Тамған тамшы тұла бойға жеткенде,
Қатер, қауіп кетеді екен бар у-ы.

Беу, карында!
Қан тамырды тескенің,
Көбейді ізі білектегі дестенің.
Ауыртпайсың, жаңың маған ашиды-ау,
Көрініп түр мейірімді боп өскенің.

Бетің жабық, қасың, көзің көрініп,
Жатамын мен ойға көңіл бөлініп.
Карашибың жарқ еткенде жаудырап,
Жыр жауады көкірегіме өріліп.

Бой женілден, сергімесем сенбес ем,
Ертең мен де сау күніммен теңдесем.
Карында-ау, қанға дәрі құймай-ақ,
Тез жөнделем қос жанармен емдесен.

5.02.2002 ж.

ҚҰДАҒИДЫ ҚҰТТЫҚТАУ

Құдаги, ақ дидарың балбыраған,
Сәт туды елтіп, балқып ән құраған.
Балбыра, балбырасаң бал татайын,
Жүргім ләzzат алсын қалжыраған.

*Қайырмасы:
Той қызығанда үдейін,
Мың, мың алғыс үйейін.*

Құтты болсын жас отау!
Кел, бетіннен сүйейін.

Кездесті өнбесімде бағыттағық,
Бүйірдьы жиырма бесте дара ғашық,
Бұл күнде құдағилар катар құрап,
Қуанытты құдашалар араласып.

Қайырмасы:
Құмартсан нұр жүзіне таңдай татыр,
Құрылды ел қуанар жаңа шатыр.
Құдайдың ол да болса бергені ғой,
Көбейіп құдағилар бара жатыр.

МЕН СЕНИ САҒЫНДЫМ ДЕДІМ ҒОЙ

Мен сені тым қатты сағындым,
Назды өлең жүректе көктейді.
Сая жүріп есімнен жаңылдым,
Түн неге тезірек өтпейді.

Аңсадым жүзінді көргім кеп,
Шақырган жетті мә дыбысым.
Көзімді ілдірмес белгің көп,
Оятып жіберді тынысың.

Келер деп таңертең ертемен,
Естідім амалым біткенде.
Махаббат отына өртенем,
Тез жетіп келмесен күткенде.

Озгерді Алматы тағдыры,
Табиғат жаңарып жатқандай.
Қызық-ау, шілденің жаңбыры,
Терезе сен келіп қаққандай.

Ақындар шыдауды білмейді,
Кеудесі қаулаған сезім ғой.
Поезың неге тез жүрмейді,
Мен сені сағындым дедім ғой.

2002.

КЕНЖЕГҮЛГЕ

Қарындастым Кенжегүл,
Шашып жұрсін елге нұр.
Жаның мырза періште,
Ән-жырыма сен де кір.

Ақындар құмар асылға,
Атынды жайсын ғасырға.
Сыйласып тату журе бер
Женешененің қасында.

Астанада септестің,
Қуанып алғыс тәкпес кім.
Екеуің сырлас болсаңдар,
Мен де алыстап кетпеспін.

28.05.2002.

КУДАФИҒА

Фалия деп жас құнімнен ән салдым,
Тыңдаушылар туды әнді ансар құн.
Фалия деген естігенде есімді,
Кең жалғанға шырқап, толғап жар салдым.

Фалия саған үйде отырып тамсаным,
Астанада бәйбішемді қарсы алдың.
Жыр жинағын сәлемдеме еткенде,
Әр сөзімнің ішіне орап бал салдым.

ҚАЛТАЙДЫҢ ЖАУАБЫ

Қалтайға кеп, атын атаң, жар салып,
Мактау арнап бір пәлекет тамсанып.
— Сұрақ қойды: Төре, Қожа жеккет па.
Екеуінің айырмасы каншалық?

— Төре, Қожа ұру емес қашаннан, —
Депті Қалтай - ол лауазым жасар зан.
Төре – әміршің Қожа – құтты тәлімшің
“Ақ Сүйек” – боп елден ерек жасалған.

Тарасақ та һay-Атадай адамнан,
Төре – Манғұл, Қожа – арабтан тарапған.
Дін жағынан қазақ, қожа – мұсылман,
Ал, манғұлдар буддалық бол жаралған.

— Төре, Қожа екеуі де атақшыл,
Деді Қалтай – Айтсам көпке жалпақ сыр.
Қожа алжыса сықақшыл боп кетеді,
Төре алжыса болады екен шатақшыл.

2002.

КӨКТЕМДІ КӨКСЕҮ

— Көктем келмей қойды ғой,
Көктем келмей...
Деп, тынбайды ел, ызындал ескен желдей.
Астананың ажары ашылмай тұр,
Tay етегі көгеріп, көркемделмей.

Көктемгі қар көп тұрмас, есін білер,
Үміт үзбей тосамыз төзімділер.
Ызғар кетер, жылынып күн де қызып,
Құздар түгіл қыздарды шешіндір.

1976.

БІР ӘНШІГЕ

Сен ән салсаң қөніл жоқ егілмейтін,
 Көздің жасы қалмайды төгілмейтін.
 Қабырға жоқ қайысып сөгілмейтін.
 Бала күнде,
 Кетеді еске түсіп,
 Ала бұзау дәл солай мөніретін.
 Әнің ғажап,
 Жайдары, әсем күшті,
 Тағы да айтшы, есіме әукем түсті.

1976.

СҮРАҒАННЫҢ ӘНІ

Үш күн болды арақ, шарап ішпеймін,
 Құдаларды “іш” – деп бірак қүштеймін.
 “Саумалкөлге” қосылмасаң құдаша,
 Оңайлықпен мен қолыңа түспеймін.

Осынау әнмен өрге шықты талабым,
 Беу, құдаша, мен бабыңды табамын.
 Саумал түнде көк толқынға құндақтап,
 “Саумалкөлге” шырқап, толғап саламын.

Үлкен тойға құшағымды мың жайдым,
 Айтқан сөзде қалай ғана тұрмаймын.
 Бәйкен ағам сексен бескे келгенде,
 “Саумалкөлді” мен қайтадан шырқаймын.

Фашық әнін ел сүйерін байқадым,
 Айта-айта құмарымнан қайтамын.
 Бәйкен-ағам 90-жасқа келгенде,
 Мен тағы да “Саумалкөлді” айтамын.

Үш күн болды арақ, шарап татпаймын,
 Үш ай болды жатпаймын.

Бәйкен-агам 100-ге жеткен тойында,
Салтанатты “Саумалқелден” бастаймын.

12.07.2002. Алматы.

ӘНШІ КЕЛІНДЕРГЕ АЛҒЫСЫМ

Ән толқытқан ақ желкеңгे сенемін,
“Жез киіктен” тапты-ау, елім керегін.
Шартарапқа таратушы жаралған,
Келіндерден көмек алым келемін.

Той-думанда ән базарып бастап-ақ,
Осылар ғой ғибрат алар жас талап.
Аға-іні айтушылар аз емес,
Келіндердің орындауы басқарап.

Құләш шырқап Жезқазғандық тосыннан,
Есіл жақтан Сара дауысы жосылған.
Сексен көлден Роза, Гүлнәз сайраса,
Алатудан Райхан келін қосылған.

Мен айтқанды көргендей өз көзімен,
Жаңылмайды сарыны мен сөзінен.
Келіндерім әнімді айтсын сыйласа,
Бұл жалғанның жәннатындаі сезінем.

Шындық осы. Жок әсерлеп қосқаным,
Жұбайы әнші інілерді костадым.
Тіршіліктің зор қызығын көруге,
Келіндерің әнші болсын достарым.

18.07.2002.

* * *

Жасайды біреу жұ жас, біреу елу,
Бәс емес күнде шалқып күле беру.
Сағындық ағам айткан асыл сөз бар:
“Тетігі көп жасаудың жүре беру”.

24.04.2001.

* * *

Бітмеппін, ой, алла-ай, білмеппін,
Бұңа неткен айықпас зіл деппін.
Басымды ауыртқан не десем,
Бес күндей еш кімді сүймеппін.

Біреумен ойнап та құлмеппін,
Қызығып көзге де ілмеппін.
Ағамының “көбірек жұр” деген,
Сөзін де ұмытып,
ешкіммен жүрмеппін.

Тұыпты өзіңе жетер күн,
Ұмытшақ басым-ай, не етермін?!
Келші бір сүйейін дұрыстап,
Әйтпесе жарылып кетермін.

24.04.2002.

НҰРИЯ ҚҰДАҒИФА

Құтты болсын құдағылық бізбенен,
Қызуы мол дес келіпсіз күзбенен.
Отты жалын өзімде де жетерлік,
Күш, қуат мол жас құдағи іздеген.

Айткан сөзде қалт етпестен тұрамыз,
Сіп-свежий мен боламын құданыз.
Сенбесенің ақ шашыма көп қарап,
Қасымдағы бәйбішемнен сұраныз.

Мұбәрәкпен бір атанаң төліміз,
Ақ кайынға толған жасыл өріміз.
Құтты болсын Гәүнәр, Нұрлан отауы,
Бізбен жалғас бар қызықты көріңіз.

Келінім көркем,
Тура өзіңнің көшірмен,

Орын тапты
Менің сәтті көшімнен.
Рахмет айтып, бетінізден сүйейін,
Бағып-қағып, бізге келін өсірген.

11.08.2002.Алматы.

МЕНІҢ БАТАМ

Бисмилля деген бір бата,
Құраннан шықкан дүр бата.
Өткендер жетсін жәннатқа,
Тіріні жебеп жүр бата.
Шатасқан сақта төреден,
Адақсан сақта жебеден.
Бастықтан сақта көрсокыр,
Халықтың қамын жемеген.

Ініден сақта ермеген,
Ағадан сақта сенбекен.
Ағайыннан аулақ қыл,
Қысылсан қолын бермеген.
Құнсыз сақта теңгеден,
Қайрымсыз сақта женгеден.
Қара наңды қақ бөліп,
Кешейік тағдыр елменен.

Қанатты ерте майырма,
Тірідей достан айырма.
Сыйластық бер құдалар,
Нагашы, жиен, кайынға.
Шіріген сақта балыктан,
Бұлінген сақта нарықтан.
Тарығар таңды аулақ қыл,
Соғыстан елім зарықкан.

Көшен толсын шаттықса,
Бармасын көнілін қастықса.

Мал азайып, жұт келіп,
Соқтырмасын аштыққа.
Ұлы іске бергіз ұлағат,
Бірлессін барлық жұрағат.
Үкімет болсын ұтымды,
Ешқашан баспас бір ағат.

Ішкі даудан сактасын,
Сыртқы жаудан сактасын.
Жақсылық бастан кетпесін.
Жамандық іздел жетпесін.
Бисмилля деген нұр бата,
Әр қашан жебеп жүр бата.
Қазаққа қастық қылғанды,
Қақ төбеден үр бата.

19.03.2001.

ҚОС ҚҰДАҒИ

Фалия мен Нұрия – қос құдағи,
Біздің елге болдындар дос құдағи.
Сарыарқадан жетермін Ақтауга да
Жолға шығып алдыннан тос құдағи.

Қайырмасы:

Фалия-ай, Нұрия-ай,
Қос құдағи бір ұя-ай
Жүрек қайтсын жылымай,
Бірі сұлу бірінен,
Ой-хой, шіркін, дүние-ай.

Мың қунімнен осынау асты бір күн,
Қайта оралды үшқыны жастығымның.
Нұрия мен бүлкілдеп билеп кеттім,
Тарқамаған секілді жас ғұмырым.

Қайырмасы:

Зулатқанда сұлу саз шаттық үнін.
Жас отаудың тойладық сәтті күнін.
Құдағиғын бетінен бір сүйіп ем,
Әлі жүрмін баса алмай тәттілігін.

11.08.2002 ж.

ТЫНЫШ ҚАНА

Қажет емес
Саған у-шу топыр көп,
Тыныш қана өлең жазып отыр – деп,
үгіттейсін
Жаңын ашып бәйбіше-ау,
Олең козғар жүргегімнің отын көп.

Сәтті жырдың шапағаты қорғайды,
Сырқат жүрек дәру етер сондайды.
Тілсіз тілмен
Үнсіз лаулаң отырам,
Шындық осы - еш тыныштық болмайды.

Сенің маган
тілегі мол жаңын сеп,
Ақын үшін жұмағынан тамұқ көп.
– Тыныш қана өлең жаз – деп айтқанша,
Тыныш қана оңашаға алып кет.

30.04.2002.

* * *

Мен Мәскеудің түбінде сен Мәскеуде,
Жүргендеймін
аз күнге мен де әскерде.
Әдей іздел келгенің жақсы болды,
Шыдай алмас көрмеуге қимас пенде.

30.04.2002.

* * *

Кең көйлекпен қызық ен,
Жапқандаі орман аймакты.
Ақ білекті ұзын жен,
Ақ баłyктай жайнатты.

Тар киім сәндік жасар ма?
Көрсетіл мода зорлығын.
Ұната берем қашан да,
Қолда бардың молдығын.

Сүйемін көйлек түсін де
Ақыл, көркін асырган,
Бар байлығын ішінде,
Бөтен көзден жасырган.

20.04.2002.

Ж...ға

Қайран жастық аттанса да келмеске,
Қара көздер, қығаш қастар келді еске.
Әй, қыздар-ай!
Тым болмаса біреуден,
Сөлем айтып жіберсеңші жерлеске.

Мекенінді білсем дүние кезер ем,
Тосар едің өзің де айтқан межеден.
Баяғыда сүйдім деп те айта алмай,
Қалпысты қалғанымды сезер ен.

Рахат таптым қайта оралған жастықтан,
Маусым осы қөктен жайнап, жаз шыққан.
Іздеп келіп біздің елді тамсантың,
Көкірегінде біз де болдық назды үққан.

Бүгін жетті бұл жалғанның шаттығы,
Сарыарқаның жұпар шашты ақ гүлі.

Сырымбеттің сандуғашы сайрады,
Есіл бойлап талмауралы тәтті үні.

Бұлкілдесе өнші дүлдүл таңдайы,
Ауылым тынды түзелгендей хал, жайы.
- Мектептесің түрарды екен мактауга, –
Деп бәйбішем қамзол жапты арнайы.

28.04.2002.

ҰЛЫТАУДЫҢ ҚҰДАСЫ

(Телағыс Темешевке)

Қырандай серек Телағыс,
Ел-жүртқа сыйлы жігітсің.
Болған жоқ сенде кері ағыс,
Анадан асыл туыпсың.

Әмірін жүрек бұлжытпа,
Баурасын дос деп тапқандар.
Ұрына берсін қырсыққа,
Тугалы кері аққандар.

Сән берді сері сәніне,
Ұлытауды іздең тапқаның.
Терісакқанша кетпей әріге,
Сүйсіннің бері аққаның.

Құмарта сүйдің кең құлаш,
“Жезкий” жортқан даланы.
Сыйладың шексіз ол да рас,
Ақ шашты біздей ағаны.

Тамара, Серік қарсы алды,
Сапырып сары сабаны.
Құда деп елге жар салды
Жақсыны-жақсы табады.

Балдыздарың жаасты,
Жұз күйіп, көрсө, жұз жаңып.
Сыртыңан бәрі таласты,
Бірінен-бірі қызғанып.

Серікпен қызу құлшынған,
Қатарлас шалқып кең жүрсін.
Сарысуға үмтүлған,
Екеуің екі кеңгірсін.

Кәрі емес, жас та емессің,
Қызық шақ адам алқынбас;
Асылы барлық белестің,
Құтты болсын алпыс жас.

Заулай бер асып алпыстан,
Бойында қуат жалынмен.
Аумаған асыл ақ құстан,
Жан жарың сұлу Балыммен.

Алатау биік, ел алыс,
Ұлытау ертіп кел дейді.
Алпыста десек Телағыс,
Балдыздарың сенбейді.

Өкінбе оған құр босқа,
Балдыздар кетпес адасып.
Келгенше өзің жұз жасқа,
Талпына берсін таласып.

17.08.2002. Алматы.

ӨТКІРІН-АЙ ҚӨЗІҢІҢ

Ей, қалқа, тамагыңның аппағын-ай,
Бұлқілдең тәбет тартып жатқанын-ай.
Үздігіп қайран жүрек кетер мә екен,
Өзіне-өзі ажыл тапканын-ай!!

Қайырмасы:

Әлегі билеп сезімнің,
Таң алдында көз ілдім.
Октай атып түсірді,
Қарашығы көзіңнің.

Сырымды әу, дегеннен ұға салмай,
Алдында бүрандайсың құба талдай.
Жасқанған жанарыңның жарқылынан,
Қасынан оте шықтый құр асаудай.

Қайырмасы:

Лұплі жүргегімнің жүрдім үдең,
Бір көрдім қарсы алдында мың құн тілең.
Шыбын жан шыдай алмай кетер еді-ау,
Мойныма оралмаса құлын білек.

2002.

ЖОЛДАҒЫ ЭКСПРОМТ

Бұлт айналып түр екен тау басына,
Жердің беті келер ме тәубасына.
Жыр үймелеп,
Ән толқып жатқандай бар
Ескендердің той жасар ауласына.

“Самал“деген келеміз дәмханаға,
“Медеу“жақта салынған сал саяда.
Біржан оку бітірді сайрандаймыз,
Қарт Алатау жол тосты жас данаға.

16.08.2002. Медеуде.

ТОЙДАФЫ ЭКСПРОМТ

Әкеге тартып үл туса,
Құдайдың елге бергені.
Анаға тартып қыз туса.
Құт, береке ергені.

Ескендірдің жақсы ұлы.
Озінен ешбір аумайды.
Ағысын әсем тапты үні,
Қосылып бірге заулайды.

Диплом бойға сеп кілен,
Тірекке жүрек сенеді.
Сұлу қыз алу деп білем,
Біржанға дереу керегі.

16.08.2002. Медеуде.

ТОҚМУХАМБЕТ САДЫҚОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Бойынан жылы ескен нүр,
Құрдастым, досым Ескендір.
Базар да базар болды ғой,
Қызықты көніл шолды ғой.
“Газик” деген машинам,
Тозбайтын көлік болды ғой.
Ортасында екеуміз,
Ішіне қыздар толды ғой.
Жас күнде лаулагп жанып ек,
Ойранға талай салып ек.
Мен рольде, ол төрде,
Қызды ауылға барып ек,
Қонып та талай қалып ек.
Жұлдызға жеттік аспанда,
Біздерден қыздар қашқан ба?

Ескендер-аяу, сектетті,
Айтты деп, сасып жасқанба.
Той болып жатыр қосында.
Шолпан да отыр осында.
Болған іске берік бол,
Дарикодан шошынба.

Жас Біржан біздің асыл күс,
Тен-күрбынан асып түс.
Сонынан сенің қалмасын,
Таласып мың-мың ғашық қыз.

Сән берсін әнің өмірге,
Нұр сепсін әр-бір көнілге.
Жарқырап жансын жүлдізың,
Туган ел аспан-көгінде.

16.08.2002. Медеу

РАҚЫШЕВ ХАМИТТИҢ АЙТҚАНЫ

Еркелік берген күштің де,
Ретін Біржан білетін.
Стөлдің асты-үстінде,
Жасқанбай жортып жүретін.

Жасынан ерке болды ерек,
Қызыққан іске тоймайтын.
Ақыры болды сол тентек,
Пианинода ойнайтын.

Әуенді жатық әсерлі,
Әуелі өзі жаттаған.
Сол мінез өнер әкелді,
Әкенің жолын сактаған.

Тентегім бүгін жетілді,
Тетігін талты істің де.
Стөлге шыққан секілді,
Онердің жұрсін үстінде.

16.08.2002. Medeude.

ЖАҢЫЛ ЖЕНГЕМІЗДІҢ АЙТҚАНЫ

Балаларын ауылдың желкесінен түйетін еді,
Бүкіл ауыл қыздарын беттерінен сүйетін еді.

Бозбала күнде Ескендір,
Сал-серілерше жүретін еді.
Айы туды онынан жүлдізы туды солынан
Бар қазактың қыздары қалмайтын болды сонынан.

Сұлулар елтіп елеңдер ән туды асқақ молынан.
Қыздардың бәрін құғандай Дағико шықты жолынан.
Ескендір де шап берді, босатпай екі қолынан.

Ескендірдің тамаша өмірде асыл арманы,
Құтты болды қолтыққа Дағико қызды алғаны.

Өзгелерді менсінбей, қасында мәңгі қалғаны.
Біржан келді өмірге өнерді өнер жалғады,
Құлыншак күннен құлшынып биікке ол да самғады.

Дипломыңмен қолында құттықтаймын Біржаным,
Үйленуді тезірек есіне сактал жүр жаным.

16.08.2002. Medeuy "Самал".

ДАО ДЭ ЦЗИННЕН**ЖЕТПІС БІР**

Ақылды адам ақыл жайлы айтпайды,
Содан болар оған ақыл қаптайды.
Ақымак адам ақымақтығын асқынтар,
Айтары сол - ақымақ сырғын жаттайды.

Ақылды адам кейде өз бабын таппайды,
Ал, дерт шалса жан тілегін ақтайды.
Сондыктан да тез сауығып кетеді,
Дертін білген денсаулығын сақтайды.

РАУШАНГҮЛ

Раушан гүлдің алаулап жанғанын-ай,
Рауан нұрын төгіп түр жанға құдай.
Қызыл ішік жамылған қызыл кеште,
Сұлу қыздай баурады қызыл шырай.

Бой қыздырды алаулап қызарғаны,
Бұлқынып түр қыршын жас ізгі арманы.
Гүл желбезек бүлдіршін жұз құбылды,
Жел сүйгендей қызық-ау, із қалғаны.

Көкірек жарды исі аңқып құлпырғаны,
Үлбіреп түр үлпікер сылқым тәні.
Тұншыққандай талықсып, талмаурады,
Тіл шыққандай құлшынып ынтық жаны.

Сыйлағандай раушангүл бір көруді,
Жаутаң еткен мезетте жыр төгілді.
Таңғажайып тамаша тамылжыған,
Қандай рахат бір көру гүл-өмірді.

31.05.2002

САЛТ ҚАМШЫ

(Оралбай Жаубасовқа)

Бір жыл толса туғаныңа Оралбай,
Шыдамаспаз бар ағайын қол алмай.
Салт қамшыны сыйға тарттым мен саған,
Төрге іліп кой бақыт құсы қонардай.

Ұсынғаным сегіз таспа салт қамшы,
Салт қамшыны ата дәстүр салтқа алшы.
Жорға мініп, жолға шығып, Оралбай,
Қызды ауылға сен тезірек аттаншы.

Есті жігіт қамшы салмас қамысқа,
Қамшы серік аттансан да ғарышка.
“Кыз қуғанда” құстай ұшып жетіп бар,
Откір қамшы сүйеу болар намысқа.

Бәйге өрінде алға шығар атынды,
Сонда айқын көрсетерсің затынды.
Қас-дүшпанның басына үйір қамшынды,
Дос-жаранға болғың келсе татымды.

Сан сайыста топтан оздық, жеңдік те,
Қамсыз естік қамшымызға сендік те.
Беу, Оралбай! Берік болсын өз қамшын,
Сонда оралар серілік те, ерлік те.

Сұлу қамшы айтқызады жан сырын,
Жаксы келер қамшысы да жаксының.
Ағайын ел ұмытпайды еш қашан,
Киналғанда ұшын берсөң қамшының.

Қазақ болсақ қамшыны ырым қылайық,
Колдап жүр деп періштеден сұрайық.
Қамшы деген Маубасовты сүймейді,
Жаксы қамшы Жаубасовқа лайық.

КЕҢЕС ҮШБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

“Жезкийк”, “Бір ауыз сөз”, “Қайықтаны”,
Көп айтып жас жүргегім байыптады.
Аузынан ән төресін естіген қыз,
Құмартып мені өзіне лайықтады.

Айтушы ем “Жезкийкті” бала жастан,
Ән еді-ау, әр адамға дара дастан.
Естіген қыздар елтіп қалушы еді,
Бойымда ештемеге қарамастан.

Тамаша “Бір ауыз сөз” ән екенін,
Білген соң бір естуге зар етемін.
Толқытып, толғандырып айтып-айтып,
Сұлудан мен бірдеме дәметемін.

Сонан соң “Горкий паркі” көліндегі,
Кетуші ек саяхатқа көңілдегі.
Шырқаушы ек “Қайықтаны” еш армансыз,
Ең қызық мезет кешіп өмірдегі.

Осынау үш өлеңге құмар қанып,
Әндеттім тындағанға шырайланып.
Шіркін-ай, тірі қыздар кетпеуші еді,
Қасымнан ертелі, кеш шыр айналып.

22.08.2002 Алматы

ҚЫЗ ӘНІ

Басқа бақыт жүргегім талғамайды,
Көксегенім шын ғашық жанға жайлышы.
Алты айналып Ай, аспан кетседағы,
Жігіттері Көкшенің алдамайды.

Қайырмасы:
Сүйдім әнге салғанын,
Осы еді ғой арманым.

Есімде жоқ қасында,
Қалай жалғыз қалғаным.

Асқақ әннің баураса бал бұлағы,
Табылды ғой ансаған жан жұмағы.
Жігіттері Көкшенің шымқай сері,
Думан-тойдың қызығын жандырады.

Қайырмасы:
Сағындым деп өзгені қақсамайды,
Екі көзді ол жоқта жас қамайды.
Жігіттері Көкшенің сертке берік,
Сені жалғыз ешқашан тастамайды.

29.04.2002.

* * *

Өтіп бара жатыр ма сері кезең,
Таныса алмай қалдым-ау, сеніменен.
Жалт қарадың артыңа бір жылылық,
Кетті сонда жүрекке егіп өлең.

Жан екенсін ерекше албыраған,
Қос жанарың мың әуре салды маған.
Жарқыл қаққан жұлдыздай өте шыктың,
Бір сен болып бар әлем қалды маған.

Қызыл ерін ұмысынам гүліне де,
Елтіп қалдым Назды ерке үніңе де.
Топ ішінде тебіреніп толки бердім,
Сыр білдірмей сұқтанған біріне де.

Шыдап қалды-ау,
Үзілмей әрен демім.
Басылмай жүр әлі де әүрең сенің.
Айтқан сөзің ала жел көрінеді,
Атасаңзы кездесу дәлдеу жерін.

2002.

БІР СЫПЫРЫП ӨТЕТИН

Кей қаланың аты әнишіл үн берді,
Ақмоламыз Астана боп үлгерлі.
Кей қалалар атын жиі өзгертіп,
Әр заманға сай боларлық күн көрді.

Шын қазакы аты, жөнім оңалды
Патшагуар талай есім жоғалды.
Шетте жүріп елге жеткен секілді,
Тараздарым өз атына оралды.

Ал, Павлодар мұзғымай түр шертиіп,
Сыйлық емес “дар” дегені шер күйік.
Ақ патшаның бекінісі әлі түр,
Тырп етпестен едірейіп, мелшиіп.

Сан ойланып,
Қалай ғана кешесің,
Отпеді ғой оған айтқан неше сын.
Дана ғалым Сәтбаевқа ариған,
Бермегені батты сәнді көшесін.

Тағдыр осы өңменіңе жететін,
Әудем сәтте мәңгүрт етіп кететін.
Салт, санама сыйыспайтын аттар бар,
Кезі келді бір сыпрып өтетін.

Гәптін бәрі түпкі негіз затында,
Затын ойлар бар ғой берік хақым да.
Көшесі емес облысын атайдық,
Ұлы ғалым Сәтбаевтың атында.

ТОЙДАҒЫ ЖІГІТ ӨЛЕҢІ

Есім кетер шырқап салған әніңмен,
Бінгік болмау келмес менің әлімнен.
Жанарыңның жарқ еткені қыздырып,
Сүйем сені жаныммен де тәніммен.

Құштар жанның сұрағы көп болады,
Аңсан қүтер сен жанымның қонағы.
Кайда жүрсем көрінесің түсімде,
Жолықтырып тоқсан жолдың торабы.

Сағындырмай қояр емес тірі күн,
Айтқанынан қайтпас жанның бірімін.
Іздел тауып сүйіп, құшып кетер ең,
Білсең, шіркін, жүргегімнің бүлігін.

Ақ жол тосар күн де, тұн де, аспан да,
Кел. тезірек, іздел келші, жасқанба.

15.06.2002. Fabit aуылы.

* * *

Әз жаным жаралғандай ойлы өлеңнен,
Ұзак жыр алмасады шақ көлеммен.
Сыбырын көкіректің дәл айтамын,
Найзагай түсседағы қақ төбемнен.

Нарыққа бара жатқан қайыр сұрап,
Жүректі теседі еken арық-тұрак.
Ауылдың бағы ашылса жарап еді,
Қолында құрып кетпей айыр-тұяқ.
Шындықты шын жөптеймін Бірлік - деген,
Үмітсіз адам болмас нұр күтпеген.
Аш-арық тез азайса жарап еді,
Құлазып күдер үзбес тірлік сенен.

Түзелер елдің сиқы сәтін шолып,
Паш етер ақ тілекті хақым толық.
Ауылдың ауыр күйін жиі айтамын,
Әйтпесе неге ақын болып.

ТӨЛЕГЕН ДОСМАҒАМБЕТОВТЫҢ 60-ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫНДАҒЫ СӨЗДЕР

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

Бәрін салдың үлкенді, кішіні де,
Аумайды өкен хая-Ата пішіні де.
Хая-Ананы сал Төлеш алма ұстаған,
Сиқыр сырын молырақ түсінуге.

Бойы бүккы адамның ісі мықты,
Төлештің де талайды ісі жықты.
Ұзын тұра “дөкейлер” қалып қойды,
Бонопарты мұсіннің алға шықты.

ҚАМАЛ СМАИЛОВ

Нұргиса, Шота, Төлешпен
Сұлуды талай көре өскем,
Шишаны талай бөле ішкем.
Сәүірде туған тәуірміз,
Бір дәүірде тел өскен.

Қайырмасы:
Ахай, Айдөш-ай,
Қайда Ару пайдеш-ай.
Жаным құштар ғашықты,
Қалай жылдам найдешь-ай.

Халат кой деген шапанды,
Білемін Олжас қатаңды.
Шапан жабам Төлешке,
Үмытпай қазақ атамды.

ШОТА УӘЛИХАНОВ

Дүние неге тар еді,
Асаба неге зар еді.
Ертерек маған сөз тиді,
Асанәлі бар еді.

Не десем де жетеді,
Бәрі де құрмет жетегі.
Реңжи көрме Асеке,
Атағым зор ғой екі елі.

Ақ тілек арнап отырмын,
Бақыты жансын осы үйдің.
Көбірек сөйлеп кетпеске,
Жазғанымды оқимын.

Төлешке туыс ағамын,
Бір кештік өмір сабагын.
Айырбастан түскен демендер,
Арнайы шапан жабамын.

Төрелер нeden сасады,
Түзелді сөздің қасабы.
Төлеш жайлы Шот-Аман,
Баяндама жасады.

АСАНӘЛІ ӘШІМОВ

1.

Бей, достар!
Мен у-шуга өрмей тұрмын.
Ерікті бос сезімге бермей тұрмын.
Біздің Төлеш алпыска келді деген,
Хабар-ошар естіп ем, сенбей тұрмын.

Жап-жас әлі телміртер ғашықтарды,
Төлеш келсе алпыс та сасып қалды.

2.

Емін-еркін жетсе өргеге қосілген.
 Бір қалада өсіп едік дос іргем.
 Мен анаңа мың-мың алғыс айтамын,
 Арқасына салып жүріп өсірген.

3.

Төлештермен зор дәулет құраты елім,
 Тен жайладық туған ел құба белін.
 Мені өсірсе дүшіпаннын өткір сыны,
 Мен Төлешті аямай сынап едім.

Бәрі соның дөп болды,
 Шыққан биік көп болды.
 Ленинградтық өрен ғой,
 Мәнгі өлмestей оқ жонды.

4.

Гүлшара, Төлеш,
 Құтты болсын тойларың,
 Тап осындай зор болар деп ойладым.
 Өттөң дүниес-ай, бәрімізге бір-бір бюост,
 Әр столға неге арнап қоймадың?

АМАНЖОЛ ҚОШАНОВ

Қатар өсіп ұлы болған ініміз,
 Куанышын көргендердің біріміз.
 Сұлуларды мүсіндеуің ерекшे,
 Оны айтуға жете бермес тіліміз.

Бәрі білді үлкен-кіші жат елдін,
 Қазағыма көп мәртебе әкелдін.
 Келіншектерді сүйе-сүйе жүқарған,
 Жақсы салдың еріндерін Кәкеңнін.

БАҒЫБЕК

Оқу деген
Осірелі адамзаттың өресін.
Газет, журнал айтып жатыр төресін.
Осыларды оқымай-ақ қазағым,
Қайды барсан сен Төлешті көресің.

Көріктенді Есіл-Көпір кемері,
Әліби, Қаныш Алматыда сенері.
Ахмет-аға Қостанайда жебеді.
Көкінетауға, Семейге бар, бәрінде,
Оқшау түр ғой біздің Төлеш беделі.
Сәулет деген – көрсетудің онері.

Шыдамады ол сәбиді де бөлеспей,
Құтаймады дөкейлермен тең өспей.
Астанада шаптырып түр бір тентек,
Басты аланда гүл суарған Төлештей.

ТОЛЕУФАЛИ ҚЫШҚАШБАЕВ

Сіз бізге өте керексіз,
Өйткені, елден ерексіз.
Бірге болдым деп айтам,
Кеш келсем үйге себепсіз

Әр сөзіңіз киелі
Сыйластық бізде жүйелі.
Келіншектер ақылды-ау,
Сізді бәрі сүйеді.

ӘБДІСАДЫҚ ТӘТТИҚҰЛОВ

Құрдаспыз ғой
Ол маган сене туды,
Калмаймын – деп.

сонымнан ере туды.
Бір ай кештеу өзімнен жаратса да.
Қолда барын аямай бере туды.

Тез игерді өнердің әр қиясын,
Әр мұсіннен ақыл мен ар жиясын
Бойы әлі де өсер деп
ұзын тіктік,
Құрметті академиктің мантиясын.

БЕЙІМБЕТТІ ОҚЫҒАНДАҒЫ ӘСЕРЛЕР

ҚҰЛТАЙ БОЛЫС

– Тоқал кетсе бәйбіше болар қыздай,
Онашада ол қалсын неге қызбай. –
Деді дағы тоқалын Құлтай болыс,
Төркініне жіберді неке бұзбай.

Ойдағысы Ой, алла-ай, өтелмеді.
Тәтті балдың тандайда таты өлмеді.
Дәл бір апта өткен сон.
Шабарманға кешке шейін тоқалды әкел деді.

АУЫЛНАЙДЫҢ ЖАУАБЫ

Шолақсайға жаңа келген ауылнай,
Өзеуреді ансал жеткен бауырдай.
Тұн ішінде Рәзияның қойнына
Кіріп кетті бүйірі қызған жауырдай.

– Беу, ауылнай,
Алдиярым мұның не?
Жөн бола ма тығыз науқан күнінде, –
Деп келіншек саясатқа салғандай,
Зіл естілді тіл бөгелмес үнінде.

Сонда ауылнай білмей қалып не дерін,
Жониселетті себебі мен дерегін:
— Қой, Рәзия, тату-тәтті болайық,
Осы дең біт колхоз құру дегенің.

КЕМЕЛБАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

Қой, карагым,
Көз алдында жұлқынбай,
Менен кетті осы құнде сылқым жәй.
“Әйел ерді азғыратын өзәзіл”, —
Деп еді ғой бір кездерде Мырқымбай.

Қос жанарың суда ойнаған құндыздай,
Азғырып түр қоймас мойын бүргышбай.
Екі анарың тепсініп түр тырсыиپ,
Ақ төсінді тар кейлекке сыйғышбай.

Осы ма еді қызықтырғыш келекен,
Ақ жүзінді көріп кетті берекем.
Ақ тұлқідей сылаң қағып өткенде,
Жан шыдатпас сүмдық мүшен, көп екен.

Қой, карағым, қырындармай кейін кет,
Тесірейдің кай жерімді бейімдеп.
Өлең етіп бүкіл елді құлдірер,
Естіп қалса ақын ағам Бейімбет.

МЫРҚЫМБАЙДЫҢ ТАСҚАРАФА АЙТҚАНЫ

Тасқара мұрның таңқы, ернің көнтек,
Жалпиган майға пісіп бетің шелпек.
Нұсқының ишандыққа келіспейді,
Қыршанқы көрініп түр жебір, тентек.

Ыңакор сенен шатақ жан аспайды,
Зәһәр су исінен жұрт аластайды.

Тасқара, ишан емес, ауыlnай бол,
Тағыңа сенің ешкім таласпайды.

Шын ишан иман жүзді көркем екен,
Мейірбан пәк қылышын көрсөң екен.
Ауыlnай болсан шошып түрлательнан,
Болыс та сырттай үркіп еркелетер.

Жалының жау шошытар өртке жетер.
Озбырсын бармайтығын сертке бекер.
Әгәрки сен ауыlnай бола қалсан,
Жын-шайтан жерден шошып көкке кетер.

ТОЙФА КЕЛГЕН МЫРҚЫМБАЙ

Тойға келді Мырқымбайым мырс етіп,
Төрде орынға таппақ болды мың тетік.
Жұмысы жоқ адамдарша дәлдуде,
Сырт айналып кете барды жүрт өтіп.

Онері жоқ сенім ақтап жарытқан,
Сайланғанда мықты да емес шар үтқан.
Алау-жалау кезде ұжымы бастық қып,
Үйғарыпты жөн табар деп нарыктан.

Жігіт еді бір “жилкасы” бар деген,
Енді қош бол. Іштен тепті тар белен.
Жалпы көптің барын жалқы таратып,
Ол ойнап жүр ұжым сенген арменен.

Жылпостыққа ашық көшіп жүргенде,
Ашық-тесік бір саңылауын білген бе.
Бетіне айтып жауы түгіл, достары,
Шек-сіленді қатырады күлгендे.

— Неге өзгелер оны тастан төрледті.
Ол ұжымды неге өзгедей көрменті? —

Деп бір “мықты” Мырқымбайды жақтады,
Корпесіне қоса төсеп жөргекті.

1994.

АВТОБУСТА ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕНДЕР

Бастады ма баяғы екпінділік,
Автобуска көшеде кеттім мініп.
Аңсал жеткен көреін Алматымды,
Дабыл қақпай, жар салмай еркін жүріп.
Жылы қантар. Жұқа қар жатыр еріп,
Бәйбінем жүр ақжарқын қасыма еріп,
Шетте жүріп шеп бұзбай жаттығып ек,
Бергені ғой құдайдың басыма ерік.

* * *

Жарқ еткендей толық Ай бұлт шетінен,
Сүм жүректі ай қабақ үшке тілген.
Бір сұлуды тамаша қалдым байқап,
Иін тірес, карбалас жүрт шетінен.

Сәл жымыып, келіншек мұрны күлді,
Ақ жүзінде шық-маржан нұр жүгірді.
Кете бардық сыйысып, сыйылысып,
Су жоргадай автобус зыр жүгірді.

* * *

Беу, тағдырым! Тұсінбей күлесің бе,
Жастық шағым елестеп түрдү есімде.
Бір інішегім үйықтал түр
Қамалғандай
Тұні бойы махаббат түрмесінде.

Үйқысы да қатты екен қызықтырған.
Бүркырап түр бойынан қызық думан.
Жігіт екен бүйра шаш, ксне сары.
Қыз жүрегін сұлу мұрт бұзып түрған.

* * *

Аз емес қой, өудемде алған сабак,
 Жалғанды гой іздемпаз жанған талап.
 Кіріп келді жас ару
 “Проездной” – деп,
 Жалбарынып, құлімдеп маған қарап.

Шындықты айтсам тәнірден тиер сауап,
 Құр дүрсілін жүректің қайтем санап.
 Түсіне алмай сырына өлгі сөздің
 “Приезжий” деп қысқа бердім жауап.

Кеткені ме бүлініп заман тегі.
 “Қиналмаңыз бәрбір маған” – деді.
 Шошып кеттім. Бұрқ етті бүршақтанып,
 Шықтай жүрген маңдайдың арам тері.

* * *

Афродита сілтей ме маған карай,
 Бір қара көз өтпейді қарайламай.
 Құрбым құліп қараса от сезіммен,
 Мені ойланта береді аппақ самай.

Махаббаттың құдайы алдасын ба,
 Тым ғашықтар көп еken Алматыда.
 Қызың мен жігіт сүйіссе үяламын,
 Жүргендей бол Мәскеудің Арбатында.

* * *

Жан үшқыны аймалап,
 Отті ақырын жәй қарап.
 Жүзі раушан арайлы,
 Кетті өлті ай қабак.

Қайта оралған көктемдей,
 Бойға ләzzат сепкендей.
 Бұлбұл жанды дидары,
 Жанарымен өпкендей.

Ақ мандаіы нұр септі,
Көңіл төрін түрлентті.
Кімге, қалай айтайын.
Көшеде тапқан бүл дерпті.

* * *

Сұктанды деп жоқ жерде,
Такпа сынды.
Бәтен ойдан аулақпын жаттасынды.
Қызықласын құр бекер – дегендей боп,
Ашық ұстал келемін ақ шашымды.

Желе, жортып автобус тоқтағанда,
Келіншектер көбейді жортқан алға.
Тостаған көз көрер ем
томсарғанын,
Дәл алпысым күні ертең соқлағанда.

* * *

Осы екен ғой ауылға келдік – деген,
Жол-жөнекей пенде жоқ сергітпеген.
Қысылтаяң кезеңнің қызығын-ай,
Құбылыстар қаулайды мен күтпеген.

Сала берем сақина сау басыма,
Откен күндер өуреге салмасын ба?
Көзге таныс өсіп түр алма ағашы,
Қоршауы зор, бәтен үй ауласында.

Қар басыпты. Есен-сау тұрсын – дедім,
Естілген жоқ ешкімге құрсінгенім.

* * *

Оралып көзге көктемдер,
Келеді жолды барласып.
Көрінбей көзге кеткендер
Откендей болды жалғасып.

Жаураған сәтте жылтыып,
Әкеттім орап көнілге.
Сұлулық сырын ұмытып,
Не тындырам өмірде.

Алғыс көп тұнық бастауға.
Бастаулар көп қой бергенін,
Откенді сызып тастауға
Жетпейді әлі пенденін.

* * *

Міне, таныс бір құрбым мініп жатыр,
Көзі нұрлы, жүзі ыстық, тілім татыр.
Тақап қалды. Есімде бір жиғдым да,
Есендескен шығардым үнімді ақыр.

— Сыры кетсе сыны сау қыр гүлдері, —
Деп мактаймын құрбымды, білсін нені.
Ол жасында ақ бота секілді еді,
Жаным ашып, жүрегім дүрсілдеді.

Білмені, тағдырдың білгені ме?!

Шыққан екен айтулы іргеліге.
Өкінбеймін.
Тек қана ішім күйді,
Құрбылардың кемпір бол жүргеніне.

* * *

Кірді ақсақал ойнаған күн көзінде,
Парасат бар керімсал мінезінде.
Сәлемдестік. Отырды қара шаңырак,
Жарқыл қағып бөркінің күмбезінде.

Тез бастады тебендеп тіл өрнегін
— Құтты болсын! Өнің жас өзгермедін,
Төле биді жаз енді! — деп тепсінді,
Мен не дейін? Есен бол көз көргенім.

Түсіп калды.
 Келтірмей тілге мені,
 Көп інілер тыңдаپ тұр іргедегі.
 – Қос кеменің болып ең жетекшісі,
 Таста, – деді біржола бір кемені.

* * *

Әне бір топ тағы да кіріп келді,
 Үбір-шұбір өзара іріктелді.
 Көзбен атып әшекей ару отыр,
 қайрағандай шибөрі шіріктерді.

Біздің жаққа үмсынды сеніп бекер,
 Сикырын-ай, әп, сәтте ерік кетер.
 Қырықпенен елудің арасында,
 Қалды желік сондайға еріп кетер.

* * *

Бір құрбыымды тар жерде білмесін - деп,
 Отे шықтым бұзылмай үндесуге.
 От сезімді ойлы ақыл қолдамады,
 Баяғыдай жөн сұрап тілдесуге.

Көніл ептеп сол сәтте налып па еді,
 Не демекпін оралса танып мені.
 Көрші ауылдың қызы еді көркі базар,
 Көкейімде бір нүкте қалып па еді?!

Үлдесі мен бәсім жок бүлдесінде,
 Сұлу өні жоғалмай журді есімде.
 Ең ақырғы көргенім осы болып,
 Осы болып соңғы арнау жүрмесін де.

* * *

Үш қарындас бір жерден орын берді,
 Бір сүйкенбей өте алмас жолым келді.

Өлең жазып отырдым,
Ойсыратгай,
Көптен бері көрмеген момын жерді.

Омір қызық тәуелсіз астаналық,
Жаяу жүрсек тастамас тақтан алып.
Бір шумақтың буына қызып кетсем,
Үш қыз кетті бір өлең жаттап алып.

* * *

Үш қыз кетті. Жанымды күйік шалды,
Мен не дейін, айналам сүйықталды.
Соны аңдал қалды ма?
Бір қара көз,
Жұрт көзінше бетімнен сүйіп те алды.

Шоқ тигендей екі бет күйген еken,
Тұскенім-ай,
Ұрыншақ күйге бекер.
Топ ішінде, япырмай, бұл кім? – десем
Байқап тұрып бәйбішем сүйген еken.

– Не бол қалды?! – дегенде
– Сүйінгенім,
Жолда ұзак журдім, – деп күйінбедің.
Қыз-қырқынға құлшынып көңіл бөлмей,
Ұнап кетті өленге үңілгенің.

Шын ізгілік ақынның досы еken ғой,
Қызығын-ай, тар жердің көрсетер бой.
Алғаныма тағы да бір қуандым,
Ақылды әйел - дегені осы еken ғой.

* * *

Қанық болдым Абайдың көшесіне,
Жолдың таныс емеспін төтесіне.

Орын берген қарындас
Егде – дейді-ая,
Жүргегі жас өлең-жыр бөпесіне.

Алпыс қырқа жайнады жаңа тауым,
Жылдар көшін жүрекке санатамын.
– Сыр берме деп алыстан қол сілтеді.
Басы аппак, өңі жас Алатауды.

* * *

Астананың таңдансан үйлеріне,
Душар болдым тасқын жыр түйдегіне.
Мені тосып сыланған арулардай,
Сүйсінемін ақ желкен күйлеріне.

Бір үй көрдім келбеті төккен жылу,
Касын керді,
Жараспай текке тұру.
Алатауға қарайды төркін елін,
Сағынғандай жас келін ерке сұлу.

* * *

Көшелердің құмартсам ағашына,
Екі көздің тойдым жоқ таласына.
“Жезқиікті” үйретіп бір шал отыр,
Баласының ұғымтал баласына.

Қобалжыздым көргенім жалғандай бол,
Тебірендім жан рахат алғандай бол.
Бала сөзі бауырмал елес берді,
“Жезқиікті” бір көріп қалғандай бол.

Ой түйдегі толқытып барды әріге,
Рахмет айттым ішімнен бар кәріге.
Өз күнім де осындаидай, немереме,
Тіл үйретіп сүйсінсем бал, дәріге.

* * *

Көп жыл өтті, шіркін-ай, көрмегелі,
 Қала ғажап суреттей көрмедегі.
 Асықпайды көлігім жиі тоқтап,
 Коннедегі жоқ екен термегені.

Әнә кірді бір таныс жеңешеміз,
 Ойлаң едім-деп үзак кеңесерміз.
 Танымады.
 Таныссам айтқан сөзі;
 – Кәкең біздің тап сіздей семіз емес.

* * *

О, ғаламат! Осы ғой анық сезім,
 Еске түсті сылтығыр арық кезім.
 – Тым жүдеусің – деуші еді
 Жас қунімде.
 Тілі у-дай жеңешем танытты өзін.

– Ойбай! – деп танып қап бәйбішемді,
 Қайта қарап барлады әр мүшемді.
 Тоқтағанда:
 – Үйге жүр, айыбынды ал,
 Кеңесейік – деді ол – ал, түс енді. –

Рахмет айттық. Естіліп қалды сөзі:
 “Құлдыры құймақ, сылдыры шәй, өлдір өзі,
 Қалдыры тілек, алдыры ақ, қандыры құмар”, –
 Дегендей бол жайнады мәлдір көзі.

* * *

Әйел көрсе қалды - деп, ғашықтанып,
 сын тағуға ағайын асықпалық.
 Фаламға айтпас жан сырын қаламға айттар,
 Ақын деген жүргегі ашық халық.

Жүйірік көңіл озғаны көк доненинен,
Сүлу көрсем рас тез онғанем мен.
Бір гажапты өмірде танымасам,
Қоңытасардай корқамын онды өлеңмен.

Қазак көрсем Мәскеуде қуанатын,
Ғадетім бар - бір сөзге сұранатын.
Енді түрмyn дос-жаран ортасында,
Кездескендей елде бар жұрағатым.

* * *

Бірге оқыған Мәскеуде әріптесім,
Білмеуші еді қазақтың әліппесін.
Судай таза сөйлем түр өзімізше,
Соны көріп танданып танылты есім.

Екі көзі айтып түр екі өмірді.
Сыр бермедім - деместей неге күлді?
Төбем көкке жеткендей қуандым ғой,
Қазақша айтса сұраған керегімді.

* * *

Жолықтыраар талай сан думан бізді,
Ұмытайын соңымнан қуған ізді.
Ол студент кезінде қарамайтын,
Болыпты өнді бауырмал, иман жүзді.

Сырын айтты жүргендей азап болып,
Киналып түр көкірегін қажап, жонып.
Қызы орысқа шықса да
Мен қуандым.
Қалғанына өзінің қазақ болып.

* * *

Сүйсінсем де қаланың құтіміне,
Құмарласам да ақ сарай бітіміне.

Тапқым келіп бір амал толғанамын,
Көшелердің көкпеңбек тұтініне.

Көңіліме өзгеше төгіліп сыр,
Шошындым да кетердей бөлініп жыр.
Көк буалдыр исі де түшкіртеді,
Күн нұры да көкшілдеу көрініп тұр.

Алатаяулар аспанмен таласарлы,
Тұтін басып қөзіме алласарды.
Экологпын өзімді сөктім қатты,
Қара құлғін жаныма жара салды.

Көшелердің толғантса “көк жаулығы”,
Көкей кесті адамның денсаулығы.
Жұрт білмейді – демеспін,
Бұл да ескінің,
Табиғатты қорғауға енжарлығы.

* * *

Автобуста сөз талас салмағына,
Таңданамын ой тастап алдағыма.
Үйір-үйір тайталас даурығады,
Кіци бар-деп қарамай жан-жағына.

Отыргам жоқ көшеден хабар жайып,
Естігенді жыр етсем болар ма айып?
Горбачевты талқандап бір қарт отыр,
Мақтағаны Ельцин мен Назарбаев.

Кейбір сөздің суыртпақ үзігі көп,
Жұмбак, таклақ сөз де бар қызығы жоқ.
Керегені кергіштеп біреу отыр,
Шаңыракқа әлі де қудігі көп.

* * *

Қуанамын көріп ел бостандығын,
Олең етсем – ол тілек қосқандығым.
Бір қарамай ешкімге

бір қыз отыр.
Тұманбайдың құшактап кос томдығын.

Қарашықта қызы-көніл терезесі,
Жол болжауға кейде әрен қеледі есі.
Қарындастан сыйырлап айтқым келді,
Қожан атты туды – деп немересі.

* * *

Алматыға біз келген құні туған,
Осы бала мен үшін ірі думан.
Әдейі жазып отырмын естілсін – деп,
Тұнғыш рет туманың үні жырдан.

Қарындашың Тұманбай жатыр үштап,
Білем өртөн қосылар шабыт қыстап.
Жақсы болды туғаны Қожан-бала,
Соғыста өлген ағаның атын үстап.

О, жылдарым! Жігінді құрт үзбеші,
Жайнай берсін мен құштар жұлдыз көші.
Осы бала жасымен есептeler,
Елге оралған ақынның құнтізбесі.

* * *

Әйелдер түр
Талқылап заттың құнын.
Келі майға төлелті аттың құнын.
Бір келиншек сөмкесін сөрелетіп,
Айқындалап түр күн көріс нақты сырын.

Табындырып сөзіне жалпы көпті,
Ауыр кетті. Татқан гой тауқыметті.
“Қатты шағар аш маса” – дегендейін,
Ашық жара қозғады қалың дертті.

Айтыс, тартыс көл көсір базарында,
Сонғы хабар бәрінің назарында.
Автобустан түстім-ау.

Қайнап пісіп,
Тұздығы аңы саясат қазаныңда.

* * *

Аз уакытта өткердім сан өткелді,
Әрбір өткел тың ыргақ құрап берді.
Тыныс таптай, тіл қатпай суреттедім,
Көз алдында жарқ етіп, дір еткенді.

Сана қозғап талай сыр сабақталды.
Біз кеткенде талай көз қарап қалды.
Көп жолаушы кетсе де өз жөнімен,
Кей ағайын ізімді санап қалды.

* * *

Айдақтатып өтуші ек машинамен,
Көп тартыстан қорғадым басымды әрен.
Жаяу жүріп жалаңаш өмір көрдім,
Олең өрген жүректе тасиды әлем.

Қысқа жолда аз емес үйренгенім,
Ескі сарын көнетоз күйді өндедім.
Қонақ үйге тез жеттім.
Жаксы болды.
Алматының қызына үйленгенім.

* * *

Үйір қостым айтулы, санаулымен,
Құр емеспін өмірге жалау күннен.
Бәрі де жөн.
Шындықты білгің келсе,
Ең дұрысы – осылай жаяу жүрген.

МАЗМҰНЫ

Лифтідегі сұлу	3
Ең алғашкы өлеңдер	4
Операдан ария	4
Жездемнің сыйы	5
Кызыл арша	6
Қудаша	6
Бұллірген	7
Бұл сайраның қай сайран	8
Жазыкты фотоаппарат	9
Қыңырылым	9
Не керек?	9
“Кетші әрі”	10
Жидегім	10
Қарымта	11
Суретшіге сауалым	11
Оразбекке	12
Сыр анықтау	12
Байқап қырын інішегім	12
Әлей болсын!	13
Сәтбаевтың бір сөзі	14
Бәйбішем үрісқанда	15
Ауылдас қыздың сөзі	16
Бәшпай жапқан	16
Бажама	16
Жағымпазға ескертпе	17
Сұрақ пен жауап	17
Тың жауап	18
Көрініс	18
Шайхсламның айтқаны	18
Сері күндер қайдасын	18
Сыншының өкініші	19
Әзілге әзіл дәл келді	19
“Тасушы еді бір бастыкты “көкелеп””	20
“Үқтим ақын әзілін”	20
Бажалар мен балдыздар	20
Құда келді	21

<i>Болашақтың үйінде кітапқа жазылған олеңдер</i>	23
Алмахан атты құдаша	23
Дәм үстінде	23
Кешкі киял	24
Тіл тежеуге не керек	24
Тоқсандағы толғаныс	25
Койбағардың әулеті	27
“Мұқаштың әңгімесі”	27
Курортта	29
Балдызыма	29
Ойым қызық	29
Бауыржан мен таксист	30
Кездесуге шакыру	32
Махбуба	32
Қыздардың қызғанышы	33
Қара шалбар	33
Нар тәуекел	34
Өмір сыры	34
“Ұрғашы үйрек жас үсын көздеген”	35
Қойшы ағайдың айтканы	35
Кітапхана біздің үй	36
Достық әзіл	37
Даналыққа таңдану	38
“Калың іске қара басым көміліп”	38
Қайырылмай кетпесін алма мойын	39
Француз әзілі	40
“Қызық қой болашак”	40
Ерке қыз	40
“Ару жықтай тілекті”	41
Ескерту	42
Күйкінің өлімі	42
Биллиарды келіншек	42
Бір алманы екіге бөлмейікші	44
Мода және модельер	44
“Токта!” деме	45
Шайтан алғыр	46
Қырғыз қызы	46
Қырымдағы тамаша	47
Пушкин күндерінде	48
Әбділданың сөзі	49

Немерем туған күні ескерту	50
Жігіт әні	51
Лауазым	51
Жасыл шам	51
“Немеремді құшқым кеп”	52
“Сағынышын Мәскеудің орманындаі”	52
Ата бойдым	52
Қымай тұрмын	53
Афродита	53
Куаныш	54
Жана тұрі тәртілпің	54
“Қызығар сұлу көрсө өліп-талып”	55
Қудашама жауабым	55
Бір мінезің	55
“Мадам Батерфляйға”	56
Даукес кемпірдің қызына айтканы	56
“Тұнде де бар күндіз бар”	57
Қос құдағи	57
Бибігүлдің жауабы	58
Қыын жері өмірдің	58
Сәтсіз жігіттің өлеңі	58
Аталақтың амалы	58
Окініш	59
Альбомға	59
Шыдашы	60
Бәйбішемнің арманы	60
Қоршаған орта колдаса	60
Кім Мыржықтың құндындықтары?	61
Бәйбішеме тілегім	61
Немерелер	62
Көрімдікке, құдағи не бересін?	62
Мұрның күліп	63
“Аға” – дейсің	63
Әнүәрбек Байжанбаевқа	64
Құрбыма	64
“Құдай атқыр”	65
Сезім	65
Сенгенім бар	65
Төлеген Досмагамбетовке	66
Тапқыр келіншек	66

“Обал-ай”	67
“Қара етіктің өкшесі сере қарыс”	68
“Бұзыны отер”	68
Жабық сыр	68
Немеремнің сақтығы	69
Сен келсенді	70
Күштарлық	70
Досымға жауап	70
Расул Гамзатовтың жауабы	71
Құдашама	71
Ақынның айткан дерегі	71
Сактық	72
Заманың түлкі болса	72
Тарихи шындық	72
“Жасырынба”	73
Бірінші сәуір күні	73
Озіме айткан кеңесім	74
Женешем аты - Қамажан	74
“Ақ диларын бір көріп”	75
Бөрінен де	75
Күлзияның айтқаны	76
Зейнекешті көргенде	76
Қалымтайдың бастығына айтқаны	76
Дихан-ага жауабы	77
Жас ақынның сұрағы	78
Хамит-ага айтқан сөз	78
Экономистің ақылы	78
Қос бұрым	79
Осекшіге	79
Жаңалық	79
Нарық-қызы	80
Қарабауыр қасқалдак	80
Жаркенттегі қудаша	81
Құдаша неше жылдық болады екен?	82
“Адам сүйер өзінше әр баласын”	82
Ауладағы көріністер	83
Орынбекке	84
Үміттену	85
Алты жасар аттасымның өлеңі	85
Сүндөт той	86

Биағама тың хабар	87
Алпысым	88
“Қалын іске кара басым көміліп”	89
Әбділдәнің Файнекенге алғысы	89
Автопортрет	90
Мені іздеген	90
“Дос едік-ау”	91
“Мадонна Литта”	91
Ашық серт	92
Лораның айтқаны	92
Тығылмақ	92
Театрга жаңа келген директор	93
Билеп едік	93
Реформатор министр	94
Тентек Оспан	94
Жүргегіме катал сын	95
Осы қыз	95
Коркыту	96
Кел бері	96
Марат Нұриевтің айтқаны	97
Жастық шағым	98
Озгеріс	98
Ақынның кейбір кездері	99
Наталья Николаевнаның сөзі	99
Әйелдердің мінезі	100
Достарымның айтқаны	101
Кекесін	104
Сықақ	104
Мазак	104
Келемеж	104
Әзіл	104
Кларага	105
“Сіз” деген де, “Біз” деген	105
“Сен” дегенде “Мен” деген	105
Махаббат “бері кел” десе	106
“Сойлемеймін десем де сойленемін”	106
Семейдегі құдағи	106
Бір бастықтың фәлсәфасы	107
“Темекі құмар едім түтініңе”	108
Ақын аға айтқаны	108

Құрбыларым	109
“Сені көрсем жаным шаттық құралы”	110
Қыргыз қызының айтқаны	110
Тойдағы есеп	111
“Алансыз мен де серпілдім”	111
Шымкенттегі келіншек	112
Ауылдан келген құданың батасы	112
Рыскүл құдағиға	113
Касым Қайсеновтың сөзі	113
Сейілбек Түгелбаевтың айтқаны	114
Құдашаның биге шақыруы	114
“Тұнде күміс”	115
Жылқы жылы	115
Сағындық Кенжебаевтың сөзі	115
Тұрғанбек Қатаевтың айтқаны	116
Тойдағы экспромт	117
“Тарпан заман ұлы едім шалкандаған”	117
Арызым	118
“Сырғалым- ау, сырғалым”	118
Калымтайдың айтқаны	119
Қайтеді	120
Орташаға	120
Орташаға лебіз	121
Әкпелеген қарындас	122
“Поэзия орташаны сүйіп пе?!”	123
Мұбәрәк ініме	123
Экспромт	124
Сағадат Нұрмагамбетовтың сөзі	124
Женешеме өсінет	125
Сары - Ағашта Шымболат	126
“Сары - Ағашта сәт кандай”	127
“Сары - Ағашта сары күз”	128
“Сары-Ағаштың Вюветі”	128
“Сылдырын естіп бұлактың”	129
Ерен ерлік	129
Қойши әғайдың айтқаны	130
Ақын сөзі	132
Марфуга берген кітаптағы сөз	132
Нариман Қаражанның айтқандары	133
“Оқжетпес” пен Ескендір	134

Шуға келдік	135
“Тан алыс”	135
“Еріңдерін сүйісуге жаралған”	136
Шәкірге	137
Экспромт	137
“Тойғанын айтып не демек”	138
Балым құдағига	138
Тойдағы сыр	138
“Досқа дос жақсы корғанбыз”	139
Альбомдағы сөз	139
Париждегі серілік	140
Құрдастықтың қысымы	141
Махтайға	142
Шәкірге	142
Булонның орманында	143
“Жақсы иттін күшігін”	143
“Адам бойда әр мүшеден нәр алған”	143
Аманжолдың айтқаны	144
“Кейде мен көп ойланып отырамын”	144
Қалтайдың дәрігерге ренжүі	144
“Ертістін түбі құмдақ жалтыр екен”	145
Шәкірдің қарындастының айтқаны	145
“Жайқалған жасыл сайдагы”	145
“Нарықпенен халықта санасар бар”	146
Сәлім ғалым болғанда	146
“Сағынышым толқуын түр жасырмай”	147
Сәлімжан Құнанбайдың айтқаны	147
Жұз тенге	149
Бошай Қітапбаевтың айтқаны	150
Кім асай	150
Ескендірге ескертпе	151
Табысым	151
Көңіл ашар	152
Егделік	152
Шәкірге	153
Көпенге	153
Бәркің-ай	154
“Озіне қарсыласты ар жактағы”	155
Қажымұраттың айтқаны	155
“Жетіммін жігіт демейді”	156

Қаудырдың айтқаны	156
Сағындықтың сөзі	156
Ұзынағашта	157
Кек тарап	158
Дариконың айтқанына косымша	158
Бошайдың сөзі	159
Ахметтің айтқаны	160
Нариманиның келіншекке айтқаны	160
Экспромт	161
Самалеттегі экспромт	161
2000-жылғы наурызда	161
Зәрубай Әбілевтың айтқаны	163
Егделік	164
Тығылмак	164
Шәкір ағайдың айтқаны	165
Мәруа - апай	165
Ахмет аға айласы	166
Тірідей көргім келеді	167
Бағдат кыз	168
Экспромт	168
Сері кыз	169
Нағима	169
90-шалдың айтқаны	170
Жанатқа айтқан құпия	171
“Жақсы күн жақсы айды”	171
Махтайға	172
Экспромт	172
“Тойғанын айтып не демек”	172
Ормандағы диалог	173
П.А.Вяземскийден	173
Қикарлық	174
Жақсы күн жақсы айды	174
Рас екен	175
Сәкеннің қаклакылы	175
Серік Оспановка	175
Экспромт	176
“Беу, ақылды, ардакты жамағатым”	176
Ф.В.Булагинге эпиграмма	177
Фотийдің Орловамен әңгімесі	177

“Руслан Людмила” поэмасының рецензентіне эпиграмма	177
П. Га Лермонтовтан	178
Мадригал	178
K***	178
Наполеонның эпитариясы	179
Н.Ф.Иванованның альбомына	179
“Соңғы үйқыға аттануға қамдаңым”	179
“Біреуді мен де сүйіппін”	180
“Сүйкімдісің жек көргө бармасын”	180
“Тәңірек үнсіз - толған Ай”	180
Эпиграмма	181
Мадригал	181
“Ешкімнен ләzzат жок ізгі”	181
Сонет	181
Ақын	182
K*** (Шиллерден)	182
Вольтерден	183
Эпиграмма	183
Үкілі Ыбырайдың абактыда қалған сөзі	183
Ұсақ арман	185
“Теке тартыс төбелесті таңдайын”	185
“Ақылдылар үндемей”	185
Супер-аксақал	185
“Фибрат алсаң әлемдік ғұрыптардан”	186
Озгеріс	186
Ескендірге ескертпе	187
Сөлкебайдың жайнаған үстін көріп	187
Эпиграмма	187
“Біздің Бағлан ұялшак”	188
Қалымтайдың айтканы	188
Сырым Хабиевкес	188
“Жазасыз ба сіз де өлең”	189
Қайтадан орал құшакка	189
Экспромт	190
“Ошірмей құтты іздерді”	190
Сыр-ағаның “ашуы”	190
Жаңаңық керек әйелге	191
Махмұттың атасының айтканы	192
Нариман Каражаннның айтқандары	192

Жетпісім	193
Ақынның диалогі	193
Қой, десем де қоймайды	194
Тайталас	194
Қайраттың шәкірт қызы ән салғанда	195
Біздін ауыл қыздары	195
“Елдес те еді”	196
Тыныштықтың сынғыры	197
Ғабенді сүйген еріндер	198
Той жалғасы	199
Үш женгем	200
Есенгелді құрылышының айтқаны	200
Ұмытпайық мұрттылар	201
Кос балтыр	202
Тамшы, там	203
Құдағиды құттықтау	203
Мен сені сағындым дедім ғой	204
Кенжегүлге	205
Құдағига	205
Қалтайдың жауабы	206
Көктемді көксу	206
Бір әншіге	207
Сұрағаның әні	207
Әниші келіндерге алғысым	208
“Жасайды біреу жүз жас”	208
“Білмеппін, ой, алла-ай, білмеппін”	209
Нұрия құдағига	209
Менің батам	210
Кос құдағи	211
Тыныш қана	212
“Мен Мәскеудің түбінде сен Мәскеуде”	212
“Кең көйлекпен қызық ең”	213
Ж...ға	213
Ұлытаудың құласы	214
Откірін-ай көзіңнің	215
Жолдағы экспромт	216
Тойдағы экспромт	217
Токмухамбет Садықовтың айтқаны	217
Рақышев Хамиттің айтқаны	218
Жаныл женгеміздің айтқаны	219

Дао Да Цзиннен

Жетініс бір	220
Раушангұл	220
Салт қамшы	221
Кеңес Үшбаевтың айтқаны	222
Кыз әні	222
“Отил бара жатырма сері кезен”	223
Бір сыйырып өтетін	224
Тойдағы жігіт өлеңі	225
“Әз жаным жаралғандай ойлы өлеңнен”	225
<i>Төлеғен Досмагамбетовтың</i>	
<i>60-жылдық тоғындағы сөздер</i>	
Кәкімбек Салықов	226
Қамал Смаилов	226
Шота Уәлиханов	227
Асанәлі Әщімов	227
Аманжол Қошанов	228
Бағыбек	229
Төлеуғали Қышқашбаев	229
Әбдісадық Тәттіқұлов	229
<i>Бейімбетті оқығандағы әсерлер</i>	
Құлтай болыс	230
Ауылнайдың жауабы	230
Кемелбайдын айтқаны	231
Мырқымбайдың Тасқараға айтқаны	231
Тойға келген Мырқымбай	232
Автобуста жазылған өлеңдер	233

Кәкімбек САЛЫҚОВ

КОҢДІ КҮЛКІ ҚЫЗДЫРАР

Кітап “УШ ҚИЯН” баспасының компьютер
орталығында теріліп, беттелді

Баспа директоры

Махмут ҚОСМАМБЕТОВ

Редакторы

Тұймегүл ИБАШЕВА

Тех. редакторы

Гауһар ҚОШҚАРБАЕВА

Суретші

Нұркелді ЕСЕНАМАНОВ

Терүре 14.11. 2002 жіберілді. Басуға 05.11. 2002 қол қойылды.

Пішімі 84x100 1/32 . Қарш түрі “Таймс кәт”.

Колемі 16 басна табақ. Тарапалымы 1000 дана Тапсырыс № 208

Ж.Ш.С. «Курсив».